

Регистрационный № 4188-Ж
Основан в 1997 году

№ 1, 2016 г.
Выходит 4 раза в год

Фылыми журнал

I. Жансұгіров атындағы
Жетісү мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И. Жансугурова

Научный журнал

Бас редакторы - главный редактор
Ә.Е. Бектұрғанов
ректор, доктор юридических наук, профессор
член-корреспондент Национальной академии Наук
Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор юр. наук, профессор,
член-корреспондент Национальной академии Наук Республики
Казахстан
А.Е. Бектурганов

зам. главного редактора – д.э.н. М.Т. Кантуреев
ответственный секретарь – к.ф.м.н. Е.Б. Мукажанов

Члены редколлегии:

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор
М.Ж. Малтекбасов – д.п.н., профессор
Е.Ш. Дусипов – д.ю.н., профессор
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор
Е.С. Андасбаев – д.т.н., профессор
Х.Т. Наубаева – д.пс.н., профессор
С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансұгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 004.942

ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИМДІЛІГІН АРТТАРУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Оразбаева Ә.А.

И. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Жаңа технологияның маңыздылығы – оның көптүрлілігінде және барлық саланы қамту сипатында. Сондықтан, ғасырлар бойы жинақталып, тұрақталған білім жүйесіне ақпараттық технологияларды ендіру қажеттілігі мен оны қолдану өдістемесінің аз жасалуының арасында қарама – қайшылық туындаған отыр. Анықталған қарама – қайшылық осы зерттелініп отырған мақаланың өзектілігін анықтайды.

Будущее нашей страны за прогрессивно – развивающей молодежью. Поэтому проблема освоения новых информационных технологий в сфере образования стоит в ряду первых в этой области. К сожалению, несмотря на большую потребность в применении таких технологий в образовании на практике мы сталкиваемся с проблемой недостаточной изученности методической составляющей данного вопроса. Это противоречие обуславливает актуальность данной статьи.

The future of our country belongs to progressive and advanced youth. That is why the problem of mastering new information technologies in the educational sphere becomes one of the most important. Unfortunately, despite the big demand for using such technologies in education, on practice we face the insufficient knowledge of the methodical component of this subject. This contradiction serves as a actuality of this article.

Кілттік сөздер: Жаңа ақпараттық технологиялар, 3 ds max бағдарламасы, сплайндар, полигондар, модификатор, модель.

Тәуелсіз еліміздің туын биікке көтеріп, болашаққа жетелейтін негізгі күш — білімді азаматтар. Қазіргі білім жүйесі бабалардың ғасырлар бойы сүзгісінен өткен рухани күш-қуатын бойына жинаған, әлемдік өркениеттің барлық талабына сайма-сай, парасатты, білімі мен білігі кемел мамандар дайындауды қажет етеді. Сонымен қатар, білім жүйесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі, заманауи технологияларды оқу процесіне қосу. Өкінішке орай, өркениетті елдерде технология қарқынды дамуда және біздің елден бірнешесаты жоғарыда орналасқан. Біздің мақсат олардың сонынан күшп отыруемес, олардағы озық технологияларды игеріп, оны өндіріске ендіріп, қатар даму. Еліміздің басты саясатының бірі, әлемдегі отыз елдің сапынан орын алу.

Соңғы он жылдағы технологияның қарқынды дамуы компьютерлік технологияның және оны бағдарламалық қамтамасыз етусаласының тез дамуына ықпал етті. Қазіргі өлшемдер бойынша маңызды емес болып көрінген арнайы эффектілер көмегімен құрылған фильмдер эпизоды, кезінде таңданыс толқыны мен пікірталас тудырғаны белгілі. Қазір кино мен теледидардағы арнайы эффектілермен ешкімді таңданыраалмайсың. Олар компьютерлік графиканы жәнесоның ішінде үш өлшемді модельдеуді құру бағдарламасының жалпылай тарауының арқасында күнделікті құбылыс бола бастады. Осындағы мүмкіндіктері шексіз, ал атқаратын қызметтері ауқымды бағдарламалардың бірі 3 ds max бағдарламасы.

3 ds max бағдарламасы өзінің тамаша мүмкіндіктерінің және менгеруінің қолжетімділігінің арқасында қызығушылардың арасында да, көсіпқойлардың арасында да үлкен сұранысқа ие. Оны ойындармен фильмдерді құру үшін, сәулет және құрылым, медицина және физика, сондай - ақ басқа да көптеген салаларда белсенді түрде қолданады.

Оқу процесінде жаңа 3 ds max бағдарламасын оқу орындарында қолданудың өзектілігін анықтауда көптеген шет ел ғалымдары айналысты, олардың арасында Диканская Н.Н., Микула Н.П., Турлаева О.И., Мэрдок К.Л., Верстак В, Верстак Е, Каляева Г, Блинов М.Н, Маров және тағы басқалары бар. Өзіміздің елімізде компьютерлік графиканы оқу процесінде қолдануды ұсынып, оның әдістемесін жасаған ғалымдар да жеткілікті. Алайда, үш өлшемді графиканы оқу процесінде қолдану бірлі жарым ғана магистрлік диссертацияның нысаны болған. Сондықтан, заман талабына сай 3d max бағдарламасының арасында қарама – қайшылық туындалған отырған. Анықталған қарама – қайшылық осы зерттелініп отырған мақаланың өзектілігін анықтайды.


3D Studio Max компьютерлік графика және анимациялардың бағдарламалық құрылғыларын құруға жабдықталған Discreet фирмасымен ойлап шығарған және ол Autodesk компаниясының жеке меншігі болып табылады.

Max бағдарламасы үшөлшемді графика немесе басқаша айтқанда 3D графика бағдарламалар тобына жатады және жеке суреттерді, сонымен қатар анимация деп аталатын объектілердің қозғалысын синтездеуге арналған.

3ds max бағдарламасы кез-келген керекті объектінің моделін және сплайндік моделін құруды, натюрморттарды визуалдау арқылы түс беруді, берілген объектін хромдауды және олардың көленкесін шығаруды, лазерлік сәуле түсіруді, фрагменттер мен кадрларды қозғалту арқылы анимациялауды, динамикалық эффектілер көмегімен судың толқыны мен желдің бағыттарын жасауды, адамның келбеті мен шаштарын «Hair and Fur» эффектісімен жүзеге асыруды және тағы да басқа да көптеген мысалдарды құруға мүмкіндік береді [1].


3ds max бағдарламасында сплайндар мен полигональдардың жұмыс жасау мүмкіндіктері анықталып қолдану аясы көрсетілді. Сплайндар дегеніміз не? Бұл екі өлшемді геометриялық фигуralар. Сплайндар ретінде еркін нысандағы сызықтар, сондай-ақ тік үшбұрыштар, жұлдызнамалар, эллипстер және тағы басқа осы сияқты геометриялық фигуralар да болуы мүмкін. Егер дайын примитивтер қажет болса, талап етілген типтегі Object Type орамасын таңдау керек. 3 ds max - та шындардың төрт типі пайдаланылады.

Corner (бұрыштық)-мұндай шындарға түзу сегменттер қылышады (1-сурет).



Сурет 1. Corner шыны

Smooth (Тегістелген)- сплайн қисығы иілмелі жургізіледі және ол екі жағынан да сегменттердің бірдей қисығына ие (2 - сурет).



Сурет 2. Smooth шыны

Besier (Безье) – тегістелгенге үқсас, бірақ сплайн сегменттердің қисықтарын оның екі жағынан да өзгертуге мүмкіндік береді. Манипуляторларды қозғай отырып, сплайн сегменттері шындарға шығып, және одан түсетін бағыттарды өзгертуге, ал қалам ұзындығын өзгертеотырып, сплайн сегменттерінің қисығын реттеуге болады (3 - сурет).



Сурет 3. Besier (Безье) шыны

Besier Corner (Безье бұрышы) - Besier (Безье) шындары сияқты жанама вектормен жабдықталған, бірақ жанамалары бір-бірімен кескінделген байланыспаған және Безье қаламдарын тәуелсіз ауыстыруға болады [2].

3 ds max ортасындағы модельдердің көпшілігімен құру параметрлік объектілерді пайдаланудан басталады. Тағы да бір айта кететін мәселе, параметрлік объект-бұл қондырғылар немесе параметрлердің жиынтығымен анықталады, яғни оның формасының нақты емес сипаты қолданылмайды. Олар құрылым блоктарды қамтамасыз етеді, олардың көмегімен көптеген басқа формалар құрылады. Примитивтерді каркас пен шынды құру үшін негіз ретінде қолданылады. Параметрлік объект модельдеу мен анимацияның маңызды бағыттарын қамтамасыз етеді. Мұндай операциялардың мысалдары мыналар болып табылады:

- Модификаторлардың бірінің көмегімен объектілерді бір-біріне қосу, атая құрамына Edit сөзі кіреді;
- Модификаторлар қылышын бұзу;
- Модификаторлар объекті кеңістігіндегі ішкі объектілермен жұмыс істейді;
- Объектінің жағдайына және сахнадағы оның бағдарына тәуелді емес;
- Оларды қолдану сәтінде модификаторлар мен объекті құрылымын


қолдану тәртібіне байланысты;

- Модификаторларды бүкіл объектіге немесе ішкі объектілерді ішінара тандауға болады.

Осы себептен модельдеу торлы қабықшаларды түзеткіш құрамымен жалғастыруға тұра келеді, оларды осы мақсаттар үшін Editable Mesh қалыптасуы немесе ішкі объектінің қажетті деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін модификаторларды қосуға болады.

Жоғары математика пәнінде геометриялық фигуralарды 3ds max бағдарламасы арқылы визуалдау нәтижесінде тек сапалы білім ғана емес, әр түрлі техникалық, медициналық мәселелерді шешуге қолдануға болады.

Бастапқы модель деп анықталған жағдайда объектіні алмастыратын қандай да бір көмекші объекті аталған. Соңдықтан табиғат заңдарының әмбебаптығы, модельдеудің жалпылығы және біздің білімдерімізді модель түрінде бейнелеудің мүмкіндіктері сәйкессіз болды. Уақыт өте келе нақты объектілер жасанды сызбалардың, суреттердің, карталардың модельдік ерекшеліктері арқылы сипаттала бастады. Келесі қадамда модель ретінде нақты объект ғана емес абстрактылы, идеалдық құрылымдардың да жұмыс істеу мүмкіндіктері белгілі болды.




$$\begin{aligned} \text{Сфераның сыртқы аудандық} \\ \text{пішіні } S = 4\pi r^2, \quad S = \pi d^2 \\ \text{Сфераның өлшемі} \\ V = \frac{4}{3}\pi r^3 \end{aligned}$$

Сурет 4. Сфераның үш өлшемді сыртқы пішіні

Мұның мысалы математикалық модельдер болаалады. Математика негіздерін зерттеумен айналысадыны математиктер мен философтардың еңбектерінің нәтижесінде модельдер теориясы жасалды. Онда модель бір абстрактылы математикалық құрылымның басқасына бейнелеу, түрлендіру нәтижесі болып анықталады.

Тор — осьтің шетімен [айналғандағы](#) пайда болған геометриялық фигура. Оның тәндеуі


$$\begin{cases} x(\phi, \psi) = (R + r \cos \phi) \cos \psi \\ y(\phi, \psi) = (R + r \cos \phi) \sin \psi \\ z(\phi, \psi) = r \sin \phi \end{cases} \quad \phi, \psi \in [0, 2\pi)$$



Сурет 5. 3ds max бағдарламасы арқылы салынған тор фигурасы.

ХХ-ғасырда модель түсінігі накты және идеалдық модельдерді қатар қамтитында болып жалпыланды. Сондықтан, абстрактылық модель түсінігі математикалық модельдер шеңберінен шығып, әлем туралы білімдер мен танымдардың барлығына қатысты болды. Модель түсінігінде айналасындағы кең талқылаудың қазіргі кезде де жалғасып отырғандығын естен шығармау қажет. Бастапқыда ақпараттық, кибернетикалық бағыттардағы ғылыми пәндер аясында, содан соң ғылымның басқа да салаларында түрлі тәсілдермен іске асырылатын модель ретінде танылды.

Математикалық фигуralардың үшөлшемді моделін құруға (Lathe) айналдыру әдісі өте ынғайлы және жақсы келеді. Мысалы 6- сурет көрсетілген модель.



Сурет 6. (Lathe) командасы арқылы орындалған конустық бет геометриялық фигурасы толық 360 градуске бұрылуы.

Ақпараттық модель – бұл кең көлемде ойлағанда кез-келген объектінің ойша немесе шартты пішінін модельдеу ақпаратты процеске өкеледі. Ақпараттың өмір сүру formasы екі фактормен анықталады: кодтау әдісі (құпия сан - әріппен құпиялау) және материалды тасымалдаушы құпиялау (кодтау) әліпбі моделдеу объектісінің зерттеу дәрежесін анықтайды. Бұдан шығатыны ойша модельдеу сұрыптағанда көз алдына келтіру (елестету) амалдарын ажыратада білу өте маңызды [3].

Осындай әдіс-тәсілдерді қолданып оқыту процесінің тиімділігін арттыруға болар еді, себебі қазіргі оқушылардың сана-сезімі қазіргі заман талабына сай қалыптасқан. Яғни, олар электрондық технологияларға, әсіресе компьютерге өте жақын. Математика пәнінің кейбір үғымдарын компьютерлік технологиялардың, оның ішінде 3D графиканың көмегімен қалыптастыру нәтижесінде біз осы пәнге деген қызығушылықты дамыттып, қазіргі қоғамдағы математиканың маңызын арттыра түсетін едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 3 ds max, <http://warnet.ws/news/28173>

2. Murdock K.L. Autodesk 3ds Max 2013. Bible. – 2013-816

3. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения. Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. -Алматы, 1994. 312 с.

ӘОЖ 631.171

ЖЫЛЫЖАЙ МИКРОКЛИМАТЫН БАСҚАРУДЫҢ МЕХАТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚУРАСТАЫРУ

**Мальтекбасов М.Ж., Мукажанов Е.Б., Шаяхметов Н.Н., Алимбаев Ч.А.,
Телебаев Е.Е., Акжолов Е.К, Закирұлы О.**

I.Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

e-mail: mukazhanov_e@mail.ru

Жылыжайдагы микроклиматты басқаруды пайдаланудың негізгі мақсаты тиімді өсу ортасын қалыптастыру. Өзінің курделілігіне байланысты, жылыжайлардагы шамадан тыс бақылау ауылашуашылық өнімдерінің өнімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ, микроклиматты тиімді басқаруда қалдық деңгейін төмендететін және өндірістік шығындарды азайтатын курделі міндеттерді орындауымыз қажет. Бұл мақалада жылыжай микроклиматын басқару жүйелері бойынша тәжірибелік тәсілдемелер сипатталған.

Основной причиной применения управления микроклиматом в теплицах является достижения оптимальной растущей среды. Из за своей сложности, чрезмерное контроль в теплицах может негативно влиять на выращивание сельскохозяйственных культур. Более того, нам нужно оптимальное контроль для достижения этих сложных цели, в том числе низким уровнем выбросов и снижение производственных затрат. В этой статье описан практический подход к системе управления теплицы.

The main reason for applying microclimate control in greenhouses is to achieve optimal growing environment. Because of its complexity, excessive control in greenhouses can adversely affect the growing crops. Moreover, we need an optimal ambiental control to accomplish these complicated objectives, including low emissions and reduced production costs. This paper describes one practical approach to the real-time control system in a greenhouse.

Кілттік сөздер: жылыжай микроклиматын басқару, жылыжай өсімдігі, тиімді орта.

Өсімдіктің тиімді өсуіне қол жеткізу үшін және өнім мөлшерін барынша арттыру үшін жылыжайлардағы микроклимат алдыңғы қатарлы мехатрондық жүйелермен басқарылуы тиіс. Жылыжайдың ішкі ерекшеліктеріне байланысты климатты қадағалау және баптау жеңіл немесе қалыпты рәсім емес. Жылыжай контроллерларының баптауларының көптігіне байланысты нәтижеге және кететін шығынға әсерін байқау қыын. Жылыжайлардағы микроклиматтың динамикалық жағдайы, энергия таралымы (радиация және жоғары температура) және масса тенгерімі (су буының және CO₂ – нің шоғырлануы) сияқты физикалық

процесстердің үйлесімі. Бұл процесстер сыртқы орта жағдайларына, жылыжай күрылымына, өнімнің түріне және басқару жетегінің өсеріне тәуелді [2].

Жылыжайлардағы микроклиматты басқарудың басты мақсаты, өсімдіктің есуінің және өнімнің беруінің ең жоғарғы мәніне қол жеткізу.

Автоматты басқару жүйесі бақылайды:

- жылыжай ішін (топырақ және ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдылық, көмірқышқыл газының шоғырлануы)
- жылыжай сыртын (температура, салыстырмалы ылғалдық, күн радиациясы, жел жылдамдығы және бағыты)
- қондырғылар (температуралық құбырлар, желдеткіш санылаулар және бағыттағыш перделер).

Микроклиматтың әрбір параметрі, өнімнің түрі мен жай-күйімен анықталатын тиімді деңгейде сақталуы тиіс [3]. Түрлендіргіштердің саны мен орны жылыжайдың күрылымы мен көлеміне байланысты. Жылыжайларда түрлендіргіштер өсімдік деңгейінде орналасуы тиіс. Жылыжай микроклиматы келесілермен басқарылады:

- жылыту жүйесі;
- желдету және қараңғылау жүйелері;
- жарықтандыру және көлеңкелеу жүйелері;
- CO₂ бүрку жүйесі.

Жұмыс істеу принципі

Автоматты басқару жүйесі түрлендіргіштерден, атқарушы механизмдерден және бағдарламаланатын логикалық контроллерлардан тұрады (БЛК). Жылыжай микроклиматын автоматты басқару бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Түрлендіргіш климат параметрінің деңгейін анықтап, сигналды БЛК-ға жібереді;

2. БЛК оның, диапазонда ма әлде жоқпа екенін тексереді (жоғары немесе төмен).

3. Егер өлшенген мән максималды мәннен жоғары немесе минималды мәннен төмен болса, онда БЛК іске қосылады. Ол климаттық параметрлер қалыпты жағдайға келгенше жұмыс істей береді.

Жылыту жүйесі

Сумен жылыту жүйесі жылыжайдың төменгі жағына айналдыра құбыр тарту немесе желдеткіш-радиаторлар көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін [5]. Істық сумен жылыту жүйесі жылыжайды температураның бірқалыпты таралуын қамтамасыз ететін жақсы тәсіл болып табылады [6]. Сумен жылыту жүйесі келесілерден тұрады:

- жанағысы бар қазаннан;
- негізгі қыздыру контуры;
- қосымша қыздыру контурры.

Жанағы қазандағы суды қыздырады, қызған су негізгі контур арқылы өтеді. Істық су қосымша қыздыру тұтіктері арқылы өсімдік арасында және қабырғада орналасқан құбырлар жүйесіне беріледі.

Жылыжайда қоршаған орта температурасын бақылап және БЛК-ға сигнал жіберіп тұратын термо-гигрометр орналастырылады. БЛК, өлшеп алынған және бізге қажетті тиімді температураның айырмашылығына сүйене отырып қазандағы және құбырлардағы су температурасын есептейді [7].

Құбыр бетінің температурасын араластырғыш клапаннан 1-1,5 метрден кейінгі жерден өлшейді [8]. Жүйедегі су температурасы үш түрлі араластырғыш

клапандардың көмегімен ыстық және сұық суларды арапастыру арқылы жылышайда қалаған температураны ұстап тұрады. Клапандар БЛК көмегімен басқарылады. БЛК клапандағы дефлектор күйін өлшемейді (позициясыз кері байланыс). Сондай-ақ су сорғыштар да БЛК арқылы басқарылады. Негізгі айналдырығыш насос, бірқалыпты температуралық өрісті сақтай отырып, тұрақты жұмыс істеп тұрады (жоғары/төмен/сөндірүлі). Энергия шығынын азайту мақсатында ортанғы кыздыру секцияларында (өшіріп/қосқыш) айналдырығыш насосы қолданылады.

Желдету және буландыру жүйелері

Температура, салыстырмалы ылғалдық және CO₂ деңгейін бақылауда жылышайлардағы желдету ең маңызды жүйе болып табылады. Шатыр, алдыңғы есік және вентиляторды өзара үйлестіру арқылы жылышайларда жақсы желдетуге кол жеткізуге болады [9]. Температура өсімдіктің физиологиялық даму кезеңдеріне (гульдеу, өсу, даму) тікелей ықпалын тигізеді, булану жылдамдығын бақылайды, фотосинтез процесі кезіндегі өсімдік суларының санылаулар арқылы шығып кетпеуін бақылайды. Жылышайлардағы температура мәні көбінесе өсірілетін өсімнің түріне байланысты.

Әр жеміс және оның даму процесі температураны әр түрлі сезінеді. Жоғары температура өсімдіктің үлкен аумақты ала отырып қарқынмен өсүін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде суды көп мөшшерде жоғалтуға және фотосинтездің таралу үйлесімінің бұзылуына алып келетін үлкен булану жылдамдығын тудырады. Өз кезегінде бұл физикалық өзгеріске ұшырауға және өсімдіктің репродуктивті дамуына тәжеу болуы мүмкін [10].

Жылышайда температура, салыстырмалы ылғалдылық (термогигрометр) немесе CO₂ деңгейі (көмірқышқыл газының датчигі) жоғарлаған кезде БЛК электрқозғалтқыштарды іске қосып, шатыр люті 10%-ға ашылады. Жел бағытына байланысты үнемі екі жағының біреуі автоматты турде ашық тұратында шатыр желдеткіштерінің көбелек тәрізді түрін қолданған тиімді [11].

Температура, салыстырмалы ылғалдық және көмірқышқыл деңгейлерінің өлшемен және берілген мәндерінің айырмашылығына сүйене отырып БЛК шатыр желдеткішінің позициясын есептеп шығарады. 3 минут өткеннен кейін БЛК қайта тексереді, егер бақыланатын параметрлер қалыпты деңгейде болмаса шатыр желдеткіші тағы 10%-ға ашылады.

Бұл процесс параметрлер мүмкін болатын максималды мәннен төмен түспейінше жалғаса береді.

Егер станция жауын-шашын немесе қатты желді байқаса БЛК шатырдағы санылауды жабады және вентилятор немесе буландыру жүйесін іске қосады. Температура мен ылғалдықты бірқалыпты ұстап тұруда вентилятордың маңызы зор. Таза ауа жылышайдың бір жағынан кіріп қарсы жағындағы ыстық ауаны алмастырады. Вентилятор ауа ағынын индукциялап, ыстық ауаны жоғары көтереді.

Буландыру арқылы салқыннату жылышайдың температурасын төмендетіп қана қоймай, іштегі салыстырмалы ылғалдықты арттыруға көмектесетіндіктен Қазақстанның оңтүстік аймақтары үшін салқыннатудың басқа түріне қарағанда осы түрі тиімдірек.

Су жоғары қысыммен шүмек арқылы өте ұсақ тамшылар ретінде ауаға тарайды. Тамшы көлемінің кішіреюі ауа мен су арасындағы жылу алмасуды арттырады, нәтижесінде булану жылдамдығы да арта түседі. Булану эффектісі

салқыннатуды және ылғалдандыруды шақырады. Тұман ағыны БЛК-мен басқарылатын электромагниттік клапанның көмегімен өзгертіліп отырады.

Жарықтандыру жүйесі

Өсімдіктің өсуі үш жарықтық процесспен байланысты, атап айтсақ, фотосинтез, фотоморфогенез және фотопериодизм. Жарықтың әр нұсқасы осы процесстерге тікелей әсер етеді. Жарық, көмірқышқыл газын органикалық материалдарға айналдырып оны оттегі ретінде шығаратын фотосинтез процесінің бір белгі. Өсімдіктің әр түрлі жарық түрлерінің әсерінен өсуін Фотоморфогенез және күн ұзақтығының өсімдіктің өсуіне ықпалын, яғни гүлдеуі немесе түйін беруінің күнге тәуелділігін фотопериодизм деп атайды.

Жасанды жарықтандыру табиғи жарық жоқ кезде немесе қараңғыланған кезде қолданылады. Күн радиациясының тікелей түсін жылыжайлардағы температураның көтерілуінің негізгі көзі болып табылады. Бұл көленкелеу немесе шағылыстырудың көмегімен басқарылуы мүмкін. Көленкелеу әр түрлі жолдармен іске асырылады, атап айтсақ, іштен немесе сырттан көленкелеу қалқандары арқылы және бояулардың көмегімен. Қалқандар сондай-ақ тұнгі уақытта шатыр арқылы кететін жылу шығынын азайтуға көмектеседі. Егер станция жоғары күн радиациясын сезсе БЛК электрқозғалтқышты іске қосады және қалқандар көлденең қозғалады.

Күн радиациясының өлшенген және берілген мәндерінің айырмашылығы есептелініп көленкелеудің орны айқындалады. Ауылшаруашылық өнімдерінің қалыпты өсуі үшін жеткілікті жарықпен қамтамасыз ететін арнаулы шамдар қолданылады (қыс айларында және бұлтты күндері). Табиғи жарық жоқ болса БЛК жасанды жарықтандыруды қосады [13]. Фотосинтез процесіне қажетті жарық мөлшерін анықтау үшін өсімдіктің өсіп-өну мерзіміне қарай БЛК қажетті жарықтандыру уақытын есептей алады [14].

CO₂ бұрку жүйесі.

Көмірқышқыл газы (CO₂) фотосинтез процесін түзудегі негізгі субстрат. Бұл фотосинтез процесін арттыра отырып өсімдіктердің өсуін жылдамдатады.

CO₂ деңгейі қалыпты жағдайдан шоғырлану деңгейіне дейін өскенде, 700 ден 900 μL^{-1} -не дейін, өсімдіктің өсуі артады. Соңғы зерттеулер CO₂ мөлшерден көп болған жағдайда (1000 μL^{-1}) кері әсерін тигізетін көрсетті. CO₂-нің өсімдікпен жұтылуы микроклиматтың өзге де факторларына тікелей байланысты.

Арнаулы вентилятор көмірқышқыл газын сыртқы ауамен араласу үшін және ауа температурасын төмендету мақсатында жедету санылаулары арқылы сыртқа айдайды [16]. Жылыжайлардағы CO₂ жақсы таралуы суғару жүйесіне үқсас құбырлар желісінің көмегімен іске асырылуы мүмкін. Газдан мүмкін болатын қауіпті байқау үшін CO₂-нің шоғырлануын өлшейтін арнаулы датчиктер таратқыш құбырларға орнатылады. Егер көмірқышқыл газының шоғырлануы ұсынылған мәннен азырақ болса БЛК газдың таралуына жауапты электромагниттік клапанды ашады. Біраз уақыттан кейін CO₂-нің шоғырлануы күрт өсіп кетпес үшін тексеріс болады [17].

Қорыта келе ауылшаруашылық өнімдерінің өсуі тиімді болуы үшін температура, салыстырмалы ылғалдылық, күн радиациясы, көмірқышқыл газы сияқты микроклиматтық параметрлер үнемі бақылауда болуы тиіс.

Мақалада келтірілген тиімді мехатрондық жүйені жүзеге асыру үлкен жылыжайлармен қатар орта және шағын жылыжайларға да қол жетімді. Жылыжай көлемі үлғайған сайын жүйенің тиімділігі арта түседі. Жылыжайдың әр белгігі жеке бағдарламаланатын логикалық контроллерлармен (БЛК) қамтылған

және барлық БЛК-лар жиынтығы бір орталықтан басқарылады. Сейтіп әр түрлі есімдіктердің жиынтығын микроклиматы тиімді басқарылатын жеке блоктарда өсіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Lala, H.R., Nacer, K. M. and Jean-Francois B.: Micro-climate optimal control for an experimental Greenhouse Automation.
2. Bot, G.P.A: Greenhouse climate from physical processes to a dynamic mode, PhD thesis, Agricultural University of Wageningen: The Netherlands, 1983.
3. Momirović, N., Vasić, B., Raičević, D. and Oljača M.: Technical systems for microclimate control in greenhouses, Agricultural Engineering, Faculty of Agriculture, Universities in Belgrade, Institute of Agricultural Engineering, No.4, 2007.
4. Farid, G. and Benjamin, C.K.: Automatic Control Systems, 9th edition, John Wiley & Sons, 2010.
5. Buffington, D.E., Bucklin, R.A., Henley, R.W. and McConnell, D.B.: Heating Greenhouses, document AE11, Institute of Food and Agricultural Sciences, University of Florida, published in 1983 and revised in 1992, Reviewed July 2002, April 2010, and January 2013.
6. Okada: The Heating Load of Greenhouses, Heat Transmission in the Greenhouse with Pipe Heating Systems, Acta Horticulturue, Acta Horticulturue, 1978.
7. Chalabi, S., Bailey, J. and Wilkinson, J.: A realtime optimal control algorithm for greenhouse heating, Computers and Electronics in Agriculture, Vol. 15, No. 1, pp. 1-13 1996.
8. Roberts, J: Soil Heating Systems for Greenhouse Production, Cooperative Extension Publication, E208, Department of Bioresource Engineering, The State University of New Jersey, New Brunswick, 1996.
9. Hellickson, A. and Walker J: Ventilation of Agricultural Structures, ASAE, St. Joseph, MI, 1983.
10. Pawłowski, A., Guzman, R.F, Berenguel, M., Sánchez, J. and Dormido S.: Simulation of Greenhouse Climate Monitoring and Control with Wireless Sensor Network and Event-Based Control, MDPI, Switzerland, 2009.
11. Boulard, T. and Baille, A.: Modelling of Air Exchange Rate in a Greenhouse Equipped with Continuous Roof Vents, Journal of Agricultural Engineering Research, Vol. 61, No. 1, pp. 37-47, 1995.
12. Montero, J.I., Anton, A., Biel, C. and Franquet, A.: Cooling of greenhouses with compressed air fogging nozzles, Acta horticulturae, pp. 199-210, 1990.
13. Moe, R. and Grimstad, S.O. and Gislerod, H.R.: The use of artificial light in year round production of greenhouse crops in norway. Acta horticulturae, pp.35-42, 2006.
14. Mortensen, L.M. and Strømme, E.: Effects of light quality on some greenhouse crops, Scientia Horticulturae, Vol. 33, No. 1–2, Pages 27-36, 1987.
15. Hao, L., Ai-wang, D., Fu-sheng L., Jing-sheng S. and Yan-Cong, W. and Chi-Tao, S.: Drip Irrigation Scheduling for Tomato Grown in Solar Greenhouse Based on Pan Evaporation in North China Plain, Journal of Integrative Agriculture, Vol. 12, No. 3, pp. 520-531, 2013.
16. Holloway, S., Karimjee, A., Makoto, A., Pipatti, R., and Rypdal, K: Guidelines for National Greenhouse Gas Inventories, Chapter 5 (Carbon Dioxide Transport, Injection and Geological Storage), IPCC, 2006.

17. Kldring, H.-P., Hauschild, C., HeiЯner, A. and Bar-Yosef, B.: Model-based control of CO₂ concentration in greenhouses at ambient levels increases cucumber yield, Agricultural and Forest Meteorology, Vol. 143, No. 3–4, pp.208-216, 2007

ӘОЖ 004.942

ЖЫЛЫЖАЙ МИКРОКЛИМАТЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

**Мальтекбасов М.Ж., Мукажанов Е.Б., Шаяхметов Н.Н., Алимбаев Ч.А.,
Телебаев Е.Е., Акжолов Е.К.**

*I.Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
e-mail: mukazhanov_e@mail.ru*

Объектіде болып жатқан процесстерді көрсететін объектінің моделін құрастыру технологиялық объектілерді басқару алгоритмін зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады. Объектіні басқарудың типтік шешімдері абстрактілі параметрлерге сүйенген қарастайым модельдерге негізделген. Мұндай модельдер параметрлерінің абстрактілі сипаттамаларына байланысты объектіні тереңірек зерттеуге және сипаттамаларын өзгертуге мүмкіндік бермейді. Автоматты басқару жүйесін тереңірек зерттеу және талдау үшін объект жұмысының физикалық негізін ашатын модель ұсынылады.

Важнейшей стадией исследования алгоритмов управления технологическими объектами является разработка модели объекта, которая отражает происходящие процессы в объекте. Типовые решения по управлению объектами основаны на простейших моделях, оперирующих абстрактными параметрами. Такие модели, в связи с абстрактным характером параметров, не дают возможности глубокого изучения и изменения характеристик объекта. Для более глубокого исследования и синтеза систем автоматического управления представляют интерес модели, раскрывающие физические основы работы объекта.

The most important stage of technological objects of control algorithms research is to develop an object model that reflects the processes taking place in the facility. Typical solutions for the management objects based on the simplest models, operating parameters of the abstract. Such models, due to the abstract nature of the parameters do not allow a deep study and modify the characteristics of the object. For more in-depth research and synthesis of automatic control systems are of interest model, revealing the physical basis of the object.

Кілттік сөздер: жылыштай микроклиматы, математикалық модель, микроклимат параметрлері.

Жылыштай микроклиматының модельдерінің түрлері

Жылыштай микроклиматының модельдерін негізгі екі түрге жіктейміз:

1. Жылыштада жүріп жатқан физикалық жылу және масса алмасу процесстері жайлы мәліметтер пайдаланылатын принципиалды модель. Процесстер физикалық талдамалары бар дифференциалды теңдеулермен сипатталады.

2. Жылышай микроклиматы «қара жәшік» ретінде қаралып, кіріс және шығыс өлшемдерінің өзара байланысын зерттейтін кибернетикалық модельдер. Бұл модельдердің параметрлері идентификациялау өдісімен тәжірибе жүзінде анықталады.

Қазіргі таңда жылышай микроклиматының моделіне арналған көптеген зерттеу жұмыстары бар. Барлық модельдер фотосинтез процесіне негізделген.

[1]-де ұсынылған микроклимат моделі жылышай микроклиматының моделін құрастыруға негіз болады. Бұл жұмыста үздіксіз уақытта жұмыс істейтін принципиалды модель қолданылған.

Жылышай микроклиматының математикалық моделін құрастыру

Модель келесідей жеңілдетілген амалдарға сүйене отырып құрастырылған:

1. Модель жылышайды қабырғалармен, шатырмен қоршалған ауа аумағы ретінде түсіндіреді. Микроклиматты сипаттайтын айнымалылардың кеңістікте таралуы ескерілмейді.

2. Даму процесі кезіндегі жеміс биомассасының өзгерісі есептелінбейді. Жеміс биомассасы тұрақты мән болып қала береді.

3. Басқарылатын обьект тұрақты сыналы ретінде қарастырылады.

Жылышай ішіндегі ауа температурасының өзгерісіне әсер ететін энергияның жылулық тенгерімінің тендеуі келесідей:

$$\rho \cdot V \cdot C \cdot \frac{dT(t)}{dt} = Q_{kipic} - Q_{korshay} + Q_{maza} \quad (1)$$

мұндағы ρ – ауа тығыздығы ($\text{кг } \text{м}^{-3}$);

V - ауа көлемі (м^3);

C - ауаның меншікті жылу сыйымдылығы $\text{Дж град} \cdot \text{кг}$;

$T(t)$ – жылышай ішіндегі температура (град);

Q_{kipic} – қыздыру жүйесінен келетін жылу (Вт);

$Q_{korshay}$ – қоршаулар арқылы кететін жылу шығындары (Вт);

Q_{maza} – Таза ауаны жылыштуға кететін жылу шығыны (Вт);

(1) тендеу мүшелерін жеке-жеке ашып көрсетейік.

Қыздыру жүйесінен келетін жылу:

$$Q_{kipic} = G_{жылу} \cdot C_{жылу} \cdot T_{бас} - T_{соңғы} \quad (2)$$

мұндағы $G_{жылу}$ – жылу тасымалдағыш шығыны ($\text{кг}/\text{с}$);

$C_{жылу}$ – жылу тасымалдағыштың меншікті жылу сыйымдылығы $\text{Дж град} \cdot \text{кг}$;

$T_{бас}, T_{соңғы}$ – жылу алмастырыштың кірісіндегі және шығысындағы температура (град).

Жылышай қоршаулары арқылы кететін жылу шығындары [3, 47 бет]

$$Q_{korshay} = k \cdot F \cdot (T_{iшки} - T_{сыртқы}) \quad (3)$$

мұндағы k – қоршаулар арқылы берілетін жылу коэффициенті $\text{Дж/м}^2 \cdot \text{с} \cdot {^\circ}\text{C}$;

F – қоршau ауданы (м^2);

$T_{iшки}$ – жылышай ішіндегі ауа температурасы (град);

$T_{сыртқы}$ – сырттағы ауа температурасы (град);

$T_{iшки} - T_{сыртқы} \square \Delta T$ – ауа температурасының төмендеуі (град);

Таза ауаны жылыштуға кететін жылу шығыны [3]:

$$Q_{maza} = G_{maza} \cdot C_{aya} \cdot T_{iшки} - T_{сыртқы} \quad (4)$$

мұндағы, G_{maza} – жылышайды желдетуге кететін таза ауа шығыны ($\text{кг}/\text{с}$);

C_{aya} – ауаның меншікті жылу сыйымдылығы ($\text{Дж}/\text{кг}$ град);

T_{iuk} – жылыжай ішіндегі ауа температурасы (град);

$T_{сиртқы}$ – сырттағы ауа температурасы (град);

Ашылған (2), (3), (4) тендеулерді қоя отырып, (1) тендеуді толық жазамыз:

$$\rho \cdot V \cdot C \cdot \frac{dT}{dt} = G_{жылу} \cdot C_{жылу} - (k \cdot F) \cdot (T_{iuk} - T_{сиртқы}) \cdot G_{таза} \cdot C_{ауа}(T_{iuk} \cdot T_{сиртқы}) \quad (5)$$

Жылыжай атмосферасындағы судың массалық тенгерім тендеуі келесідей:

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dX}{dt} = G_{таза} \cdot X_{таза} - G_{шығ} \cdot X_{шығ} + G_{бү} \quad (6)$$

мұндағы ρ – ауа тығыздығы ($\text{кг}/\text{м}^3$);
 V – ауа көлемі (м^3);

$X(t)$ – жылыжай атмосферасының абсолюттік ылғалдылығы ($\text{кг}_{\text{сү}}/\text{кг}_{\text{ауа}}$);

$G_{таза}$ – таза ауа шығыны ($\text{кг}/\text{с}$);

$X_{таза}$ – таза ауаның абсолюттік ылғалдылығы ($\text{кг}_{\text{сү}} \text{ кг}_{\text{ауа}}$);

$G_{шығ}$ – сыртқа шығатын ауа шығыны ($\text{кг}/\text{с}$);

$X_{шығ}$ – сыртқа шығатын ауаның абсолюттік ылғалдылығы ($\text{кг}_{\text{сү}} \text{ кг}_{\text{ауа}}$);

$G_{бү}$ – бү шығыны ($\text{кг}/\text{с}$);

Жылыжай атмосферасындағы көмірқышқыл газдың массалық тенгерімінің тендеуі [2, 81 бет] келесідей анықталады:

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dM_{CO_2}}{dt} = G_{таза} \cdot M_{CO_2 \text{таза}} - G_{шығ} \cdot M_{CO_2 \text{шығ}} + \text{oxi} (t, m) \quad (7)$$

$M_{CO_2} t$ – жылыжай ішіндегі атмосфераның құрамындағы CO_2 –нің абсолюттік мәні $\text{кг}_{CO_2}/\text{кг}_{\text{ауа}}$);

$M_{CO_2 \text{таза}}$ – таза атмосфераның құрамындағы CO_2 –нің абсолюттік мәні $\text{кг}_{CO_2}/\text{кг}_{\text{ауа}}$);

$M_{CO_2 \text{шығ}}$ – жылыжайдан шығатын ауаның құрамындағы CO_2 абсолюттік мәні ($\text{кг}_{CO_2}/\text{с}$);

$\text{oxi} (t, m)$ – аудағы қышқылдану процесі.

Құрастырылған тендеулерге сүйене отырып температура, ылғылдылық және көмірқышқыл газын мәндерін алу үшін келесі мәндерді дифференциалды тендеулерден кесіп аламыз.

температура тендеуін дифференциалды формада жазамыз:

$$\rho \cdot V \cdot C \cdot \frac{dT}{dt} = G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} - \\ - k \cdot F \cdot T_{iuk} - T_{сиртқы} - G_{таза} \cdot C_{ауа}(T_{iuk} \cdot T_{сиртқы}) \\ \frac{dT(t)}{dt} = \frac{1}{\rho V C} G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} - \\ - k \cdot F \cdot T_{iuk} \cdot T_{сиртқы} - G_{таза} \cdot C_{ауа}(T_{iuk} \cdot T_{сиртқы}) \quad (8)$$

Шығатын ауа температурасын жылыжай ішіндегі ауа температурасы ретінде аламыз ($T_{iuk} = T$). Сонда тендеу келесі түрге ие болады:

$$\frac{dT(t)}{dt} = \frac{1}{\rho V C} G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} - \\ - k \cdot F \cdot T(t) \cdot T_{сиртқы} - G_{таза} \cdot C_{ауа}(T(t) \cdot T_{сиртқы}) \quad (9)$$

Бірінші реттік сыйықты біртекті емес дифференциалды тендеу алдық. Оны келесі түрде көрсестейік:

$$\frac{dT(t)}{dt} + \frac{(k \cdot F + G_{таза} \cdot C_{ауа})}{\rho V C} T(t) = \frac{1}{\rho V C} G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} + \\ + T_{сиртқы} k \cdot F + G_{таза} \cdot C_{ауа} \quad (10)$$

ө t қосымша функциясын анықтап аламыз:

$$e^t = e^{\frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} t}$$

$$\frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} = \text{const} \text{ деп аламыз.}$$

соңда:

$$e^t = e^{\frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} t} \quad (11)$$

(10) шығыс мәнін (11) мәніне көбейтеміз:

$$\begin{aligned} \frac{dT(t)}{dt} \cdot e^t + \frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} T(t) \cdot e^t \\ = \frac{1}{\rho V C} \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы}}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} \cdot e^t \end{aligned}$$

$$\frac{d(T(t) \cdot e^t)}{dt} = \frac{1}{\rho V C} \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы}}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} + e^t \quad (12)$$

(12) тендеуді интеграциялаймыз:

$$T(t) \cdot e^t = \frac{1}{\rho V C} \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы}}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} + e^t dt \quad (13)$$

$$\frac{1}{\rho V C} \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы}}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} + \text{көбейтіндіні интегралдан шығарып}$$

алып, тендеудің екі жағында $k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya}$ -ға көбейтеміз:

$$\begin{aligned} T(t) \cdot e^t \cdot (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya}) = \\ \frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} \cdot \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы}}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} + \\ \cdot \frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} dt \end{aligned} \quad (14)$$

Интегралды аламыз:

$$\begin{aligned} T(t) \cdot e^t \cdot (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya}) = \\ G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} + \cdot e^{\frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} t} + \text{const} \\ + T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya}) \end{aligned} \quad (15)$$

const орнына T_0 қойып $T(t)$ -ны келесідей өрнектейміз:

$$T(t) = \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} T_{бас} - T_{соңғы} + \cdot e^{\frac{(k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})}{\rho V C} t} + T_0}{+ T_{сыртқы} (k \cdot F + G_{maza} \cdot C_{aya})} \quad (16)$$

мұндағы T_0 – бастапқы температура.

Абсолютті ылғалдылық мәнін аламыз. Үлғалдылық тендеуін (6) дифференциалдық формада жазамыз.

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dX}{dt} = G_{maza} \cdot X_{maza} - G_{шыл} \cdot X_{шыл} + G_{б} \cdot y$$

Шығыс ауаның ылғалдығын жылыжай ішіндегі ауа ылғалдығы ретінде карастырып ($X_{шығ} = X$). Онда тендеу келесідей болады:

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dX}{dt} = G_{таза} \cdot X_{таза} - G_{шығ} \cdot X + G_{бұ} \quad (17)$$

Алған бірінші реттік дифференциалдық тендеуді каноникалық түрде көрсетеміз:

$$\begin{aligned} \rho \cdot V \cdot \frac{dX}{dt} &= G_{шығ} \cdot X = G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ} \\ \frac{dX}{dt} + \frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} \cdot X &= \frac{G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}}{\rho \cdot V} \end{aligned} \quad (18)$$

$\mu(t)$ көмекші функциясын анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \mu(t) &= e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \\ \frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} &= const \text{ деп аламыз, сонда:} \\ \mu(t) &= e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \end{aligned} \quad (19)$$

(18) шығыс мәнін (19) мәніне көбейтеміз:

$$\frac{dX}{dt} \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} + \frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} \cdot X \cdot t \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} = \frac{G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t}$$

Түрлендіреміз:

$$\frac{d(X \cdot t \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t})}{dt} = \frac{G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \quad (20)$$

$\frac{G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}}{\rho \cdot V} = const$ деп алыш, (20) – шы тендеуді t бойынша интеграциялаймыз:

$$X \cdot t \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} = \frac{G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \quad (21)$$

Тендеудің екі жағында $G_{шығ}$ -ка көбейтіп және интегралын аламыз:

$$X \cdot t \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шығ} = G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ} \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} + const \quad (22)$$

$const$ -ның орнына X_0 қойып, $X \cdot t$ аламыз:

$$X \cdot t = \frac{(G_{таза} \cdot X_{таза} + G_{бұ}) \cdot e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} + X_0}{e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шығ}} \quad (23)$$

мұндағы X_0 – бастапқы ылғалдылық.

CO_2 құрамының мәнін табамыз. Жылыжай атмосферасындағы көмірқышқыл газының массалық теңгерімін (7) дифференциалдық түрде жазамыз:

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dM_{CO_2}}{dt} = G_{таза} \cdot M_{CO_2 \text{ таза}} - G_{шығ} \cdot M_{CO_2 \text{ шығ}} + oxi(t, m)$$

Сыртқа шығатын ауаның құрамындағы CO_2 -ні жылыжай ішіндегі ауаның құрамындағы CO_2 деп алайық ($M_{CO_2 \text{ шығ}} = M_{CO_2}$). онда тендеу келесідей болады:

$$\rho \cdot V \cdot \frac{dM_{CO_2}}{dt} = G_{таза} \cdot M_{CO_2 \text{ таза}} - G_{шығ} \cdot M_{CO_2} \cdot t + oxi(t, m) \quad (24)$$

Алған бірінші реттік дифференциалдық тендеуді келесідей көрсетейік:

$$\frac{dM_{CO_2}}{dt} + \frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} \cdot M_{CO_2} \cdot t = \frac{G_{таза} \cdot M_{CO_2 \text{ таза}} + oxi(t, m)}{\rho \cdot V} \quad (25)$$

$\mu(t)$ қосымша функциясын анықтаймыз:

$$\mu(t) = e^{\frac{G_{шығ}}{\rho \cdot V} dt}$$

$\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} = const$ деп аламыз:

$$\mu t = e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \quad (26)$$

(25) шығыс мәнін (26) мәніне көбейтеміз:

$$\frac{dM_{CO_2}}{dt} t \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} + \frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} \cdot M_{CO_2} t \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} = \frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m)}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t}$$

Түрлендіреміз:

$$\frac{dM_{CO_2} t \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t}}{dt} = \frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m)}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \quad (27)$$

$$\frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m)}{\rho \cdot V} = const \text{ деп алыш, тендеуді интегралдаймыз:}$$

$$M_{CO_2} t \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} = \frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m)}{\rho \cdot V} \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} dt} \quad (28)$$

Тендеудің екі жағында $G_{шыл}$ -қа көбейтеміз және интегралын аламыз:

$$M_{CO_2} t \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шыл} = G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m) \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} + const \quad (29)$$

Const-тың орнына M_{CO_2} -ні қойып $M_{CO_2 t}$ бейнелейміз:

$$M_{CO_2 t} = \frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m) \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} + M_{CO_2 0}}{e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шыл}} \quad (30)$$

мұндағы $M_{CO_2 0}$ - көмірқышқыл газының бастапқы мәні.

Сөйтіп, жылыжай микроклиматын сипаттайтын тендеулер жүйесі келесідей түрге ие:

$$T t = \frac{G_{жылу} \cdot C_{жылу} \cdot T_{бас} - T_{соңғы} + \frac{(k \cdot F + G_{маза} \cdot C_{ая})}{\rho \cdot V \cdot C} t + T_0}{+ T_{сыртқы} \left(\frac{k \cdot F + G_{маза} \cdot C_{ая}}{(k \cdot F + G_{маза} \cdot C_{ая}) \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t}} \right)} \quad (31)$$

$$X t = \frac{(G_{маза} \cdot X_{маза} + G_{бұ}) \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} + X_0}{e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шыл}}$$

$$M_{CO_2 t} = \frac{G_{маза} \cdot M_{CO_2 маза} + oxi(t, m) \cdot e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} + M_{CO_2 0}}{e^{\frac{G_{шыл}}{\rho \cdot V} t} \cdot G_{шыл}}$$

Бұл жұмыста келтірілген модель (31) жылыжай микроклиматын сипаттайды және басқару алгоритімін сараптауға және талдауға мүмкіндік береді. Модель микроклимат параметрлерінің жылыжай аумағы және биіктігі бойынша таралуын қарастырмайды.

Қорыта келе жылыжай микроклиматының параметрлері бойынша есептеулер жүргізуге, микроклиматтың әр параметрінің қалғандарына әсерін болжауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, модель көмегімен бақылау сапасының көрсеткіштерін есептей аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Семенов, В.Г. Математическая модель микроклимата теплицы. / В.Г. Семенов, Е.Г. Крушель // Известия ВолгГТУ. – 2009. -№6. – с.32-35.

1. Олссон, Г. Цифровые системы автоматизации и управления. / Г. Олссон, Д. Пиани. – СПб.: Невский диалект, 2001г. – 557 с.

2. А.Г. Егизаров. Общая теплотехника, теплоснабжение и вентиляция. Учебник для вузов. – М.: Стройиздат, 1982. – 215 с., ил.

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 821.512.122-31

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Галиева А.Н., филология ғылымдарының кандидаты, доцент
murai_gali@mail.ru

Жалғасбай-қызы Мағзума

Алакөл ауданы, №3 Қабанбай атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Мақалада бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты пайдалану жолдарының әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар пәнаралық байланыстың мақсатына қарай сабак беру әдісін жетілдіру жолдарына тереңірек көңіл бөледі. Зерттеу мақсатына сәйкес Алакөл ауданы, №3 Қабанбай орта мектебінде бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру бойынша тәжірибелік сабактар ұйымдастырылған. Авторлар пәнаралық байланысты пайдалану оқыту үрдісінде оқушылардың белсенделілігін арттырады, білім мен дәғды қалыптастыруға жоғары ықпал етеді, оқу материалдарын сапалы игеруге, оқыту әдістерін шыгармашылықпен пайдалануга мүмкіндік береді деп қорытынды жасаған.

В статье рассматриваются методические особенности процесса междисциплинарных связей в учебном процессе начальной школы. В соответствии с задачами исследования организованы экспериментальные уроки по реализации междисциплинарных связей в средней школе №3 имени Кабанбая, Алакольской области. Авторы делают вывод что использование междисциплинарные связи увеличивает активность учеников в учебном процессе, способствуют повышению качества образования, делать учебный материал доступным пониманию, творческий применять методы обучения.

The article discusses the methodological process of interdisciplinary links in the educational process of primary school. In accordance with the objectives of the study, organized the experimental lessons for the implementation of interdisciplinary connections in high school # 3 at the Kabanbay, Alakol region. The authors conclude that the use of interdisciplinary connections increases the activity of students in the learning process contribute to improving the quality of education, to make educational material accessible to understanding, to apply creative learning methods.

Кілт сөздер: оқыту әдісі, оқыту үрдісі, әдістеме, пәнаралық байланыс.

Интеграцияланған сабактың негізгі мақсаты - оқу материалдарын байланыстырып, сабакта оқушыларға терең білім беру.

Оқу материалдарын бағдарламаларға сай пәндер бойынша біріктіріп беру оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан жыл сайын әрбір мұғалім пәндердегі үқсас оқу материалдарын біріктіріп, пәнаралық байланыс принципін қолданып, интегралдық жоспар жасайды. Ондағы материалдарды дер кезінде сабакқа пайдаланып, тиімді етіп іске асырады.

Соңғы жылдардағы блоктық жүйемен алынған курстар оқушыларға пәнаралық байланыс негізінде білім беруді көздең отыр. Бұл бағыт жеке тұлғаның

интелектуалдық потенциалын дамытады және дуниетанымын қалыптастыруды жүзеге асыруға көмектеседі.

Пәнаралық байланыстың міндепті түрде жүзеге асырылуы арқылы оқушыға берілетін білімнің тиянақтылығын қамтамасыз етуге болатындығын алғаш Я.А.Коменский айтқан болатын. Педагог өз еңбектерінде оқушыларда тиянақты білімнің қалыптасуының кейбір себептерін ашып көрсетеді. Мәселен, ол оқушылардың мазмұндастардан алған білімдеріне сүйенетініне, окушы әр пәннен алған отырған білімдерінің бір-бірімен байланысты екендігіне назар аударатынына тоқтала келіп, жалпы дидактикалық мынадай ереже шығарады: «Өзара байланысы бар нәрселердің бәрі, сондай байланыс күйінде оқытылуы керек» [1]. Одан кейінгі дәүірде осы пәнаралық байланыстың психологиялық негізін талдаған педагог К.Д.Ушинский пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың үнемі оқыған заттары мен құбылыстарының ішкі және сыртқы байланыстарын ашуды талап етті [3]. Оқудың қызықтылығы, тартымдылығы мен нәтижелігі сонда ғана қамтамасыз етіледі деп есептеді. Өйткені қызығушылық бала сезімін кеңейтіп, терендете түседі, сол арқылы таным да тиянақты болады деп білген.

Соңғы жылдары Қазақстан ғалымдары мен әдіскерлері оқушыларды дамыту жолдарының бірі ретінде пәнаралық байланысқа дең қойып, бұл саланы көбірек зерттеуге кірісті. Бұған Н.Оразханова, С.Мұсабеков, С.В.Илларинова, А.А.Бейсенбаева т.б. зерттеулері жатады.

Сабак беруде пәнаралық байланысқа мән бермеу оқу пәндері материалдарының бірін-бірі қайталауға, оқушылардың көптеген үғымдар мен заңдылықтарды тар шенберде түсінүлеріне өкеп соғады. Білім мазмұнын менгеру, пәнаралық байланысты ескермейінше мүмкін емес. Өйткені ол - өзара жақын пәндердің бағдарламасындағы оқу материалын үйлестірудің және іріктеудің маңызды көрсеткіштердің бірі.

Бастауыш мектептен пәнаралық байланыс арқылы білім беруді неден бастап және қалай жүзеге асыруға болады?

Бастауыш мектеп - бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Психологияда бастауыш мектеп оқушыларының жасы, көбінесе, білімді менгерудің, зейінділіктің жасы деп саналса, педагогикада - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, қалыптастыру сияқты өмірлік маңызы бар функцияларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады [3,4]. Осы функцияларды табысты орындау кіші жастағы баланың танымдық қызығушылығының дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Пәнаралық байланыс тәсілдерінің мынадай түрлерін атап көрсетуге болады:

- а) бір пәннің материалын екінші пәннің материалымен салыстыра отырып, мазмұны жағынан үқсас тақырыптардың пәнаралық байланысын жасау; ә) жеке пәндер материалдарын менгерту барысында өзге пәндер материалдарын негізгі мәселені толықтыру мақсатында пайдалану; б) жеке материалдарды терең менгерту түсінда ғана пәнаралық байланыстылықты жүзеге асыру; в) пәнаралық байланысты әдіс үқсастықтарына қарай жүргізу; г) бір пәннің материалын екінші бір пәнге практикалық жаттығу ретінде пайдалану; ғ) оқулық материалын өмірдегі әр алуан міндеттермен байланыстыру.

Пәнаралық байланыс арқылы оқу үрдісін үйимдастыруға ұсынылатын материалдар балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық, физиологиялық

қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәжірибе процесінде тиімді пайдаланған дұрыс.

Бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстың мүмкіндіктерін анықтау мақсатында Алакөл ауданы, №3 Қабанбай орта мектебінде зерттеу жұмысын жүргіздік.

Зерттеу жұмысы кезінде бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнаралық байланыс негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру туралы тәмендегідей анкета-сұрақтары ұсынылды:

- *Ciz бастауыш сыныпта пәндерді оқытуда пәнаралық байланысты қажет деп есептейсіз ба?*

Берілген анкета- сұрақтары бойынша мынандай қорытынды жасауға болады: мұғалімдердің 80 % пәнаралық байланыстың қажеттілігін мойындағы.

- *Пәнаралық байланысты жоспарлайсыз ба ? Тәмендегі төрт жауаптың біреуінің астын сзызу керек:*

- * үнемі;
- * анда-санда;
- * мұлде жоспарламаймын;
- * жауап бермегендер;

Берілген анкета- сұрақтары бойынша мынандай қорытынды жасауға болады: пәнаралық байланысты үнемі жоспарлап, сабак өткізетіні - 49%, анда-санда ғана жоспарлайтыны – 31 %, мұлде жоспарламайтыны -7 %, жауап бермегендері - 3 % болды.

Тәжірибелік сабактар ұйымдастыру кезеңінде бастауыш мектеп бағдарламасында берілген такырыптар мен озат тәжірибелерді негізге ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін арнайы әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш деңгейінде «Дүниетану» пәні барлық пәндермен байланысқа түседі. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларын елі табиғат заттарымен: сумен, оның күйінің игеруімен (қату, қар және мұздың еруі, буға айналуы); қатты денелермен (күм, мұз, тас); олардың қасиеттерімен таныстыруды физикалық құбылыстармен; ауамен, оның қозғалысымен таныстыруды метеорологиялық ұғымдармен; желдің бағытымен және күшімен таныстыруды математикалық есептеу әдістері; тау жыныстары, жер қыртысының топырақ қабатымен таныстыруды география; өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер, құстар дүниесімен таныстыруды биология; электрлік және жарықтық құбылыстармен (электр шамының, кемпірқосақтың жасалуы, түрлі-түсті жолақтардың үлгісі мен орналасуы), магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыруды физика пәндеріне қатысты ұғым атаулары менгертиледі. Оқушыларға дүниетану сабактарында әдістемелік мақсаттарда көрнекілік үшін бейнелеу өнерін (сурет, портрет, иллюстрация, мүсін т.б.), эмоциялық өсерді күшету үшін түрлі музыкалық шығармалар пайдаланылады. Әдебиеттік оқу сабактарындағы «Табиғат – мениң өз үйім» бөлімінде берілген көркем шығармалар бойынша тапсырмаларды орындау және проблемалық мазмұнды («Қыстап қалатын құстарға қандай көмек көрсетуге болады?», «Ағаш дәрігері деп аталатын қандай құсты білесін? Не себепті олай аталады?», «Суды үнемдеудің қандай жолдарын білесін?» т.б.) сұрақтар арқылы жүзеге асып отырды.

Дүниетану сабакында табиғат құбылыстарымен таныстыруды барысындағы сабактарды өткізгенде зерттелетін заттар мен құбылыстардың оқушыларға

көрінетін және оның сезілетін болуы, оқушының зерттелініп отырған әрекетте болуын ескеріп отырдық.

«Тірі және өлі табиғат» тақырыбына байланысты тірі және өлі табиғат құбылыстарын бақылау әдісі арқылы бірнеше тәжірибе жасалды. Бақылау жүргізу кезінде бастауыш мектеп жасындағы оқушының логикалық ойлаудың дамытуға көмектесетін түрлі тәсілдерді (салыстыруларды) пайдалануға болады. Бақылау жүргізіп жаттыққан балалар салыстыру тәсілін де менгере білді.

Мұндай эксперимент бастауыш мектеп оқушысына тек жаңа білімді хабарлау кезінде ғана емес, бұрынғы білімдерін түжірымдау барысында да қолданылды. Осының нәтижесінде бұрын ескермеген заттың жаңа қасиеттері ендігі жерде ол бірінші қатарға шығады.

Тәжирибелік сабак 1: "Қатты дененің сұйыққа айналатыны, сұйық заттың газға айналуы"

Сабак барысында мынадай проблемалық жағдаят берілді: Қыста қармен ойнаған Айнал көктемнің келгеніне қуанған жок. Қардың ерігенін көріп, қарды ыдысқа салып үйге таси бастады. Үйдистағы қар суға айналды. Мұны көрген Айна не істерін білмей састы. Қар неге еріді? Суды қыздырғанда нені байқадындар?

Тәжирибелік сабак 2: «Топырақ пен құмның қасиеті».

Сабак барысында мынадай проблемалық жағдаят берілді: Таңертеңгі тамағын ішіп болған Асқар ойынға қажетті құм салған шелегін, кішкене күрекшесін алғып есіктің алдына шықты. Күн енді ғана тәбеле көтеріліп келеді екен. Шелегіндегі суды құмға және екінші жердегі сазды құйды. Су топырақ бетінде тұрып алды, ал құм бетіне құйылған су тез сіңіп кетті. Асқар ойынның қызығына түсіп кетті. Құмнан әдемі етіп, үй тұрғызды, үсті құм болды, оны қағып жіберіп еді, құм тез көллегіне жабыспай түсіп қалды.

Осы сияқты тәжирибелік жұмыстар оқушының табиғат құбылыстарының занылыштары мен өзара байланыстарын айқындауға, ақыл-ойын дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Табиғат заттары мен құбылыстарын тікелей көріп, үстап, зерделеу нәтижесінде өз көзқарастары қалыптасты. Бақылау ізденістік сипатқа ие болды, балалар құбылыстың себебін табуға тырысады, салыстыруға, қорытынды жасауға тәселді. Кейде бақыланатын құбылыс суреттегі бейнемен салыстырылды. Сондықтан балалардың назары олардың айырмашылықтарын белгілеумен бірге (қарлы боран, құмды боран) бірнеше құбылыстың ортақ белгілеріне (боран кезінде негізгі құбылыс желмен байланыс екендігі), өсіресе, олардың елеулі жақтарына (желқұрылғылар, желдің жаңбырды өкелуі, желдің күшін пайдаланып, электр қуатын алу, жел диірмендері, алысқа жүзетін желкенді кемелер т.с.с.) назар аударылып отырылды. Бақыланып отырған құбылысты салыстыруға тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, тек қиналған жағдайда ғана көмек көрсетіліп, салыстырылатын белгілерді анықтауда балаларға еркіндік берілді. Бақылаудың нәтижелерін балалар өздерінің салған суреттерінде көрсете білді.

Қорыта келе, пәнаралық байланысты жүзеге асыруда мұғалімнен жанжақты білімнен хабары бар болуын талап етеді. Бір сабак бойынша пәнаралық байланысты үйымдастыру үшін жеке пәндер арасындағы ортақ ұғымдарды, занылыштарды бір-бірімен өзара байланыстылықта қарастыру, оқушылардың танымдық, ізденүшілік қабілеттерін, іс-әрекеттерін дамыту, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үйрету және тағы басқа мәселелерді дидактикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді.

Зерттеу барысында бастауыш мектептің оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты пайдалану - оқу үрдісін жеделдетуге, окушының ойын жан-жақты дамытуға және оқу материалдарының берік орнығына ықпал етіп, мұғалімнің сабак өткізуде оқыту әдістерін шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Коменский Я.А. Великая дидактика. М., Педагогика, 1982. Т.1. 656с.
2. Ушинский К.Д. Собрание сочинений.– М., 1978. –Т.8. – 600 с.
3. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. / Л.С. Выготский.- М.: ЭКМОС, 2005.- 512с.
4. Зверев И.Д. Взаимная связь учебных предметов. – М., 1977.

ӘОЖ 787.8(092)(574)

ДАУЫС ҚОЮДЫҢ КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сұлейменов Ф.К.

*ҚР еңбек сіңірген әртісі, ҚР халық агарту ісінің үздік қызметкері,
I.Жансүгіров атындағы ЖМУ музыкалық білім мамандығының доценті*

Педагогикалық университеттегі «Музыкалық білім» бөліміне түсуші студенттердің көтүшілігі музыкалық даярлықсыз мектеп қабыргасынан келетін болғандықтан дауыстың пайдас болу дагдылары мен құбылыстары жөнінде, дауыс аппараты құрылымымен, тыныс жолдарымен, дауыс резонаторымен және есту органдарымен таныстырганымыз жөн. Сонымен қатар, студентке берілетін әрбір өн жаттығулары, әртурлі жанрдагы вокалдық шығармалардың мән-мағынасын ашу, басты мақсаттардың бірі екендігін ұмыттау шарт.

Оқу барысында алгашиқы кезеңнен бастап студенттермен дыбыс тазалығын қалыптастыру, дауыстың табиги тембр бояуын дұрыс таба білу оның жолдарын іздеңстіру қажет.

В данной статье рассматриваются вопросы методики и постановки голоса студентов в процессе работы над вокальными упражнениями

In this article examined questions of methodology and raising of voice students in the process of prosecution of vocal exercises

Кілттік сөздер:вокалдық-педагогика, кантилена, стаккатто,»вокалдық шеберлік», тіректе өн салу, бас резонатрын кеуде резонатрымен қосу.

*«Фылым ешқашан тоқтамайды,
ақыл-ой үнемі дамыт,
жаксарыт, есіп отырады;
галымның міндеті-осы еңбектің
негізін салушылардың жұмысын
багалай отырыт, ары қарай дамыту
жолдарын үйрен, оны алға қарай
өркендету» (Г.Пановка)*

Вокалдық-педагогика ғасырлар бойы қалыптасып келеді. Әдістері мен тәсілдері сан қылыш және әр заманның ән өнерінің стиліне және бағытына тығыз байланысты.

Қазақтың кәсіптік әншілік өнерінің ірге тасын қалаған Қазақстан Республикасының халық әртісі, профессор Бекен Жылысбаев менің ұстазымның ән-вокал өнеріне сіңірген енбегі бір төбе де, оның өзіндік педагогтық шеберлік өнері бір төбе.

Қазақстандағы ән-романс жанрына басқа композиторлар да өз үлестерін қости. Ә. Еспаев, Ә. Бейсеов, Ә. Байділдаев, Н. Тілендиев, Е. Хасанғалиев, Ш. Қалдаяқов. Композиторлардың ән-романстары жас үрпақты Отанын суюге, адамгершілікке, табиғатты қорғауға баулыйтын және тағы басқа да тақырыптарда жазылған.

Педагогикалық университеттің «Музикалық білім» бөліміне түсуші студенттердің көпшілігі музикалық даярлықсыз мектеп қабырғасынан келетін болғандықтан дауыстың пайда болу дағдылары мен құбылыстары жөнінде, дауыс аппараты құрылышымен, тыныс жолдарымен, дауыс резонаторымен және есту органдарымен таныстырылғанымыз жөн. Сонымен қатар, студентке берілетін әрбір ән жаттығулары, әртүрлі жанрдағы вокалдық шығармалардың мән-мағынасын ашу, басты мақсаттардың бірі екендігін үмитпау шарт.

Оқу барысында алғашқы кезеңнен бастап студенттермен дыбыс тазалығын қалыптастыру, дауыстың табиғи тембр бояуын дұрыс таба білу оның жолдарын іздестіру қажет.

Әнші үшін ең қымбат дүние ол дауыс тембрі. Сондықтан ән салғанда, сейлегенде дауыстың еркін де қарапайым және әдемі шығуына ықпал ету ол оқытушының міндеті.

«Әнші-мұғалім» болуға талпыныс жасаған әрбір студент ең бірінші өз дауыс аппаратының құрылымын жақсы білуі керек. Әнді қалай айту, дауысты күтіп баптау, уақтылы тамақтану, мезгілімен үйіктау, тамаққа сүйк тигізбеу, жаман нәрседен қашу, бір сөзben айтқанда-дауыс аппараты гигиеналарын қатаң сактауды білудері тиіс.

Егер вокалдық өнерді «вокалдық шеберлік» ретінде түсінсек онда оның ұлттық шекарасы жоқ екенін мойындауға тұра келеді, әйтседе вокал өнерінде Бекен Жылысбаев өз ән жаттығуларына қазақтың ұлттық спецификалық Ә, І, Ә, Ы, Ү дыбыстарынан ән жаттығуларын құрастырып өзіндік шеберлігін танытып, жаңалық ашқан адам.

Оның бір мысалы Киев қаласында 1982 жылы қараша айында «Вокал өнерін ілгері дамытудағы маман – кадрлар дайындаудың жолдары» атты жоғары оқу орындары мұғалімдерінің ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Мен сол кезде Киевте мұғалімдердің білімін жетілдіретін 6 айлық курста оқып журген кезім еді. Бұл конференцияға сол кездегі Совет Одағының түкпір – түкпірінен вокал өнерінің майталмандары: Мәскеу консерваториясының профессоры Е.Нестеренко, Гнесин институтының профессоры Л.Дмитриев Киев консерваториясының профессоры Т.Михайлова сияқты өнер шеберлері катысып өз баяндамаларында сол кездегі вокал өнерінде маман кадрлар даярлау проблема екендігін айтып өткен еді. Сонымен қатар, бұл конференцияға вокал сабағынан өздерінің шеберлік кластарын көрсетуге сол кездері атақтары дүркіреп тұрган профессорлар: Киев консерваториясының профессоры Е.И.Чавдар, Харьков консерваториясының профессоры Т.Я.Вескелер арнайы шақырылған еді.

Киев мемлекеттік филармониясының іші лық толы көрермен. Зал іші құлақ тұнарлық тыныштық. Бірінен бірі еткен вокал өнерінің кереметтері өз сабактарын студенттерімен көрсетіп жатыр. Профессорлардың бәрінен де вокал өнерінің сан қылыштың өдістерімен амалдарын үренгендей боп, түйсінгендей болып рахаттанып отырымыз. Зор ықыласпен сабактарды тыңдалап болған шақта кенеттен жүргізуші Алматы консерваториясының профессоры Б.Жылдысбаевтың бағдарламадан тыс ашық сабағын көріп тыңдауларыңызды сұраймыз деді. Жұрт аң-тан. Біреулер бағдарламадан тыс, біреулер уақыт жоқ дегендегі нышан танытқанына қарамастан сахнаға Бекен Бекеновиң С.Алмасбеков деген студентімен сахнаға шыға келді. Сабак профессордың өзі ойлап тапқан қазақтың спецификалық дауысты дыбыстардан тұратын Θ, I, Y, Ү, Ә ән жаттығуларымен басталып кетті. Мұндай дыбыстардан тұратын жаттығударды бұрын соңды естімеген тыңдарман аң-тан. Ән-жаттығулары шамамен 15 минуттай болды-ау шамасы. Сол мезетте мен залға көз салсам, күбір-күбір әңгіме, кейбіреулері аң-тан. Біреулер басын шайқап, енді біреулері мынандай дыбыстардан дауыс ашылмайды, распевка дұрыс емес дегендегі нышан білдіріп жатты. Ән-жаттығулары (распевка) біткеннен кейін студент С.Алмасбеков Абайдың «Айттым сөлем, Қаламқас», П.Чайковскийдің «Пиковая дама» операсынан Германның ариозасын, Пуччинидің «Богема» операсынан Рудольфтың ариясын шырқап салды.

Ән орындалып болғаннан кейін залда бір түрлі қымылсыз үнсіздік. Ешкім тырп еттейді. Құдды адамдар естерінен танып қалған іспетті. Сәл уақыттан кейін бүкіл зал орындарынан тұрып «Браво, Маэстро, Браво» деп айқайладп дүркіреп коя берді. Бүкіл зал тік тұрып қол соғып тұр. Қол соғып тұрғандардың көбі вокал өнерінің мэтрлері, яғни данышпандары.

Қол соққызып тұрған өзіміздің қарапайым қазақтың қара баласы Бекен Жылдысбаевтың өнерімен хас шеберлігі.

Қол соққызып тұрған туысқан қырғыз баласының Әдемі үні, шырқыраған тенор дауысы.

Қол соққызып тұрған ұлы Абайдың әсем әні еді.

Сондағы менің көнілімдегі мақтаныш қуаныш сезімдерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Себебі өзінің өнерімен дүйім жүртты аузына қаратқан осы кереметтің мен шәкіртімін. Не деген бақыт?!

Сол үшін мен үстазымды пір тұтам. Үстазыммен мақтанам, үстазымды мақтаймын.

Күрметті оқырман, енді өзімнің педагогтық іс-тәжірибелде қолданып жүрген, профессор Б.Жылдысбаевтан үйренген дауыс қоюға арналған бірнеше жаттығуларды назарларыңызға ұсынамын. Бұл жаттығулар мектепте ән сабағынан дәріс беретін әрбір үстазға сабак өткізу барысында үлкен қолқабыс болатынына сенімдімін.

1-ші жаттығу




м-м (ауызды жабу арқылы)

Бұл жаттығу орындаушының дем алысын түзетіп, оның еш кедергісіз шығуына жағдай туғызып, дene бұлшық еттерінің еркін отырған кезіндегі сезімге

байыптайды. Жаттығу ерінмен дыбыс шығаруға өсерін тигізіп, туракты ерінмен үн шығаруға дағдыландырады.

2-ші жаттығу



до- ре- ми- фа- соль- ля- си, до- си- ля-
соль-фа- ми- ре до
еріннің белсенділігін арттырып, дыбысты жеңіл шығаруға көмектеседі. Сонымен
қатар еріннен шыққан дауысты дыбыстар ауытқымай еш кедергісіз, түсін
озгерпей шығуы шарт.

3-жаттығу



до- ре- до ре- ми- ре ми- фа- ми
фа- соль- фа

Бұл жаттығу бір-біріне жақын ноталарды өзара тұтасып, үзілмей, теңесіп,
қабысып бір деңгейде дыбыстарды шашыратпай ерін ұшынан бірқалыпты
шығуына көмектеседі.

4-жаттығу



но- но- но- но- но- но
мо- мо- мо- мо- мо- мо
ме- ме- ме- ме- ме- ме

Жаттығу бас резонаторының дүрыс жұмыс жасаудың сезіндіреді. Жаттығудың
айтқанда ауызды кең ашпау керек, өйткені дыбыс желкеге кетіп қалады.

5-жаттығу



гно о
мо о

Бұл жаттығу көмейден шыққан барлық ноталарды бір қалыпқа бірдей
дыбыс шығаруға икемдейді. Тәменгі нотадан бастап, дауыстың жоғары және
тәменгі шегіне дейін бір баяумен шығуына мүмкіншілік туғызады. Жаттығу
өтпелі ноталарды бір қалыпқа келтіруге өте пайдалы.

Ұлағатты ұстаз Бекен Жылдысбаев қазақ әндерін айтатын студенттерге мынандай жаттығулар жасатады.

1-жаттығу

A - - - - O - - - - E - - - - I - - - - U -

Бұл жаттығу жақын тұрған ноталардың демге түрақталып, бірқалышты баяумен шығуына жағдай жасайды.

2-жаттығу

Ы - - - - Ү - - - - Θ - - - - Ү - -

Бұл жаттығу дауысы ашық жарқын студенттерге, дауысты майда-қоңыр етіп шығару үшін жазылған.

3-жаттығу

Е - А - Θ - Θ - И - -

Дауыстары күнгірттеніп, түйікталып шықпайтын студенттерге арналады.

4-жаттығу

А - - - - О - - - - Е - - - - О - - - - Θ - - - - Θ - - -

Тамақпен, қысылып айтатын студенттердің аузыны дұрыс ашқызатын жаттығу.

Мақаланың көлемінде вокалдық өнердің барлық ерекшеліктерін айтып жеткізу мүмкін еместігін айта келе, ғылыми жұмыс сипаттама мінезінде жазылған. Әрбір вокалдық музыканың мазмұнын түсінуде басты рөл атқаратындықтан, оның басталып, аяқталуын анықтай алу дағдысын әдетке айналдыру біз оқытушылар тарпынан әрдайым. Талап етіліп отырылады. Бүгінгі күнде осы аталған өнерге сұраныс көп болуы бұл өнердің жалғастығын көрсетеді. Сондықтан шығарманы тыңдаپ, талдауда студент музикалық тақырыпқа барынша зейін қоя мән беріп, сол арқылы көніл күйдің (жігерлі, сергек, сабырлы, ойлы, қайғылы) өзгерістерін бақылауға үйреніп шығарма болмысынан саналы түрде түсіну сатысына қарай ауысады.

ӘДЕБІЕТТЕР

- 1 Дмитриев Л.Б. Голосообразование у певцов. Материалы рентгенологических исследований. –М., Музыка, 2009.–56с.
- 2 Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики Учебное пособие для муз. вузов. –М: Музыка, 2011. -675с.
- 3 Дюпре Ж. Искусство пения. М: Музыка. 2011.- 286с.

ӘОЖ 373

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Сержанқызы М., Намазбаев К.Т.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Физика және Математика факультеті*

Бұл мақалада оқушылардың ойлау және шыгармашылық қабілеттерін қалай дамыту керектігі жайлы жазылған. Физика сабагында қандай ойлау тәсілдерін қолдануга болатыны туралы сөз қозғалған. Нақтырақ әр түрлі ойлау қабілеттеріне мысалдар келтіріліп, түсініктеме берілген.

В этой статье написано о том, как надо развивать мышления и творческие способности учащихся. Речь идет о том, какие можно использовать способы мышления на уроках физики. В работе даны конкретные разъяснения о том, как проявлять способности учащихся в применении различных примеров.

This article has been written about how to develop thinking and creativity of students. The question is what ways of thinking can be used at physics lessons. You can see the specific explanation of the manifestation of students' ability to apply a variety of examples.

Кілт сөздер: логикалық ойлау, физикалық ойлау, гылыми – техникалық ойлау, диалектикалық ойлау, шыгармашылық қабілет.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің негізін ойлау процесі құрады. Ойлаудың формаларына түсіну, ақылга салып, байымдау және ой қорытындылау әрекеттері жатады.

Ойлаудың адамның танымдық іс-әрекетінің жоғарғы сатысы, объективтік шындықтың мыймен жаңғыртылуы екендігі философиялық және психологиялық әдебиеттерден белгілі. Оқушылардың ойлау қабілеттерінің олардың жас ерекшеліктеріне байланысты біртіндеп дамып отыратын сипаты бар. Солай болғанмен де әр жастағы оқушылардың барлығының ойлау қабілеттері бірдей дамиды деуге болмайды. Әр баланың психикалық даму қасиетіне байланысты ойлау қабілеттері де әрқалай болып қалыптасады. Сондықтан, оқушыларға білім берудегі басты міндет оларды дұрыс ойлай білуге үйрету, яғни логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру.

Оқушылардың ойлау қабілеттері үзак оқыту процесінде мыйды ұдайы жаттықтыру арқылы қалыптасады. Ойлаудың аналитикалық және синтетикалық тәсілдерін, абстракциялау мен қорытындылауды, салыстыру мен аналогияны, класификация мен жүйеге келтіруді, ой қорытындылауды оқушы оқыту процесі

кезінде мұғалімнің көмегімен үйренеді және ол тәсілдер мен операцияларды өздігінен шығармашылық тапсырмаларды оқулықтармен, қажетті әдебиеттермен жұмыс істеу арқылы орындау кезінде, яғни, үй тапсырмасын орындау кезінде пайдаланады.

Физика пәнін оқыту нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеттері оқушылардың бұл пәннен алған білімдерінің сапасына тікелей тәуелді. Егер ол білімдер оқушыда терең және жүйелі болып қалыптасса, оларды пайдалануға негізделген проблемалық мәселені шешу де жеңіл болады. Ал егер білім бір бірімен байланысы жоқ, ажыратылған қалыпта формальды қалыптасса, оларды көздеңен мақсатқа сай жұмылдырып, белгілі бір дұрыс қорытындыға келу де қыынға туседі.

Физиканы оқуға байланысты біз оқушының *физикалық* және *ғылыми-техникалық* ойлау қабілетін дамытуды көздейміз. Бұған қол жеткізу үшін оқушы ең алдымен физикалық құбылыстардың, оларды сипаттайтын заңдардың және түсініктердің арасындағы айырмашылықтарды сауатты түрде ажырата білуі керек. Физикалық заттардың мәні оның барлық қасиеттері мен ішкі құрылымында болса, физикалық құбылыс оның байқалуы мен бар болуының сыртқы формасы. «...Заттың мәнін құратын заң құбылыста байқалады., ... Мән құбылыста ашылады, ал құбылыс мәнді байқатады, оны жаңғыртады.»[1]. Осы айтылғандардан физикалық ұғымдардың логикалық кезектілігін - құбылыс, оның мәні мен заңын және функционалдық байланыстар арқылы заңдылықты құратын түсініктер, деп қарауға болады. Мәселен, М. Фарадейдің ашқан электромагниттік индукция құбылысы, түйікталған контурды қызып өтетін магнит өрісінің өзгерісі кезінде сол контурда токтың пайда болуын көрсетсе, оның мәні магнит пен контур және олардың өзара әсерлесуі, ал заңы пайда болған индукция электр қозғаушы күшинің магнит ағынының өзгеру жылдамдығына шама жағынан тең екендігін көрсететін математикалық өрнек, түсініктер – индукция ЭКК-і, магнит ағыны мен уақыт.

Физикалық құбылыс материя қозғалысының өзгеру жағдайында пайда болады. Мәселен, судың қайнауы, будың конденсациялануы, диффузия құбылысы, температураға байланысты заттардың көлемінің үлғаюы, электролиттік диссоциация, магнит стрелкасының токпен әсерлесуі, термоэлектрлік эффект, электромагниттік индукция, термоэлектрондық эмиссия, фотоэлектрлік эффект, жарық дисперсиясы, радиоактивтілік т. б. Бұл құбылыстарды оқушылар табиғаттан тікелей немесе физикалық эксперимент арқылы бақылай алады. Егер бақылау жинақталған білімдерге сүйеніп, логикалық негізде жүргізілсе, яғни оқушы құбылыстың мәні неде екендігін және оның қандай теориялық жағдайлардан шығатындығын ажырата білсе, ондағы күрделінің бөлшектерге жіктел, олардың арасындағы байланыстар мен тәуелділікті анықтай алса, құбылыстың сапалық және сандық жақтарын байланыстырып, біріктіріп түсінетін болса және қорытындысында осы құбылыс жайлы білімдерді практикалық мақсаттарға пайдалана білсе *физикалық ойлау* дұрыс бағытта жүрді деп санауға болады[2].

Оқушылардың *ғылыми-техникалық* ойлау қаблеті физикадан алған білімдердің техникалық қолданыстарын түсінуге байланысты қалыптасады. Егер оқушы физикалық құбылысты, заңды практикалық мақсаттарға пайдалануға, ғылыми идеяларды техникалық схемалар арқылы құрылғылардың құрылышы мен жұмыс принциптерін түсінуге, модельдер мен конструкцияларды менгеруге

үйренсе, оның ғылыми-техникалық ойлау қабілеті де дұрыс қалыптасады деуге болады.

Ойлаудың осындай біліктері бірден үйрене қоятын нәрсе емес, олар ұзақ оқу процесінде ұдайы жаттығулармен мыйдың қызметін белсендеріп отыру нәтижесінде қалыптасады. Оның қандай түрі болмасын сабактың әр түрлі формаларында мұғалімнің көмегімен логикалық операциялардың ережелерін дұрыс сақтау нәтижесінде біртіндеп жетілдіріліп отырады. Мәселен, сабакта демонстрациялық эксперимент арқылы құбыльстың себебі мен мәнін түсінуге, зертханалық жұмыстар орындауда және физикалық есептер шығару кезінде ойлаудың *аналитикалық* және *синтетикалық* тәсілдерін пайдалана білуге үретуді мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі деп қарау керек. Сабакта мұғалім оқу материалын ұзак түсіндіруінен гері, оған оқушыларды жиі араластырып, олармен кеңесіп, сабактың мазмұнына қарай проблемалық жағдайлар тудырып отыруы ойлау қабілеттерін жетілдіруде әлде қайда тиімді болып саналады.

Оқушылардың физикадан және жаратылыстанудың басқа пәндерінен алған білімдері олардың жалпы дүние тану қаблеттерін жетілдіреді, яғни *диалектикалық* ойлау қаблеттерін қалыптастырады. Дүние материадан тұрады, материя үздіксіз қозғалыста болады, қозғалыс формаларының өзгерісінен физикалық құбыльстыар түндейді, олар бірімен бірі өзара байланыста болады. Физикадағы барлық құбыльстыардың өзіндік себептері және олардан туатын салдары мен қарама-қарсылықтары бар. Міне бұлардың барлығының да диалектикалық сипаты бар[3].

Оқушылардың *шығармашылық* қаблеті олардың логикалық ойлау қабілетіне тікелей байланысты. Ойлау қабілеті дамыған, ой-өрісі кең окушы өздігінен алдына қойған мақсатқа жете алады, проблеманы шеше алады, ал бұл қасиеттері төмен дамыған окушы үшін кез келген өзіндік жұмысты орындау әлдеқайда киынға түседі. Сондықтан мұғалімнің міндеті қандай окушы болмасын, олардың барлығын да логикалық түрде дұрыс ойлауға үйретіп, шығармашылық қабілетін ұдайы жетілдіріп отыру жолдарын естен шығармауы керек.

Оқушылардың шығармашылық қаблеті күнделікті сабакта, үй тапсырмасын орындау кезінде, әсіресе шығармашылық есептер шығару, окулықтармен, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу кездерінде қалыптасады. Физикадан шығармашылық жұмыс орындау барысында окушы оның зерттеу әдістерін де пайдалануды үйренеді. Егер жұмыс рефераттық сипатта болса, алдымен ол берілген тақырып бойынша деректер жинап, оны талдай білуі керек. Бұдан кейін көзделген мақсатқа байланысты болжам жасалынады және ұсынылатын жұмыстың негізгі мазмұнын өндейді, оны теориялық түрғыдан дәлелдеп, эксперимент арқылы тексереді, қорытынды шығарады. Моделдеу мен конструкциялау жұмыстарына бейім оқушыларға арнайы тапсырмалар беріліп, оларға идеялық және материалдық көмектер беріп отыру қажет. Бұл әдетте физикалық немесе физика – техникалық үйрмелердің жұмыстары арқылы орындалатын жұмыс[4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Соколов И.И. Методика физики. – М.: Учпедгиз, 1934, с. 4-6.
2. Основы методики преподавания физики в средней школе /В.Г. Разумовский, А.И. Бугаев, Ю. И. Дик и др.; Под ред. А. В. Перышкина и др. – М.: Просвещение, 1984. – 398 с.: ил.

3. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту өдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал.- Алматы: Рауан, 1998 ж., 310 б.
4. Ланина И.Я. Внеклассная работа по физике. – М.: Просвещение, 1977.

ӘӨЖ 159.9

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТИНІЦ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамекова А.Т. магистр, аға оқытушы

Asem_mamekova1979@mail.ru

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

В этой статье рассматриваются особенности профессии психолога в учебно – воспитательном процессе школы. Даётся характеристика нормативным документам, направлением методам и приемам работы психолога.

Мақалада мектептің оқу-әдістемелік үрдісінегі психологияның ерекшеліктері қарастырылады. Психолог жұмысының нормативті документтеріне, әдіс-тәсілдерінің бағыттарына анықтама беріледі.

In this article discussing is about psychological problems of the teachers in the school. The problem of psychology's method's, problems.

Тірек сөздер: кеңес, релаксация, әдістер, тренинг.

Қазіргі нарықтық экономика заманында қоғам, сонымен бірге мектепте де жұмыс ауқымы кең және киын екендігіне ешқайсысымыз да күмән келтіре алмаймыз. Сондықтан әрбір жеке тұлға іскер, шаруашыл, ізденімпаз, шығармашыл, талғампаз болуы тиіс. Қазіргі міндет әр азаматты білімге емес ғылымға жетелеу болып отырғандықтан, жаңа заман, жаңа талап, ғылым заманы артқа қарап ойлануға мұрша бермеуде. Осындай зымырандай жүйткіген уақытта мұғалімнің, психологтың өсіреле ауыл мұғалімінің жағдайы қандай деген ой көп толғандырыды.

Балалық өмірдің ең бір қызықты кезеңдері мектепте өтеді. Сол мектептің тұлғасы – ұстаз. Ұстаз шәкіртінің жан сұлулығын, тән сұлулығын зерделей отырып, оның адамдық асыл қасиеттерінің жақсара түсін қадағалап, қамқорлық жасап отыруы тиіс.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» құру біздің алдымызға үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол жеке тұлғаның және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру. Елбасы өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Дүние – шаруашылық байланыстары жүйесіне белсене кірікken осы заманғы белді мемлекеттердің барлық дерлік бәрін де «парасатты экономиканың жолына тіккен еді» деп атап көрсетті [1]. Бұл дегеніміз – білім беру саласының қайнар көзі ретінде аса маңызды басымдық әрі қоғамды дамытудың негізі болып отырғанын көрсетеді. Республика мектептерінде психологиялық қызметтің енгізілуі мемлекеттік міндеттің білім сапасына, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастырыуна, жалпы айтқанда, оку-тәрбие жұмыстарын ғылыми негізінде үйимдастырыуна ерекше назар аударуының дәлелі. Мектептегі психолог баланы мектеп қабырғасына алғаш келген күннен бастап бітіргенге дейін зерттеу

жұмыстарын жүргізеді. Психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан – жакты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Қазіргі заман талаптарына орай педагог – психолог «мұғалім – оқушы», «оқушы – оқушы», «мұғалім – ата – ана», «ата – ана – оқушы» қарым – қатынастарын жақсарту, оның сапасын көтеру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оку мен тәрбиенің бірге жүргізуін қадағалайды. Шынында, жастар өмірге деген тұтынушылық қарым – қатынасты қалыптастырып, тұлғалық қабілетін, дарындылығын және мәдениетіне көніл бөлуді тудырып отыр. Мектептегі психолог оку мен тәрбиенің бірлікте алып жүруін қамтамасыз етеді. Тәрбиес-әлеуметтік ортаның адамдарының қарым-қатынасының құрамдас белігі, сонымен қатар адамдарды тәрбиелеу мен жетілдірудің сыртқы әсері. Тәрбиенің ерекшелігі, ол басым бағыттардың бірі болумен қатар, қоғамның адамдар арқылы жүзеге асатын әлеуметтік функциясының бірі болып табылады. Тәрбиенің негізгі ықпалы – тұлғаның жалпы бағытын қамту, оның рухани талап-тілегін қанағаттандыру. Талап, тілектер адамгершілік, ізгілік ниетте болса, соғұрлым тәрбиенің мәні де ашыла түседі. Балалар мен жасөспірімдер психологиясын зерттеу нәтижесінде тұлға санасындағы бағыттылық пен мақсатымен оның іс-әрекетінің мақсаттылығына да байланысты екенін анықтады. Фылыми дүниетаным мен қоғамдық моральды игерген жандар өмірлік мақсатына, іс-әрекеттеріне сенімді болып, өздерін жақсы жағынан көрсете алады. Жастардың жоғарғы қоғамдық-саяси белсенділігі әлеуметтік сенімділік деңгейіне байланысты. Олар ұжымшылдық, жауапкершілік, окуға, білімге, үмтүлуштылық, байсалдылық, қарапайымшылдық, қарапайымдылық, ерік-жігердің мұқалмастыры, күш қуаттылық сапалары тәне. Оқушылардың қоғамдық бағыт-бағдары эмоционалдық көніл-күйі мен оку процесінде аңғарылады. Бұдан әлеуметтік тұлғны тәрбиелеу олардың ғылыми дүниетанымы және моральдық санасына ғана емес, сонымен олардың іс-әрекетінің де байланысты екенін көреміз.

Мектептегі тәлім – тәрбие үрдісінде оқушы жеке тұлғасына нұқсан келтірмеу үшін, сондай – ақ оның сапасын арттыру үшін әрбір жас дәуірдегі жетекші іс – әрекеттің психологиялық ерекшеліктерін еске алу қажет. Мектептегі психолог пән мұғалімдер, сынып жетекшілері мен семинар, консилиумдарды үйімдастыру арқылы бастауыш, орта және жоғарғы буында білім алып жатқан балалардың жас ерекшеліктерін, бұл ерекшеліктердің білімді менгеруге сондай – ақ тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсерін көрсетіп беруі керек. Әрбір буындағы жетекші іс – әрекет типіне негізделіп тәлім және тәрбие беру жұмыстарын алып жүруіне психолог өз бақылауына алады.

Мектептегі психологиялық қызмет – баланың мектепке болған дайындығынан бастап, орта буынға бейімделу мәселесі, сондай – ақ оқушының көсіп таңдауына көмек берумен аяқталады. Бұл жерде айтып кететін бір нәрсе оқушылардың жүйке жүйесіне әсер ететін барлық факторлар психолог бақылауында болуы тиіс. Мәселен, оқушылардың бос уақыты және оларды пайдалануы. Мектептегі психологиялық қызметтің тәләм – тәрбиенің орталығы болып, жас үрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.

Мектеп психологы қайда, қалай, қанша уақыт жұмыс істеуі керек деген сұрақ туындаиды. Бұл сұрақты қоя отырып, біз психологтың жұмыс орны мектеп екеніне еш күмән келтірмейміз. Психолог өзінің негізгі бақылауларын мектептің күнделікті өмірінде жүргізеді. Психологтың жұмыс күні тұрақты емес. Сондықтан

оған кешкі уақытта, демалыс күндері жұмыс істеуге тұра келеді. Психологтың іс – өрекетінің көптеген бағыттары (психотерапевтік, коррекциялық, консультативтік, тренинг) спецификалық жағдайларды қажет етеді. Психологтың қалыпты жұмыс істеуі үшін, ең аз дегендегі, 12 – 15 адамға арналған, телефоны, компьютері, психо – диагностикалық әдіс – намалар мен зерттеу нәтижелерін сактайтын жабық шкафы бар кабинет қажет. Қазіргі таңда бұл барлық мектептерде қамтылған.

Егер психолог оқушылармен, мұғалімдер және ата – аналармен жұмыс барысында жабдықтарды тиімді пайдалана алса, оларды сатып алуға кеткен мектеп ақшасы өзін – өзі ақтайды. Бұл жерде психологтың белгілі бір топпен жұмыс істеу уақыты, берілетін көмек түрі көрсетілуі тиіс. Психологиялық көмекке зәру адамдар өздері танымайтын, көрінбейтін маманға, арбитр, кеңесшіге баруды жөн көреді. Тіпті кей жағдайларда психолог еш көмек бере алмауы да мүмкін. Бұл жағдайда оның кеңестері адамды сабырлыққа шақырып, кез келген жағдайдың шешімі болатынын түсіндіруге бағытталады. Көптеген адамдар психологтан аяушылықты күтеді. Психологтың консультативтік көмегі, медициналық көмек сияқты, қарым – қатынас барысында пайда болған қыншылықтардан арылту болып табылады. Оқушылардың өзінде өсіреле өтпелі кезенде көптеген мәселелер кездеседі. Соған айтатын, айтпайтын кеңестер психологтардың қызметіне жүктеледі.

Мектеп психологы іс – өрекетінің өзіндік бағытының бірі – оқушыларға жас ерекшелік психологиялық кеңес беру. Оның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. Ата – аналардың, мұғалімдердің және тәрбиелеу процесіне қатысатын басқада тұлғалардың баланың психикалық дамуындағы жастық және жеке ерекшеліктеріне баса көніл бөлу.
2. Психикалық дамуы бұзылған және дұрыс жетілмеген балаларды анықтап, оларды мамандарға тіркету.
3. Психикалық – жүйке аурулары бар балалардың психологиялық ахуалын ескеरту, психогигиена және психопрофилактика жайында нұсқаулар беру.
4. Ата – аналар мен мұғалімдер үшін тәрбиелеудің қарым – қатынастың, оқытудың қындықтарына қатысты психологиялық – педагогикалық нұсқаулар жазу.
5. Баланы отбасында тәрбиелеуге байланысты нұсқаулар жасау.
6. Арнайы топтарда ата – аналармен, педагогтармен, балалармен жұмыс.
7. Халықты педагогикалық – психологиялық ағарту.

Сонымен қатар психологтың әр бағыт бойынша әр түрлі әдіс –тәсілдерді қолданап, белгілі бір мақсатқа байланысты қортынды шығаруы тиіс. Соның бірі -

Психологиялық диагностика

Балалармен:

- балаларды мектепке дейінгі жаста психологиялық зерттеу;
- балалардың оқуға психологиялық дайындығын диагностикалау (1,5,9 сыныптар);
 - мектепке дезадаптация себебін (әлеуметтік, жекелей және т.б.) диагностикалау.

Ата-аналармен:

- бала және ата-ана қатынасын диагностикалау;
- сауалнама жүргізу.

Педагогикалық ұжыммен:

- нақты сұраныс бойынша педагогикалық ұжыммен сауал жүргізу;

- тренингтер өткізу;
- семинарларға релаксация(босаңсу) жүргізу;
- психологиялық сауалнама жүргізу.

Жалпы психологияның жұмысының іс-қағаздары

1. Бір жылға және әрбір тоқсанға жұмыс жоспарын жасау.
2. Келесі бөлімдер бойынша журнал
 - дамытушы сабак;
 - кеңес беру (жекелей-бала, ата-ана, педагог);
 - мамандарға бағыт беру.
3. Дамытушы сабактар және оқу курстарының бағдарламалары.
4. Психология бойынша оқу курстарының тақырыптық жоспары және журнал.
5. Өткізілген іс-шараға мониторнинг жасаудың қорытындысы бойынша анықтама.
6. Оқушы және сыныптың диагностикалық картасы.
7. Жыл қорытындысы бойынша есеп және аналитикалық анықтама.
8. Мектеп жасына дейінгі балалардың папкасы.
9. Дағынды балалармен жұмыс папкасы.
10. Ауытқышылығы бар оқушылармен түзету жұмыстары.
11. ҰБТ- ге түлектермен жұмыс папкасы.
12. МАБ- ға оқушыларды дайындау.

Көп жағдайда педагог-психолог күнделікті өз қызметінде **Психологиялық кеңес беру** қызметі жүзеге асырылуы тиіс. Олар балалармен:

- 7-17 жас оқушыларының мектептік дезадаптация сұрақтары бойынша (оқу және мінезд-құлық мәселелері);
- мектепке дейінгі жаста балалардың психологиялық дамуы бойынша;
- жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби кеңес беру;
- отбасылық кеңес беру.

Ата-аналармен:

- баламен өзара қарым-қатынас сұрақтары және тәрбие (оқыту) сұрақтары бойынша;

Педагогикалық ұжыммен:

- мектептік және әлеуметтік дезадаптация сұрақтары бойынша;
- тұлғалық және кәсіби мәселелер бойынша;

Мектеп жасына дейінгі балаға кеңес беру уақыты 30 минутқа дейін, кіші мектеп оқушысына – 1 сағатқа дейін, жасөспірім және жоғарғы мектеп оқушысына 1,5 сағатқа дейін. Бұл уақытты бөліп қарастыруға болады. Адамдар психологқа өзі шеше алмайтын жағдайлар туындаған кезде барады. Ол жағдайды түсінбеген кезде, оның себептері мен шешу жолдарын таба алмаған уақытта, өз мүмкіндіктеріне сенбесе немесе стресс кезінде болуы мүмкін.

Психологиялық кеңес жағдайында психолог өзінің және клиентінің тұлғалық қасиеттеріне сүйенеді. Соңықтан клиентпен жұмысты қорытындылағанда, әсіресе баламен, оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін кеміткеннен ғері, асыра бағалаған жөн болады. Мұны, әсіресе, акпарат мұғалімдер мен ата –аналарға пайдаланған өбден дұрыс [2]. Сонымен қатар педагогтарға, ата-аналарға мысалы стреске қарсы әдіс-тәсілдер пайдалануға болады. Қазіргі біздің өміріміз қарқын алғандығы соншалықты, бұл жүйкемізге әсер етіп қоймай, денсаулыққа да ықпалын тигізуде. Фалымдар қазірге адамға «стресс торына» түсіп қалмауға көмектесетін әдістер мен тәсілдерді ойлап табуға еш шаршамайды. Барлығы үшін сауықтыру ережелері:

- Аптасына жарты күн Сізге не ұнайды соны істеніз: биленіз, жузініз, қыдырыңыз немесе саябақ орындығында отырыңыз. Жалпы өзінізді тек жұмысқа беруді тоқтатыңыз;
- Бір күнде кем дегенде бір рет немесе одан көп ең қымбат деген адамға жылы сөздер айтыңыз. Еш күмәнданбаңыз: ол да Сізге солай жауап береді. Біздің қатал өмірде біреу өзінді жақсы көреді деген ойдың өзі санамыздағы ауыр стрестен қорғауға қабілетті;
- Аптасына екі немесе үш рет дene жаттығуларын жасаңыз. Жаттығулар шаршатында болмау керек, егер де жаттығудан соң душ ақжет болса, Сіз бір нәрсені дұрыс жасамадыңыз не жеткіліксіз жаттықтыңыз;
- Көп су ішініз (ішімдік сұы емес). Денені жақсы формада ұсташа үшін бір күнде кемінде 1-1,5 литр су ішу қажет т.б. [1].

Бұнымен қатар күнделікті өмірде *релаксация(босаңсу)* өте пайдалы әдіс өрі оны менгеру де оңай – ол үшін арнайы білімнің және табиғат сырының қажеті жоқ. Бірақ бір қажетті шарт – мотивацияның (тұртқінің) болуы, яғни әрбір адам не үшін релаксацияны менгеру керек, соны білген жән. Релаксация әдістерін ертерек менгеру керек, яғни өте қыын кезеңде шаршау мен тітіркенуге қарсы тұру үшін. Сабак өз кезегімен өтсе, релаксациялық жаттығулар әдетке айналады және жағымды әсерлермен ассоциацияланады, оларды менгеру үшін табандылық пен шыдамдылық қажет. Сонымен қатар педагогикалық кенесе және мектеп әкімшілігі тарапынан семинарларға қатысып, релаксация өткізу қажет. Оның пайдасы адам ағзасына, стрестің алдын алуға, шаршағанды басуға және көңіл күйді көтеруге байланысты қарастырғанabant.

Біздің көпшілігіміз жан және бұлшық еттік күйзеліске үйренгеніміз сонша, оны табиғи нәрсе деп оның зияндылығын ескермейміз. Релаксацияны менгеріп, бұл күйзелісті реттеуге, тәмендетуге, әліретуге болады. Релаксациялық жаттығуларды жалпы оёткізуге, мейлінше жеке бөлмеде, бөтен адамдарсыз орындау керек. Жаттығулардың мақсаты – бұлшық еттердің толық босаңсуы. Мысалы: Толық бұлшықтық релаксация психикаға жағымды әсер етеді және жан күйінің тенденсүіне қол жеткізеді. Жаттығуды бастарда бастапқы күйді қабылдау керек: арқамен жату, аяқты екі жаққа қою, қолдар, алақан мен дененің бойында жату керек. Бас сөл ғана артқа кетеді, барлық дene бос, көз жұмулы, тыныс алу мұрын арқылы.Психикалық ауторелаксация «идеялық бостиқ, ештеңе жоқтық» күйін тудыру мүмкін. Бұл айнала әлеммен миға қажетті демалыс беретін психикалық және ойлау байланыстарын минуттық бұзу болып табылады. Мұндай кезде өте сақ болу керек, шамадан тыс қүштеніп, зорлануға болмайды. Релаксациялық жаттығулар әр түрлі болады. Оны ұжымда жеке тұлғаға қатысты дұрыс таңдал өткізу қажет.

Мектепте педагог- психолог оқушылармен әңгіме жүргізу арқылы «ҰБТ жағдайына оқушылардың психологиялық мінез-құлқына» талдау және болжам жасайды. Талдау мен болжам нәтижесінде мектеп оқушыларының қолайсыз жағдайларға шыдамсыздығы және ауыр қабылдаулары анықталғаннан кейін психолог маман оқушыларға арнайы психологиялық курс бағдарламасын құрғаны жән. Курс бағдарламасы оқушылардың психологиялық даярлығының ерекшелігіне, яғни ҰБТ-ге деген көзқарасы мен қатынасына байланысты жасалады. Түлектерді Ұлттық біріншай тестілеуге дайындық ретінде тренингтер пайдалануға болады.Тренингтің топтық жұмысы өзіне тән бірқатар принциптермен ерекшеленеді. Олар: белсенділік ұстанымы; шығармашылық ұстанымы; түсіну ұстанымы; әріптестік қатынас ұстанымы. Ресейлік

психологияда тренинг – оқытудың немесе әлеуметтік-психологиялық тренингтің белсенді тәсілдерінің бірі деген үғым кең таралған. Л.А.Петровская әлеуметтік-психологиялық тренингті «өзара қатынастағы білімді, әлеуметтік белгілеулерді, қабілеттілікпен тәжірибелі дамытуға бағытталған әсер ету құралы», «психологиялық әсер ету құралы» [3] ретінде қарастырады. Бұл әдіс балалармен, ата-аналармен, әлеуметтік топтардың кәсіби мамандарымен, кәсіпорындар мен үйымдардың жетекшілермен жұмыс істеуде белсенді түрде қолданылып келеді. Педагог – психологтың мектептегі қызметі өте ауқымды. Соны жүйелеп, жоспарлап жүзеге асыру үлкен міндет болып табылады. Психологқа сонымен қатар сырттан сұраныстар келіп отырады. Оған жауапкершілікпен қадағалап, уақытысында орынданап отыру қажет. Психолог өз қызметінде жоғарыда айтылғандай әр түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білсе, алдына келген мәселеден киналмай әрқашан уақытысында орындалып, бәрі сәтті жүзеге асады. Мектептегі психологиялық қызметтің қызығыда қындығыда бар. Өз мамандығын сүйе білген адам ешқашан қындыққа душар болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі психологиялық қызмет// журнал Алматы -2014ж. №5, 7
2. Наубаева Х.Т. Педагог-психологтарға практикалық көмекші құрал, - Талдықорған, 2012.
3. Дастанқызы Б. Психологиялық жаттығулар жинағы Алматы, 2007 – 196 б.

ӘӨЖ 37.018

АДАМНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Капенова А.А. п.ғ.к., доцент

*I.Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік ниверситеті, Талдықорған қаласы
aka72@list.ru*

Мақалада бүгінгі дағдарыс кезіндегі адамның психикалық денсаулығы, эмоционалды аясы, әлеуметтік денсаулық пен психикалық денсаулық мәселелері, әлеуметтік және психикалық денсаулық критерийлері қарастырылады.

В данной статье рассматриваются современные проблемы психического здоровья, критерии психического и социального здоровья, влияние окружающей среды на психическое здоровье людей, а также влияния зон риска на здоровье нации в целом.

The article focuses on modern mental health problems, criteria of mental and social health, environmental influences on mental health, and the influence of risk areas on the health of the nation overall

Кітт сөздер: дененің саулығы, психикалық денсаулық, әлеуметтік денсаулық, ағзаның функционалды қызметі, ой белсенелілігі, психология, медицина

Дүниежүзілік психикалық денсаулық федерациясы, өлемдік денсаулық сақтау үйимының көрсеткен қолдауына орай, 1992 жылы 10 қазанды халықаралық психикалық денсаулық күні деп жариялаған.

Қазіргі таңдағы өлемдік дағдарыс адамдар бойында психоәлеуметтік және психоэмоционалды қысым түсіруде. *Адам қоршаган ортамен дene және рухани үздіксіз байланысқан жүйе.*

Бұғынгі таңдағы өркениет дамуында адамның психикалық денсаулығы аса негізгі мәселелері қатарында түр. Осыған байланысты, соңғы жылдары аталған проблемаға қызығушылық байқалып, әркім де болса өз денсаулығын жақсартуға ден қойып жатыр. Денсаулықтың өзі: дene саулығы, психикалық денсаулық және әлеуметтік денсаулық деп ерекшеленеді.

Денениң саулығы - бұл ағзадағы физиологиялық үрдістер үйлесімділігі мен оның әртүрлі сыртқы орта факторларына максималды бейімделуі.

Психикалық денсаулық – психогигиена, адамның рухани аясының өзіндік тәртібі, ниет пен ой тазалығы. Психикалық денсаулық сонымен қатар, психиканы жаттықтыру мен психикалық үрдістерді дамыту және де ақыл мен сезімді тәрбиелеумен сипатталады.

Ал, әлеуметтік денсаулық – адамның қоршаган ортаға қатынасы мен әлеуметтік белсенділігі. *Әлеуметтік денсаулық* - бұл адамның өзін қогамның бір бөлшегі ретінде түсіну, қогамда және қогам өмірінде өз жетістіктерін сезінуі. Бұл адамның материалдық қажеттіліктерімен қамтамасыз етілуі. Әркімнің де денсаулығы оның өмірі мен тіршілігі өтетін қоршаган орта жағдайына тікелей байланысты. Ал, тіршілік ортасы – табиги, қогамдық түр ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін табиги және жасанды жағдайлар жисынтығы болып табылады.

«Психикалық денсаулық» ұғымы медицина мен психологиялық ғылымды байланыстырады. Психикалық денсаулық - адамның қымыл-қозғалыс және ойлау белсенділігінің деңгейін анықтап, ағза мүшелері қызметі, жалпы денсаулыққа әсер етеді. Психикалық денсаулық – даралықтың өзін лайықты психикалық қадағалауын қамтамасыз ететін қолайлы психикалық қалып. *Психикалық денсаулық адамның жаңа білімді қабылдау қабілеті, психикалық үдерістердің күши, қозғалғыштығы.* Еңбек өнімділігінің өзи адамның психикалық денсаулығына тікелей байланысты жүреді. Психикалық денсаулық проблемасы ресейде Б.С.Братусь, И.В.Дубровина, Г.С.Никифоров, елде С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева, Х.Т.Шеръязданова, Қ.Н.Нығыметова еңбектерінде қарастырылған[1, 2, 3, 4].

Пессимист бағыт ұстаушы адамдардан аса жарқын, аса нәтижелі, жемісті ойлар мен шешімдер күту қынға соғады. Адамның психикалық денсаулығының нашарлауы көптеген психологиялық кедергілерге әкеліп соғады. Осыдан келіп психикалық денсаулық пен эмоция арасындағы байланысты байқау да қын емес. Басқа адамның эмоционалды қөнілін түсіне алу, оған аса сезімталдылықпен қарау – жоғары тәртіп мәдениетін айғақтайды[5].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйымының Жарғысындағы (1948) кіріспе сезінен көрсетілген анықтама бойынша, денсаулық – бұл аурулар мен дene кемшіліктердің болмауы ғана емес, ол адамның толық дene, жан саулығы және әлеуметтік сау күйі [6].

Адамның генетикалық денсаулығы жалпы алғанда «денсаулық» түсінігін құрайды. *Денсаулық* – бұл тек аурудың болмауы емес, ол толық дene, психологиялық және әлеуметтік сәттіліктер. Негізінен, денсаулықтың: дene, психикалық, ақыл-ой, рухани, эмоционалды, әлеуметтік денсаулық сияқты бірнеше қырлары бар.

Денсаулық – баға жетпес жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін уақыт, күш – жігер, еңбек, тіпті барлық дүниені аямаған абзal. Зерттеу нәтижелері көрсеткендегі, адам денсаулығының медицинаға он пайызы ғана тәуелді. Ал қалғаны әр адамның өзіне, өмір сүру тәсіліне байланысты екен.

Адамның денсаулығы – өзгеріске ұшыраған коршаған орта жағдайындағы адамның жас және жыныс ерекшелігіне сай дene, психикалық тұрақтылық қабілеті.

Денсаулықтың басты белгілеріне:

- зақымдалған факторлар әсеріне тұрақтылық;
- орташа статистикалық нормалар көлеміндегі даму мен өсу көрсеткіштері;
- орташа статистикалық норма көлеміндегі ағзаның функционалды жағдайы, күйі;
- ағза қорының (резерв) мүмкіндігінің болуы;
- ағзадағы қандай да бір ауру немесе дамудағы ауытқудың болмауы;
- моральды-еріктік және құндылық-мотивациялық құрылымның жоғары деңгейі жатады. Осылайша, денсаулық – ол тек медициналық диагноз емес, оны бағалауға және оған әсер етуге болатын дene және әлеуметтік өлшемдер жиынтығын береді. Психикалық денсаулыққа үстіртін қарауға болмайды.

Жоғары психикалық үрдістер қызметінің дамуы психикалық денсаулықты қамтамасыз етеді. Баланың үйлесімді дамып, қалыптасуында оның жекелей және жас ерекшелік мүмкіндіктері есепке алынбай, психологиялық жана құрылымдар қалыптасуы үшін қажетті жағдай орнатылмауы психикалық денсаулықтың бұзылуына әкеліп соғады.

Бала өмірге келген кезден, жаңа әлеуметтік, психикалық өлшемдерге тап болса да, ол әлі де көпке дейін ментальды симбиозды күй кешеді. Осы туралы Жан Пиаже психика дамуының кезеңдік тұжырымдамасында, алғашында нәресте өзін ортамен біртұтас күйде сезінеді, бала өзінің дара, дербес тұлға екенін екі-үш жасқа толып, түрлі әрекеттер орындалап, «Мен» бейнесін түсіне бастағанда ғана сезінеді деп пайымдаған [5]. Ата-аналар, жалпы бала тәрбиесімен айналысатын педагог-психолог мамандар баланың психикалық денсаулығы ақыл-ой, дene, психикалық және рухани дамуы өзара байланысты әрі үндесе жүзеге асқан жағдайда нәтижелі болатындығын естерінде сақтағандары жөн. Осы орайда, рухани білім алу қажеттілігі әрбір адам үшін аса маңызды болып табылады.

Адамның рухани білімі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым көбірек рухани қанағат алады. Ол өз кезегінде өмірде өзін жақсы сезіне алады. Рухани рахат үзакқа созылады және адам санасында терең із қалдырып, шынайы рахат сезіміне бөлелейді. Баланы рухани дамытуда мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, айналадағы адамдарға қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сініре білу керек.

Әркім бақытты өмір сүру үшін ең әуелі рухани саулығына назар аударуы керек. Рухани саулыққа көніл бөлінген жағдайда адам ойлау қабілеті жоғары, кез-келген ортада өз орнын білетін, сезі мен ісіне жауапкершілікпен қарайтын, коршаған орта туралы хабардар жан болады.

Баланың психикалық денсаулығы оның әлеуметтік өміріндегі: этникалық, отбасылық, білім беру, ақпараттық, рухани және басқа да көптеген факторларға байланысты. Осы көрсетілген факторлардың әрқайсысы, бүгінде өзіндік дағдарыс кешуде. Атап айтса, отбасы - баланың әлеуметтену үрдісіндегі психологиялық орта ретінде дағдарыс кешсе, мектептегі білім беру ортасы 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу бағытында, ал кең көлемдегі ақпарат өсіп, қалыптасып келе

жатқан бала психикасына өзінше із(агрессия, оқшаулану, қынжылу т.с.с) қалдыруда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі сарапшылары бүгінде балаларда: эмоционалды бұзылудар, тәртіп ауытқушылығы және дамудағы кешеуілдер сияқты негізгі үш психикалық бұзылударды бөліп көрсетуде. Соның ішіндегі эмоционалды бұзылудар қыз балалар мен ер балаларда теңдей кездесіп жатса, тәртіп ауытқушылығы мен дамудағы кешеуілдер ер балаларда ерекше байқалуда.

Әлеуметтік, биологиялық және психологиялық сипаттағы сәтсіз әрі үйреншікті емес әсерлер бала тәртібі мен мінез-құлқында болдыру, шаршау, үрей, мазасыздану, аффект, фрустрация сияқты құбылыстарды қалыптастырады.

«Орта» түсігінің кең, ауқымды мағынада қолданылады. В.В.Левин «орта» түсінігін «адамдар ортасы», «қоршаған орта», «тіршілік ортасы», «адамзат ортасы» сияқты ұғымдармен байланыстырады[4]. Адамды айнала қоршаған ортаны – табиғи орта, квазитабиғи орта (ландшафт, топырақ, су, ауа, фауна мен флора), жасанды орта және әлеуметтік орта деп төрт түрге бөліп қарастыруға болады.

Осылайша, психикалық денсаулықтың дұрыс болуы климаттық аймак, түрғын үй, тіпті баспана жағдайына да байланысты. Кеңістіктің көлемі, ауа температурасы, ол жердегі жиһаздардың өздері түрғын үйдің микроклиматы ретінде психикалық денсаулық қорсеткіші болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуі адамның психологиялық денсаулығы мен күйзелістік құбылыстар арқылы әсер етеді. Адам әлеуметтік жүйенің «фокус», «орталығы» ғана емес, ол сонымен қатар, биологиялық жаратылыс. Ол қозғалысқа түсуге қабілетті, физиологиялық, биологиялық, әлеуметтік, ақпараттық, энергетикалық т.б зандалықтармен өзара байланысқан өзін-өзі басқаратын тұтас жүйе.

Соңғы жылдары американ ғалымдары барлық қатерлі ісік ауруларының тоқсан пайызы қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне байланысты болатындығын айтады. Аурулар индустримальды және ластаңған аудандарда жиі кездеседі. Кез-келген адам тіршілік етудің алғашқы кезеңінің өзінде, белгілі бір тіршілік ортасында өзара ортақтастықта болады: белгілі бір ортада оқып, білім алады, жекелей тұлғалық сапа, қасиеттерді менгереді.

Жаһандық экономикалық ахуал қыншылығына, өтіп жатқан дағдарысқа байланысты Қазақстан бүгінде нарықтық, әлеуметтік, саяси бағыттағы бетбұрыстарды басынан кешуде.

Психикалық дени сау тұлға қалыптастыру жағдайында әр адам үшін төменде көрсетілген әлеуметтік факторлардың алатын орны ерекше. Олар:

- макроәлеуметтік фактор – мемлекеттің, елдің нақты тарихи жағдайлар мен мәдени салт -дәстүрі;
- микроәлеуметтік фактор – қоғамдағы әр отбасының экономикалық әл-аухаты, жағдайы;
- психоәлеуметтік фактор – нақты отбасы үшін қажеттіліктер иерархиясындағы денсаулықтың алатын орны мен рөлі;
- психологиялық фактор - нақты отбасы үшін денсаулық иерархиясындағы тұлғалық бағыт – бағдар;
- тәуекел факторы – бұл тәуекел факторларының шынайы байқалуы. Келешек үрпактың үйлесімді психофизиологиялық жетілуін жақсарту, психикалық денсаулығын нығайту – бүгінгі таңдағы әлеуметтік саладағы негізгі міндет.

Еңбек, оқу және тынығудағы зерделі құрылған күн тәртібі - баланың психикалық денсаулығының кепілі. Бұл жерде еңбек: ой және дене еңбегі болып белінеді. Тынығу: белсенді және пассив болады. Күн тәртібідегі қатал шарттар стресс жағдайына әкелуі мүмкін. Осылайша, бала сәтті психикалық және дене жағдайында ғана дені сау тұлға ретінде дамып, қалыптаса алады.

Сонымен, психикалық денсаулық онтогенездің барлық кезеңіндегі баланың толыққанды психикалық дамуының негізгі құрауышы. Жоғары психикалық қызметтің дамуы психикалық денсаулықты қамтамасыз етеді.

Баланы түрлі аурулар, аштық, ластанған қоршаган ортадан сақтандыру мемлекет, отбасы, басқа да қогамдық үйымдар алдында тұрган басты міндеттердің бірі болып табылады. Олай болса, келешек үрпақтың психологиялық денсаулығын, психологиялық білімі мен сауаттылығын жақсарту жолында өр адам асқан жауапкершілік таныта білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Братусь Б. С. Образ человека в гуманитарной, нравственной и христианской психологии // Психология с человеческим лицом: гуманистическая перспектива в постсоветской психологии. - М., 1999. С.67-91.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Оқулық -Алматы: Алла прима, 2012.- 36 б.
3. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы формирования поликультурной личности. - Алматы: Каз НПУ им. Абая, НИИ Психологии 2008. – 22с
4. Абеуова И.А., Нығметова К.Н., Шеръязданова Х.Т. Психопедагогика здоровья: Учебное пособие. – Алматы: 2006., -140с
5. Никифоров А.С. Эмоции в нашей жизни – Москва., 2009., 272с
6. The mental health context. Geneva, World Health Organization, 2003 (Mental Health Policy and Service Guidance Package).

ӘОЖ 159.9

ДАУ-ДАМАЙЛЫ ЖАҒДАЙДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРФЫДА ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Кабылова М.С.

Педагогика ғылымдарының магистрі

*I.Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы,
madina.3024@mail.ru.*

Мақалада қарым-қатынастагы дау-дамайдың өлеуметтік-психологиялық әсерін теориялық талдау және дау-дамай – күрделі қайшылықтардың пайда болуы, қарма-қарсы қызығушылықтардың қақтығыстары, күшті эмоциялық көзіл-күйлермен байланысты әртүрлі мәселелерге өзара түсініктің болмауы туралы қарастырылады. Бұл дамушы ғылым ретінде өлеуметтік-психологиялық, заң және педагогикалық білімдердің жиынтығына сүйенеді. Бұл – қақтығыстардың түүх, дамуы, оны шешу, сонымен қатар, оның кері салдарын жою заңдылықтары туралы ғылым. «Дау-дамай» үгымы міндетті түрде адамдардың немесе қандай да бір нәрселердің арасында пайда болатын көп деңгейлі құбылыстардың кең шеңберінде жатады.

В статье анализируются теоретические аспекты конфликта в общении. Конфликт-возникновение сложных противоречий, конфликт противоположных интересов, это сильные эмоциональные разногласия в разных ситуациях. Конфликт в виде развивающей науки отирается на социально-психологические и педагогические науки. Это наука рассматривает возникновение, развитие и методы решения конфликтов. Понятие «конфликт» рассматривается в рамках отношения людей и предметов.

The article examines the theoretical aspects of the conflict in communication. Conflict – emergence of complex conflict, the conflict of opposing interests, these strong emotional differences in different situations. Conflict as a developing science based on social-psychological and pedagogical sciences. This science considers the occurrence, development and methods of conflict resolution. The concept of “conflict” is considered within the relationship of people and objects.

Кілттік сөздер: Дау-дамай, қарым-қатынас, даму кезеңдері, биологиялық себептері, инстинкт, дагдарыс, агрессия, фрустрация, тұқымқұалдаушылық; тұлғааралық, тұлғаішілік қақтығыстар.

Қарым-қатынас бұл белгілі мақсатқа бағытталған немесе сол мақсатқа жетудегі ақпарат алмасу ғана емес, осы үрдіске қатысушылардың іс- әрекеті. Адам өмірінде қарым-қатынас процесі маңызды роль алады. Сондықтанды қарым-қатынас процесі білімнің әр түрлігі саласының қызметкерлерінің назарын аударып отырғаны кездейсоқ емес. Мысалы, философия, психология, социология, мәдениеттану және лингвистика. Қарым-қатынас процесі XX ғасырдың екінші жартысында белсенді түрде дами түсті. 1960-70 жылдары қарым-қатынастың әртүрлі аспектлері психологиялық сипаттамасына, коммуникативтік актлердің семантикалық және тілдік мінез-құлықтың ерекшеліктері мен ережелеріне аударды. Енді қарым-қатынас іскер және достастық өзара қатынас, тілдік белгілер арқылы ой алмасу ретінде анықталады. Сонымен зерттеушілер қарым-қатынасқа қатысушылардың психологиялық сипаттамаларына, тілдік іс-әрекет ерекшеліктеріне, тілдік мінез-құлық ережелеріне көніл аударып, зерттеуге тырысты. Психологиялық және әлеуметтік әдебиеттерде «қарым-қатынас» пен «коммуникация» ұғымы бірбірімен қалыптасатын, бірақ синоним емес ұғымдар ретінде қарастырылады. XX ғасырдың басында ғылыми әдебиете пайда болған «коммуникация» термині материалдық және рухани әлемнің кез келген объектілерінің байланысы, адамнан адамға ақпарат алмасу процесі (ойлар, пікірлер, көзқарастар алмасуы), сондай-ақ әлеуметтік процестерге әсер ету мақсатындағы қоғамдағы ақпарат алмасу ретінде қолданады. Қарым-қатынас танымдық және интелектуалдық ақпарат алмасу кезіндегі адамдарды тұлғааралық өзара іс-әрекеті деп қарастырады. Оның негізінде мәдени құндылықтар мен нормалар жатыр, оның ең биік шыңы адамның жеке мінез құлқы және басқа адамдармен қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас адам өмірінің рухани және материалдық формаларының саналуандығын сипаттайды және тұлға өміріндегі ең маныздылық қажеттілік болып табылады.

Поляк психологы С.Мелибруда өз еңдегінде «Өзара қарым-қатынастың маңыздылығы, біз дем алғы жүрген ауадан ешбір кем емес екендігі ешкімге құпия емес» - деп жазады[1]. Ал француз халқының ұлы жазушысы Антуан де Сент-Экзюпери «Нағыз байлық, бұл адамның қарым-қатынасы»-деген қағидасын ортаға салады [2]. Қарым-қатынас қажеттілігі материалдық жағдайларды өндірудегі бірлескен әрекет қажеттілігінен

туындаиды. Ал рухани өмір аумағында тұлғаның әлеуметтік тәжірбебені жинақтау қажеттілігі негізгі орынды алады. Дегенмен екі формасында да басқа адамдармен бірлеспей қарым-қатынастың жүзеге асуы мүмкін еместігі айқын. Қарым-қатынас мәселесін талқылауда ғалымдар «қарым-қатынас» үғымының мәнін ашуға көп көңіл бөледі. Көп жағдайда қарым-қатынасты адам әрекетінің бір түрі ретінде яғни, «қарым-қатынас әрекеті», «коммуникативтік әрекет»-деп қарастырып жүр. Сонымен қатар, қарым-қатынас үрдіс ретінде қарастыратын жағдайлар да ғылымда көптеген кездеседі. Мысалы, А.С.Золотнякова «Қарым-қатынас әлеуметтік және тұлғаға бағытталған үрдіс, мұнда жеке тұлғалық қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады»-деп анықтама береді[3].Оның ойынша, қарым-қатынас әлеуметтік үрдісі болып табылады және сол арқылы қоғам индивидке әсер ете алады. Яғни, қарым-қатынас коммуникативтік-реттеуіш үрдіс ретінде түсіндіріліп, үрдісте тек әлеуметтілік құндылық мөлшері беріліп қана қоймай, индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруы сипатталады. Ғалым А.А.Бодальев өз кезегінде қарым-қатынасты адамдардың өзара әрекетесуі ретінде қарастырады, оның мазмұнын түрлі коммуникациялық құралдардың көмегімен ақпарат алмасу құрайды деп көрсетеді. Бұл пікірге З.И.Клычникованың берген анықтамасы жақын келеді. Ол «Қарым-қатынас белгі беру құралдары арқылы субъектілердің өзара әрекетесуі, қарым-қатынас әрекет мұқтаждарына байланысты туындаиды және нақты өзгерістерге, мінез құлыққа, серіктестің тұлғалық мағыналы біліміне бағытталады» -дейді[4]. Айта кету керек бұл жерде қарым-қатынаска түсуге зор үлес қосатын бүл-тіл. Тіл арқылы қоршаған ортамызben қарым-қатынаска түсіп, ой пікірімізді бөлісеміз. Керек кез келген ұжым мен мекемеде, өндіріс орындарында түрлі себептерге байланысты таластартыстар мен дау-дамай болып отыратындығы мәлім. Бұл мәселені психология ғылымы адамдар мен көпшілік арасындағы қарым-қатынаста психологиялық ахуалдың жағымсыз көріністері деп санап, оны өз алдына бөліп қарастырады. Өндіріс орындарында ұжымдар ішінде туындалп отыратын талас-тартысты, дау-дамайлы мәселелер негізінен жеке адамдардың мақсат мұдделерінің, көз-қарастары мен қалыпты жағдайлардың өзгеруіне, олардың жеке бастарының мінез-құлық ерекшеліктерінің қанағаттанбау сезімінің салдарынан туындал жатады.

Ал дау-дамайлы ұжымдарда олардың іс әрекеттерін дұрыс үйімдастыра алмай іскерлік қасиеттерінің тоқырап қалуына әкеп соктырады. Сөйтіп, таластартыстың шығуы негізінен тоқырап қалуға қарсы күрес жүргізуге байланысты екенін аңғартады. Тұлғаның жас ерекшелігіне және дамуына байланысты әр бір адам қарым-қатынастағы қажеттілікпен анықталады, негізінен үлкендермен қарым-қатынас жасау арқылы немесе келіспеушіліктен туындаитын дау-дамай(конфликт) барысында қанағаттандырылады. Жеткіншектердің құнделікті дамып, тұлға ретінде қалыптасуы мен қоршаған ортаны тануында өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Адамдар арасындағы дау-дамайлы мәселеде «сезімдік күйдің орнын толтыру», оның «есесін қайтару» дейтін үстам бар. Бұл үстаным бойынша сізге шағынған адам «азап көруші», «жәберленуші» ретінде саналуы қажет. Ал істің шындығында жәберленуші оның қарсыласы екендігі өзінен-өзі айқын байқалып тұрады. Шағынушының көңілін басу үшін сіз онымен әнгімелескенде бір жағынан мадақтап та қойғаныңыз пайдалы болмак. Өйткені, халық даналығы «жылыжылы сөйлесен жылан інінен шығады» дейді»[5]. Әңгіме кезінде сіз

шағындаушыға «сіз өр бір істің мән жайын жете түсетіндей нәзік не ақылды кісідей көрінесіз»[6]. Өзінізге не мәлім, ертеден келе жатқан халық даналығы «екі адам керісе қалса, өр кезде ақылдысы кінәлі» деген мәтел осыдан қалған.

Дау-дамай, өсіресе жеке адамдардың өзара жалпы тіл тауып, түсінесе алмауы салдарынан шығады. Өйткені, өр бір адамның даралық ерекшеліктері, көзқарастары мен өмір тәжірибесі турліше. Сондай-ақ, дау-дамай әрбір адамның өзгелерден тәуелсіз өзіндік міnez құлқына орай бостандықты қалауы деп те түсінуіміз керек. Дегенмен, дау-дамайдың жағымсыз, ұнамсыз жақтарымен бірге, пайдалы да ұнамды сипаттары болатын атап айтуда тиіспіз. Жеке адамдар мен ұжым ішіндегі талас-тартысты мәселерді дер кезінде шешіп отыру әрбір істің алдағы кезеңдерде тиісті нәтижелер беріп, олар өмір тіршілігінде барынша пайдалы екендігін атап айтқан жөн. Конфликттің шығуының ішкі және сыртқы себептері бар.

Сыртқы себептер: іскерлік және өзаратұлға аралық келіспеулер, жұмыстағы қателіктер, жұмыс тәртібі мен келісім негізін бұзу. *Іүкі себептер:* жағымсыз эмоциялық және өзара қатынастың арасындағы байланыс[7]. Конфликттің басқа себептері - психологиялық кедергілер мінездердің сәйкес келмеуі, талаптардың сәйкестенбеуі, етініш пен өкілдердің келіспеуі, қарым-қатынаста серіктердің өзара түсініспеушілігі мен бірлескен әрекеттерінде кедергілердің болуы. Конфликтология ғылымында «сын» ұғымы қолданылады. Сын өр жеке тұлғаның әрекет бағасы мен бақылау формасының ұжым талабына сай болмауы. Сынның екі түрі бар: 1.Іскерлік; 2.Моральдық(адамгершілік).

Іскерлік сын - жұмыстағы қателікті анықтауға бағытталған. Ол оның себептерін ашады және сол жағдайдан шығудың нақты жолдарын көрсетеді.

Моральдық сын - жазықтыға қарсы бағытталған айыппау сөзі. Тағылатын сынның әрдайым нақты фактылары болуы керек[8]. Егер ол аргументке негізделмесе нәтижесіз болады. Конфликттің жағдайды терең және жан-жақты талдау өзіндік сын элементтерінен тұрады, оны ерекше жіктеген Ю.Краковский.Оның ойынша сын былай болады:

- 1.Дем беретін (ештегесі жоқ, келесі жолы, одан да күшті болады, ал қазір болмай қалды);
- 2.Сын кінәлау (неге? оныңыз қалай? мен сізге сонша сенім артып едім);
- 3.Сын үміт (сенемін, келесі жолы бұл тапсырманы одан да жақсы орындаісыз);
- 4.Сын ұқсастық (мен де бұрын дәл осындай қателік жібергенмін);
- 5.Сын мақтау (жұмыс жақсы орындалды, бірақ берілген нақты жағдай ескерілмеді);
- 6.Сын қамық ойлайтын (мен өсіресе мына кісілердің жұмыстағы болған жағдайларын қамып ойлап отырмын);

- 7.Сын бірге уайымдау (мен сізді жақсы түсініп, сіздің жағдайынызды қабылдап отырмын, бі 8.Сын өкіну (өкінішті, бірақ, айтып өтуім керек сіздің жұмысының сапасыз орындалды...);
- 9.Сын мысқыл (нағыз керек жұмыс, бірақ бір-біріміздің кездерімізге қалай қараймыз);
- 10.Сын таң қалу (қалай? неліктен сіз осы жұмысты орындаі алмадыныз?) [9]Ескертпелі сындар этикалық формада айтылуы тиіс, олар жеке тұлғаның тіке өзіне бағытталып, оның есінде қалатындаид, жеке басына және кәсіптік қызмет

әрекетіне жағымды өсер ететіндегі дәрежеде айтылады. Өзіндік сын өзінің қатесін ашу жеке жұмыстағы кемшіліктеге тағылатын сын. Өзіндік сынның ішкі реттеушісі жауапкершілікті сезіну. Сынды әңгіме тақырыбына және серігінің өзіндік сын деңгейіне байланысты ауыстыру қажет. Әсер ету шараларын таңдамас бұрын, неге жеке тұлға осындағы әрекет жасады деп түсінушілікпен қарау міндет. Сынды жасаушынын мінездемесі. Сын - бұл үшкір, өткір қару, ол тек жасаушы ғана емес, адамның жеке тұлғасының қасиетін бұзуы да мүмкін. Сондықтан сынды жасаушы сын шешімінің жақсы болуына мынандай жағдай әкелед

- ол мақсат емес, құрал болуы мүмкін;
- сынды сенімі мен сыйластығы бар адам айтады;
- адам емес, іс-әрекет пен іс сыналады;
- ол күнделікті жағдайда, не үнемі қолданылмайды;
- ол басқалардан оңашада, достық түрінде ескертіледі;

Сын - дәрі сияқты, оны қолдана және қабылдай білу керек. Нәқты және тактикалы сынау қажет және сынаушы адамның жағымды іс-әрекетіне негізделеді. Сын кезінде шектен тыс шықпаңыз, мүмкіндігінше бір ғана кемшілікті ескертініз және т.б. Сын жағдайында мына сұрақтар жүйесін қолданыңыз: «Бәрі де жаман ба?», «Нәқты қай жерде?», «Неге, себебі неде?». Жеке тұлғаға зиян келтірменіз, өзіндік сенімге нұскан жасамаңыз. Конфликтолог, психолог кеңесі: егер қасыныздағы әңгімелесуші адамға таңдау құқығын берсеңіз, ол өзін ерікті, ыңғайлы сезінеді. Сіздерге «Қыын таңдауы бар сұрақтар» технологиясын қолдануды ұсынамыз. Мұның ерекшелігі: серігінізге таңдау вариантының ұсына отырып, оның маңызды мінез-құлық зейінін ауыстырасыз. Мысалы: бір адам екіншісінен сұрайды: «Сіз менімен автобуспен, таксимен немесе жаяу барасыз ба?» Бірнеше таңдауды ұсына отырып, сізben қандай жағдайда болса да баруды ұсынасыз. Балаларға: «Сен қазір бірден үйкітауға барасың ба, әлде ойыншықтарды жинап болған соң ба?» және т.б. «Мен бұрыннан айтайын деп жүр едім» - деген сөздерден әңгіменізді ешқашан бастамаңыз, «үнемі» және «ешқашан» терминдерін қолданудан сақ болыңыз, олар бұрынғы, ескі қателікті еске түсіруге себеп болады. Егер сіз қарсы адамда еш жағдайда мақтамаған болсаңыз, ол сіздің сыныңызды қабылдамайды. Өзгертуге болатың әрекетті ғана сынаныз. Басқа адаммен оны салыстырманыз. Бұл оны төмендетіп, кемсітеді. Өзінізге айтылған сынды үнемі мүқият тыңдауға үйреніңіз. Ескертпе сынды қалай тыңдау туралы бірнеше кеңестер:

- ішкі диалогыңызды теженіз;
- сынды қайта өрлеуге арналған резерв ретінде қабылдаңыз;
- сіз ескертуді түсінгеніңіз туралы белгі берініз, оларды нақтылаңыз және қайталаңыз;
- қарсы шықпаңыз;
- сынды «қанға-қан, жанға-жан» деп қабылдамаңыз, ешқашан кек сақтамаңыз, кек алуға айналдырманыз[10]. Бұл жағдайда сізді қатерлі, қауіпті және кек алушы деп санайды. Егер сізді тәжірибелі адамдар сынайтын болса, онда оған өзіңіз сын айтуды сұраныңыз: «Сіздің менен тәжірибенің жоғары, сондықтан өзініздің ескертпе сындарыңызды айттып беруді сұраймын. Сіздің кеңестеріңіз маған пайдалы». Бұл жағдайда сын құрылымды, жүйелі болады. Адамдарда реніш сезімін тудырманыз, сынды тікелей емес, жанама тағыңыз. Мысалы: той немесе кештерде үзақ және мағынасыз сөйлеген құрбыңызға былай деуге болады: «Сіздің тілегіңіз мерекелік жинальстарда өте тамаша болар еді...» Бірінші өз қателеріңізді тексеріп, содан кейін басқаларды сынаныз. Құрбыңызға үкім жасаудың орнына сұрақ қоюға

тырысының: «Осы туралы сіздің ойыңыз қалай?», «Жақсы нәтиже береді деп сенесіз бе?», және т.б. Мұндай тәсілдер адамның қателігін жойып, өзінің барлық іс-әрекетте маңызды екендігін сезіндіреді, қарсы шығуға жол бермейді, үйлесімді қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік болады. Әрине, осы айтылған жәйттердің бәрі даулы мәселені шешудегі тұрақты өлшем, қасаң қағида деуге болмайды. Дегенмен, адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясына қатысты дау-дамай мен талас-тартыс мәселелерді шешуде осы кезге дейінгі өмір тәжірибесінен жинақталған факторлар екені шындық.

Тілдесу

барысында тұлғаның ең жағымды жақтары анықталады және ашылады. Мәдениетті адам үшін қарым-қатынас қажеттілік, оның жоқтығы ауыр, орны толmas шығын деп қабылданады. Тілдесу барысында адамдар бір-біріне ықпал етеді. Адамдар тілдесуіндегі ең бастысы-өзара түсінушілік. Тілдесу мәдениеті әр адамға қажет. Тілдесу арқылы біз жаңа ақпарат аламыз, басқа адамдармен қатынасымызды ретке келтіреміз, дос табамыз, отбасын құрамыз, еңбек етеміз, оқимыз, өзімізге керектінің бәрін табамыз. Психологиялық түрғыдан даулы мәселені шешудегі бұл тәсілді-адамды сезім билеп, істің мән жайын ақылға салып шешуден алыстаиды деп санайды. Адамды сезім билеп, әрбір істің мән-жайына ой жүгіртпей оған ат үсті қарайтын босақ, даулы мәселені салқын қандылықпен шешу мүмкін емес. Дегенмен адамдар арасындағы қарым-қатынас орнатуда сезімдік күйдің қандай арнада көрінуіне орай пікір алысада мынадай жәйттерді үнемі ескеріп отырудың пайдасы көп екнін ұмытпаған дұрыс. Дау-дамайды басып, керіс жаңжал тудырып жүрген адамдарды, олардың ашу ызасы мен өшпенделілігін басып сабасына түсіруді – қарым-қатынасындағы психотерапея немесе психокоррекция деп те атайды. Мұндай «тәсіл ашу-ызаны басу» делінеді. Белгілі психолог маман К.Роджерс мұндай жәйтті түзетіп, ретке келтіру үшін жан-жалдасуыш адамдарды беттестіріп, олардың наразылықтары мен ашу кегін басу үшін әрқайсысы өзінің ой-пікірін, талап-тілегін бүкпей толық баяндай айтып беруіне мүмкіндік беру керек деп санайды. Олардың сөзін бөлмей, бірінің де сезін қостап бекерлемей тыңдау керек. Олар не айтса да шыдап, бірде-бір қарсылық көрсетпей, тек жанашырлық сезіммен қарап, оның екі жағына да қолдау көрсетудің қажеті жоқ деген кенес береді. Корыта айта кеткенде, бүтінгі таңда жастарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беріп, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлауын, іскерлігін, тәзімділігін, сонымен қатар, кәсіби біліктілігін арттыру өркениетті қофамның міндеті. Сол міндеттерді шешу қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дейл Корнеги. Жақсылыққа апарар жол қайда? Алматы: «Білім», 2002ж., -606
2. Дейл Корнеги. Достарды қалай табу керек және адамдарға қалай әсер ету керек . Алматы: «Білім», 2003ж.
- 3.Бодалев А.А Восприятие и понимание человека человеком. – М.:Издательство Московского Университета, 1982. - 197 с.
- 4.Берн Э. Игры, в которые играют люди: Психология человеческих взаимоотношений. Люди, которые играют в игры: Психология человеческой судьбы: Пер с англ. / Общ ред. М.С. Мацковского. – М., 1996. –336 с.
- 5.Ковалев А.Г. Воспитание ума, воли и чувств. – Минск., 1974. – 240 с.
6. Буева Л.П. Человек: деятельность и общение.-М., 1978.-с. 62-68.

- 7.Соковин В.М. О природе человеческого общения. Фрунзе, 1974,с. 210-216
- 8.Тұралдиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы. Алматы: «Эверо», 2013ж.,-120б
- 9.С.Елеусізова. Қарым-қатынас психологиясы. Алматы, -1995ж.

УДК 378.016

**ХАРАКТЕРИСТИКА МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ ПО
ПРОГРАММЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА ПОВЫШЕНИЯ
КВАЛИФИКАЦИИ «ОРЛЕУ»**

Идрисова А.Е., к.т.н., доцент

*Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова,
г. Талдыкорган, aei_64@mail.ru*

Мақалада үздіксіз білім беру жүйесіндегі қазіргі уақыттағы тәсілдемелер, өздігінен даму, өздігінен жетілу, өзін-өзі таныту технологиялар, білім беру нәтижелерін бағалау жүйелері, сабак беру және оқытудағы қазіргі заманғы сандық жүйелері қарастырылады.

В статье рассмотрены современные подходы в системе непрерывного образования, технологии саморазвития, самосовершенствования, самореализации, системы оценивания результатов образования, современные цифровые технологии в преподавании и обучении.

In the article examine modern approach is in the system of continuous education, technologies of саморазвития, self-perfection, self-realization, systems of evaluation of results of education, modern digital technologies are in teaching and educating.

Ключевые слова: личностно-ориентированный подход, дивергентное мышление, контроль-аудит, оценка, таксономия

Программа повышения квалификации преподавателей в Национальном центре «Орлеу» включает четыре модуля, в которых отражен анализ традиционных и инновационных технологий обучения, организации самостоятельной работы студентов, текущего контроля учебных достижений студентов и ИТ-технологий в обучении.

Цель первого модуля «Современные подходы в системе непрерывного образования» заключается в ознакомлении слушателей с существующими в современной высшей школе современными подходами и методами, улучшающими качество преподавания и их использованием в практической образовательной деятельности. Лекционный материал по первому модулю предоставляет слушателям эффективные стратегии, инструменты и образовательные технологии для обеспечения эффективности учебного процесса и учебных достижений студентов. Тренинги направлены на обобщение, анализ, синтез полученной информации и выработку умений применять ее в преподавании конкретных дисциплин.

В первой теме модуля представлено сравнение традиционных и инновационных технологий обучения, обосновывается направленность обучения

на конкретный результат, приводится классификация инновационных методов обучения, их критерии и характеристики. В данном блоке слушатели отрабатывают техники ведения занятий от организации малых групп до использования case-study. Слушатели представляют свои презентации по использованию инновационных технологий в учебном процессе, обмениваются опытом, тем самым реализуются принципы интерактивного обучения. Преподаватель-тьютор выступает в роли координатора-модератора.

Во второй теме модуля раскрывается личностно-ориентированный подход в обучении, принцип индивидуализации и дифференцированного подхода с учетом потребностей и способностей обучаемого, теоретические основы и методические аспекты дифференцированного подхода к обучению.

Внимание слушателей фокусируется на возможностях выстраивания студентом собственной образовательной траектории на основе формирования индивидуальной образовательной программы с учетом интересов обучаемого, стимулирования студентов к самостоятельному приобретению знаний, необходимых для решения конкретной проблемы, образовательной деятельности, направленного на развитие у обучающихся разумного, рефлексивного мышления, способного выдвинуть новые идеи и увидеть новые возможности (критическое мышление).

В третьей теме рассматриваются технологии развития критического мышления и проблемно-ориентированный подход в обучении, определяются системы действий учителя и обучающихся, анализируются технология проектного обучения. В данной теме дается обзор инновационных технологий в обучении в контексте необходимости развития дивергентного (творческого) мышления. Также приводится информация о понятии «мышление» и дается разъяснение особенностям дивергентного мышления для формирования навыка разработки заданий, направленных на развитие и критического мышления. В соответствии с поставленной целью включены вопросы по таксономии Б.Блума, позволяющие формировать личностно-ориентированные задания обучающихся с различным уровнем восприятия знаний. Приводимый сравнительный анализ проектно-ориентированного и проблемного подходов в образовании позволяют сформировать четкое представление у преподавателей о применимых на практике технологиях разработки заданий, способных формировать у обучающихся практические навыки и профессиональные компетенции.

Основным отправным пунктом мыслительной деятельности вообще и проявления критичности ума, в особенности, является рефлексия. Она возможна только в том случае, если человек мотивирован узнать, понять, осмыслить, установить истину или получить результат, в противном случае ни о какой критичности ума не может быть и речи. Именно поэтому результаты экспериментального формирования критического мышления указывают на то, что развить этот тип мышления удается не у всех обучаемых, а лишь у 30-60 % испытуемых в зависимости от типа группы и уровня образования. В четвертой теме раскрываются социально-психологические аспекты профессиональной деятельности преподавателя вуза. В западной практике огромное внимание уделяется эмоциональному комфорту как студента, так и преподавателя (Emotional Intelligence).

Второй модуль «Технологии саморазвития, самосовершенствования, самореализации» детализирует различные структуры, которые позволяют рассматривать обучение аналитически, развивать новые подходы к учебному

процессу с новым взглядом на расширение интеллектуальных сил студентов, поощрения студентов думать критически и творчески, учить студентов понимать, решать и ставить сложные проблемы.

Во втором модуле рассматривается проектная технология обучения (образовательная технология XXI века), анализируется проектно-организованный подход в выполнении самостоятельных работ. Предоставляется классификация проектов, обосновываются такие основные этапы выполнения проекта, как определение целей и задач, объем и описание работ, ограничения проекта, затраты, бюджет, ресурсы и риски проекта, сроки выполнения, организационная структура, коммуникации на проекте.

Целью третьего модуля «Системы оценивания результатов образования» является ознакомление с современными концепциями системы оценивания результатов образования в высшей школе. Понятие оценивания результатов включает в себя два основополагающих параметра: контроль-аудит и оценку результатов обучения.

Контроль-аудит представляет собой совокупность анализа и интерпретации информации о любом аспекте программы учебной подготовки как части процесса определения ее эффективности и действенности, а также выявления прочих связанных с данной программой результатов [1]. Оценка – это процесс получения информации о ценностных характеристиках деятельности индивида с целью определения достигнутого им уровня компетенции и соответствия последнего профессиональным стандартам. Оценка измеряет результаты обучения отдельных студентов, то есть относится к микроуровню и является одним из элементов контроля [2].

Дж.Коуэн образно определил контроль как «энергетическую станцию процесса обучения», а оценку как «двигатель обучения» [3]. Таким образом, контроль является качественной, а оценка – количественной характеристикой системы оценивания результатов образования.

Наиболее известным подходом к определению ожидаемых результатов обучения является таксономия Бенджамина Блума. Термин «таксономия» обозначает теорию классификации и систематизации сложноорганизованных областей действительности, имеющих иерархическое строение. Б.Блум идентифицировал три области учебной деятельности: когнитивную, эмоциональную и психомоторную [4]. Когнитивная область относится к мышлению и развитию интеллектуальных способностей. Согласно Б.Блуму существует шесть ведущих категорий, которые отображают типы мыслительного поведения от базового до продвинутого (знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка). Эти категории характеризуют различные уровни сложности, то есть обучение должно начинаться на самом низком уровне и далее постепенно переходить на более высокие уровни.

Группа исследователей усовершенствовала таксономию Б.Блума, добавив 7 уровень – «созидание» [5]. «Знание», «понимание» и «применение» относятся к мыслительным умениям низкого порядка, а «анализ», «синтез», «оценка» и «созидание» – к мыслительным умениям высокого порядка.

Smart-цели используются главным образом в менеджменте для управления проектами, управления бизнесом и личностного развития, в настоящее время применяются и в образовании. Аббревиатура «smart» была впервые использована Полом Майером в 1995 году и соответствует словам «specific» (конкретный), «measurable» (измеримый), «attainable» (достижимый), «relevant» (актуальный) и

«time-bound» (ограниченный во времени). Использование smart-целей в образовании позволяет не только сформулировать ожидаемые результаты обучения, но и детально обозначить средства их контроля и оценки путем поиска ответов на вопросы по каждой цели.

Цель четвертого модуля «Современные цифровые технологии в преподавании и обучении» - ознакомить с инновационными подходами в разработке электронного учебного контента и возможностями их применения в практической образовательной деятельности, используя мировые достижения в информационных и компьютерных технологиях. Уникальные изменения в методологиях и технологиях обучения за последние пять лет указывают на актуальность применения информационных и компьютерных технологий в учебном процессе [6].

По результатам обучения в Национальном центре «Орлеу» рекомендуется использовать в высших и средних учебных заведениях следующие инновационные технологии и методы:

- 1) на лекциях – ассоциограммы, видеоматериал, работу в малых группах, smart-цели;
- 2) на практических занятиях - таксономию Б.Блума, тесты, расчетно-графические задачи, рефлексию;
- 3) во время СРСПП - case-study, эссе, тестирование, мозговой штурм;
- 4) во время СРС - цикл Д.Колба, проектный метод, рефлексию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Race P., Ellington H., Percival F. (1993). Handbook of Educational Technology. Kogan Page Ltd, United Kingdom.
2. Crompton P. (1996). Evalution: A practical guide to methods. LTDL: Implementing Learning Technology. Edinburgh: Heriot-Watt University.
3. Cowan J. (1999). Facilitating development through varieties of reflection.
4. Bloom B. (1964). Taxonomy of Educational Objectives: the classification of educational goal. Longman.
5. Anderson L.W., Krathwohl D.R. (2001). A taxonomy for Learning, Teaching and Assessing, A Revision of Blooms Taxonomy of Educational Objectives. New York: Longman.
6. Материалы АО «Национальный центр повышения квалификации «Орлеу». – Алматы: 2015.

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ОӘК 342.1

**БОЛАШАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДЕЛІНДЕГІ СОТ
ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ТУРАЛЫ**

Толқынова М.А.

*I.Жансүгіров атындағы ЖМУ «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті,
Талдықорған қаласы, nakonya1995@bk.ru*

*Фылыми жетекші з.ғ.м., аға оқытушы Байжуманова А.М.
Nurai310707@mail.ru*

Бұл мақалада Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қабылдаган «Бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» атты ұлт жоспарының заң үстемдігін қамтамасыз ету бағыты негізінде сot жүйесін модернизациялау мәселелері мен тиісті өзгерістердің ерекшеліктері айқындалады.

В данной статье рассматривается модернизация судебной системы и особенности внесенных изменений по Плану нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева.

This article discusses the modernization of the judicial system and particular changes on the Plan of the nation - 100 concrete steps to implement the five institutional reforms of President Nursultan Nazarbayev.

Кілт сөздер: сot жүйесі, сot билігі, модернизация, транспаренттік қағидастырылған, заң үстемдігі.

«Болашақ Қазақстанның құқықтық моделі» дегенде мен өз көз алдыма біршама тамаша сәттерден куралған, бұл сәттердің өзі мемлекет дамуындағы барлық салалары толық-қанды дамыған, оның ішінде құқықтық жүйесі тұрақты және бұдан әрі берік, алдымызға қойылған асыл арман – мақсаттардың барлығы мінсіз жүзеге асырылған дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатарындағы мемлекет ретінде елстетемін.

Болашақ Қазақстанның құқықтық моделін құру, ол Қазақстанның өз дамуының жаңа кезеңіне кіру логикасы деп есептеймін. Осыған сәйкес, мемлекеттік басқаруды және саяси жүйені реформалауды мүқиат қарастырып, жүзеге асыруды талап ететіні сөзсіз.

Яғни еліміздің мемлекеттік және саяси құрылымының оңтайлы моделін енгізуіміз керек. Мемлекеттік басқаруды жанғыру және саяси реформаларды іске асыру біздің қоғамымызды топтастыруға, Қазақстанның дүние жүзіндегі беделі мен абыройының есуіне қызмет ететіні айқын. Бұл Қазақстанға халықаралық саясаттың, әркениеттер үндесуінің, Орта Азия аймағындағы тұрақтылық пен интеграцияларының орталығына айналуына мүмкіндік береді. Осы және басқа көптеген өзгерістердің барлығы біздің көзделген мақсаттарға жетуге жол ашады [1, 96 б.].

Әлемдегі дамыған үздік 30 елдің қатарына кіру жөніндегі еліміздің стратегиясы қазіргі Қазақстанның бастамаларының көкжиегін анықтайды. Біздің мемлекетіміздің егеменді және төуелсіз даму процесін бекіту мен жетілдіру ісіне Қазақстанның заң және құқықтық жанры саласындағылары қоса барлығы өзінің үлесін қосуда.

Айтылмасқа болмайтыны – ол бүгінгі күнгі Қазақстан. Себебі, біз болашаққа күннен-күнге, қадам – қадаммен жетеміз, сол себептіде, біз бүгінгі таңдағы жетістіктерімізді анықтаап, саралап, салыстыра отырып, алдағы мақсаттарды өрі қарай жетуді көздейміз. Қазақстан жас мемлекет ол қысқа мерзім ішінде қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды сәтті жүзеге асырған, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған мемлекетке айналды.

Еліміздің жетістіктерінің бірі - ол ата заңымызды қабылдау болып табылады. Әрбір мемлекеттің негізін Алтын Заңы - Конституциясы белгілейді. Мемлекеттің қандай қағидалардың негізінде құрылғанын білдіретін сол елдің Конституациясы.

Сот жүйесі қашанда мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болып қалыптасады. Азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа көзқарасы және қоғам тарапынан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігінің тиімді жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Пәрменді және тәуелсіз сот билігі тәуелсіздік алған жылдардан бері мемлекет пен азаматтың қоғам арасындағы үйлесімді өзара байланыстың принципті кепілінің бірі, азаматтардың Конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып қалыптасып келеді. Еліміз егемендік алып Тәуелсіздің жалауын биікке желбіреткен кезеңнен бері Конституция бойынша Қазақстан Республикасында үш басқарушы билік тармағы қалыптасты. Олар: заң шығаруши, атқаруышы және сот билігі.

Бүгінгі таңда Конституция баптарымен егеменді қазақ елінде сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы болып нақты нығайды. Осының өзі республикамыздағы тәуелсіз үш биліктің бірі – сот жүйесінің ерекше маңыздылығын, айрықша беделін нақты дәләлдей түссе керек. Бүгінгі таңда еліміздің судьялар корпусына өте үлкен жауапкершілік жүктеледі деп сезініп, сол сенімді актау үшін әр судья әрқашан адаптация да әділ сот төрелігін жүргізуі басты назарда ұстауы керек [2].

Еліміз егемендікке қол жеткізіп, көк аспанда тәуелсіздік туы желбірегеніне жиырма бес жылдай уақыт болып қалыпты. Бір сәтке ойлансақ, жиырма бес жыл аз ғана уақыт сияқты. Ал осы қысқа уақыттың қырлары мен сырларына терең үнілетін болсақ мемлекеттің және оның билік институттарының талай-талай белестерден асып, біршама жетістіктерге жеткенін байқай аламыз.

Осы жиырма бес жылда Қазақстандағы сот билігінің де асқан белестері айтартылғатай, жеткен жетістіктері де көп. Қазіргі таңда еліміздің сот билігіне толықтай сипат беру үшін әрбір зангер маман Конституция баптарына жүгінетіндігі сөзсіз. Себебі, Ата Заңымыздың қағидаларында сот билігі Қазақстан Республикасындағы біртұтас биліктің бір тармағы ретінде танылып, мемлекеттік билік органдарының өзара тепе-тендік принципі негізінде жұмыс атқаруының тұғырына айналды. Еліміздің сот билігінің мазмұнын ашуда аталмыш қағида шешуші әрі орталық орын алады [3, 6 б.].

Қазақстандағы сот билігінің қоғам мен мемлекеттік билік органдары арасындағы қарым-қатынастағы рөліне баға беру үшін оның айрықша мемлекеттік билік түрі екендігін анықтайтын өзіне тән ерекшеліктерін атап өткен жөн.

Біріншіден, сот билігі – мемлекетіміздің басқа билік салаларынан, яғни атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарынан өкілеттіктері бойынша да дараланып тұр, демек, өз қызметінде тәуелсіз әрі тек заңдарды ғана басшылыққа алады.

Екіншіден, сот билігінің басты мақсаты еліміздің заңдарына сай әділ шешімдер қабылдау болғандықтан, азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғауда шешуші рөлге ие. Егер, басқа мемлекеттік органдардың құқық қорғау функциялары белгілі бір құзыret шегінен аспайтын болса, соттар әрбір тұлғаның тағдырына байланысты түпкілікті, тек заңға негізделген шешім қабылдау арқылы әлеуметтік әділдікті орнатады. Демек, сот билігінің тәуелсіз билік саласы болып құрылуының астарлы себебі де осында. Өйткені соттардың тәуелсіздігі – азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау мен әділ шешім шығарудың кепілі [2].

Қазіргі таңда, қоғам арасында сот билігіне байланысты әртүрлі пікірлер айтылып жататыны белгілі. Тіпті, кейбір газет пен журнал беттеріндегі мақалаларда жалпы соттар шығарған шешімдердің ішінara қаншасы әділ, қаншасы заңсыз деген сұрапқа жауап беруді мақсат еткен әр-түрлі қоғамдық сұраулардың корытындысы негізінде пайыздық көрсеткіштерді анықтап, осыған байланысты қоғамдағы пікірді қалыптастыру тәсілдері де кең орын алғаны жасырын емес. Осыған байланысты айта кететін бір жәйт, кез келген сотта істі қарау барысында белгілі бір тараптың сот шешімімен келіспейтіндігі анық. Өйткені, тек заңдарға сүйене отырып шешім шығару барысында сот белгілі бір тұлғаға жауапкершілік, не болмаса міндет жүктейтіндігі ақиқат. Осы орайда қоғамдағы соттар, жалпы сот билігі жайлы пікірді тек халық арасында жүргізген сұрау корытындысы бойынша анықтау дұрыс па деген заңды сұрақ туады.

Мениңше, қазіргі таңдағы қоғамдағы сот билігі жайлы кейбір теріс пікірлердің қалыптасуының астарлы себептері осы саланы зерттеудегі, сондай-ақ сот билігінің халыққа деген қызмет көрсету дәрежесін анықтаудағы таңдалып жатқан тәсілдердің біржакты, үстірт қолданылуында. Сондықтан, қоғамдағы сот билігіне деген сенімнің артуына бағытталған шаралар кешенді әрі жан-жақты болуы тиіс.

Басқа мемлекеттік органдардың қызметімен салыстыратын болсақ сот билігін жүзеге асыру әрқашанда ашық әрі жарыспалылық қағидаларына сүйенген. Демек, сотта кез келген қоғам мүшесі заң мен белгілі бір іс шенберінде өз құқықтары мен мұдделерін қорғауға тікелей қатыса алады. Өз кезінде Томас Джефферсон айтқандай: «адамның тұмасынан пайда болған құқықтарынан басқа нәрсенің барлығы уақыт өте өзгеріске үшірайды» [4, 125 б.].

Сот жүйесін жетілдіруде Елбасы Н.Ә.Назарбаев ерекше көніл бөледі. Ол судьялардың бас қосу съезіндерінде сейлеген әрбір сөздері терең ойға ие. Мысалға келтіретін болсақ, Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезіндегі елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сейлеген сөздері: «Біз меже қылған биік белестер барлық саладағы игіліктерді көздейді. Сондықтан, сот жүйесі сол елдердің сот жүйесімен бірдей болуы керек. Қазақстанның сот жүйесі алдыңғы катарда болуы қажет. Бұл туралы мен Стратегияда нақты көрсеттік. Барлық құқық қорғау органдары ішінен ең жоғары тұрғаны Жоғарғы Сот болып табылады. Жоғарғы Соттың абыройы – Қазақстанның абыройы, жалпы биліктің абыройы. Біз «Қазақстан 2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет» [5].

«Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеңген мақсатымызға жете алмаймыз, деп

жалғады сөзін Президент. Біз-дің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуды керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан. Осындай үлкен жауапкершілікті баршаларының түсінесіздер деп ойлаймын» [6].

Елбасы келесі кезекте Қазақстан судьяларының VI съезі жауапты тарихи- сэтте өтіп отырғанына тоқталды. Тура бір жыл бұрын өзінің еліміздің 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясын жариялағанын еске салды. Жана саяси бағыттың барлық векторы үшін басымдықтар мен міндеттер айқындалып жатқанын атап көрсетti.

Олардың бәрі ұлы стратегиялық мақсатқа – осы уақыт ішінде әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге бағытталған. Бұл – сот жүйесін де қамтитын барлық мемлекеттік органдардың міндеттері мен барлық жұмыстары соған сәйкестендірілген негізгі мақсат, деді Н.Ә.Назарбаев осы орайда. XXI ғасырдағы ұлттың дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлыш инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары денгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес.

Болашақ Қазақстанның құқықтық моделіндегі сот жүйесін реформалауда үлкен әрі терең мән-мағынаға ие – «Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» атты Ұлт жоспарының ықпалы өте зор [2]. Екінші реформасы, екінші бағыты «заң үстемдігін қамтамасыз» ету деп аталады. 16-шы қадамынан 34-ші қадам аралығын қамтама, бар жоғы жиырма нақты қадамның бүтінгі таңдағы жүргіп жатқан барлық үрдіске өз өсерін тікелей тигізеді. Бұл өсерлер он жағынан көрінісін табуда. Әрине аталған бес институционалды реформалар өз кезегінде бір бірімен тығыз байланыста. Дегенмен, егер бұның үстінен заң қарамаса, реттеп отырмаса, заңдылық сақталмайтын болса бұл мақсаттар іске асады ма? Әрине жоқ! Сол себептіде заң үстемдігін қамтамасыз етуде үлкен міндет жүктелгенін көре аламыз. Заңның үстемдігін қамтамасыз етуде тек мемлекет тарарапынан атсалысу деген ой қалыптаспауы қажет, бұл қомақты процеске әрбіреуіміздің косар үлесіміз болуы керек.

Заң үстемдігін қамтамасыз ету реформасының көкейтестілік дәрежесі өте жоғары. Онда еліміздің сот жүйесін модернизациялау мен жетілдірілу мәселесі қозғалды.

Елбасының бес институционалдық реформасында айқындалғанындей, заң үстемдігін қамтамасыз ету адамның іргелі құқығы мен бостандығын толық қамтамасыз етуге, сыйбайлас жемқорлықты тамырымен жоюға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің салтанат құруына, мемлекеттік билікті шектеуге, әділ сот билігінің қалыптасуына септігін тигізетін болады [7].

Ұлт жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз ету» атты екінші тарауында сот жүйесін реформалаудың негізгі қадамдары көрсетілген, Бес сатылы сот жүйесінен (бірінші сатыдағы сот, апелляциялық, кассациялық, қадағалау, қайта қадағалау) Үш сатылы жүйеге: бірінші, апелляциялық, кассациялық сот жүйесіне көшу қажеттілігі көзделген.

Сот рәсімдерін қысқарту және женілдету мақсатында азаматтық-құқықтық дауларды прокурорсыз қарau ескерілген, бұған қоса, жергілікті атқарушы органдардың және қоғамдық бірлестіктердің алдында есеп беретін полиция қызметі құрылатыны туралы айтылған.

Үш сатылы сот жүйесі – халықаралық тәжірибеде бар үрдіс. Әлемдегі сот тәжірибесі көрсеткендей, аралық сатылардың көп болуы сот процестерін қасақана ұзартуға және сот шешімін сөзбүйдаға салуға ықпал етеді. Сот шешімінің бірнеше рет өзгеріп, құшін жоюы – республика атынан шешім қабылдайтын соттардың беделіне нұқсан келтіретін факторлардың бірі. Себебі, апелляциялық және кассациялық сатылардың бір облыстық сотта шоғырлануы сот істерін қараудың созылып кетіп, шешім қабылдаудың қындауына негіз болуда. Бұған қоса, кассациялық алқа іс жүзінде Жоғарғы Сотқа жүктелген қадағалау сатысының қызметін атқарып, құшіне енген сот шешімінің қайта-қайта өзгеріске ұшырауына алыш келуде. Кенестік кезеңнен қалған бұл жүйе бүгінгі күннің талабымен үйлеспей, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, адамның, қоғамның және мемлекеттің заңды мұддесін неғұрлым жедел әрі сапалы қорғауға өзінің кері әсерін тигізуде. Осындай мәселелерді ескере келе, Жаңғырту жөніндегі үлттық комиссия сот жүйесінің сатыларын оңтайландыру туралы бастаманы қолдан отыр [8, 5].

Бұл реформаға сәйкес, сот жүйесінде «Транспаренттік» қағидасын қалыптастыру арқылы, біздің яғни қарапайым халықтың өз құқықтары мен заңды мұдделерін сот арқылы қорғалып, қалпына келтірудегі едәуір женілдететін және қуантатын жәйт. Транспаренттілік дегеніміз - бұл қандай да біл құпиялыштың болмауы, ақпараттардың қол жетімділігі, ашықтық пен мәлдірлікті қамтамасыз ету болыш табылады. Бұл қағиданы сот жүйесінде белсенді қолдану сол құқықтар мен заңды мұдделерді қорғауда барлығы қолжетімді, ашық және мәлдірлікпен үштасады.

Сот жүйесін реформалауда басты өзгерістердің бірі ретінде судьялаузына кандидаттарды іріктеуде талаптардың қатаңдауы - Болашақ Қазақстанның құқықтық моделін қалыптастыруға үлкен серпілісін тигізеді. Бұл талаптардың қатаңдауы болашақ мемлекетіміздің өркендеу жолындағы өте орынды да маңызға толы өзгерістер қатары болыш табылады. Жаңа қатаңдатылған талаптардың тигізер он әсерін анықтамас бұрын, алдымен оны бұрынғы талаптарымен салыстыру керек. Оны біз Қазақстан Республикасының Конституциясының 7 бөлімінде көрініс тапқан «соттар және сот төрелігі» 79-баптың 3-тармағына сәйкес нақтылай аламыз. Оnda былай делінген: «Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады» [7]. Үлт жоспарында бұл талаптардың қаншалықты қатаңдағанын 17-қадамына сәйкес көре аламыз.

Үлт жоспарының 17-қадамында Судьялаузына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту көзделген және ол темендердегідей:

- жасы 30 толған.
- міндетті түрдегі талап сот істерін жүргізуге қатысадын 5 жылдық өтілі;
- кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу;
- судьялыққа үміткерлер соттарда стипендия төленетін бір жылдық тағылымдамадан өтеді;
- бір жылдық тағылымдамадан кейін судья бір жылдық сынақ мерзімінен өтуі тиіс [2].

Қазіргі таңда сот билігін тәуелсіз билік саласы ретінде жетілдіру жолдары тікелей сот жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге алыш келетіндігі анық. Бұл

өзгерістер, өз кезегінде халықтың, қоғамның сот билігіне деген сенімінің артуына және сот әділдігін тиісті дәрежеде жүзеге асыруға оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Сот әділдігін жүзеге асыруда жергілікті соттардың рөлін арттыру мен халыққа қызмет ету сапасын жетілдіру мақсатында сот жүйесінің сатыларында қаралатын істердің қарау құзыреттілігін өзгерту жұмыстары да басталып кетті. Яғни, болашақта бірінші инстанциялы (аудандық, қалалық) соттарда барлық қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің санаты толықтай қаралатын болса, облыстық соттар тек апелляциялық және кассациялық тәртіpte түскен істерді қарайтын болады.

Ал Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты құзыретіне қадағалау тәртібінде істерді қарап, мемлекетіміздегі бірыңғай сот тәжірибесін зерттеу, нормативтік қаулылар қабылдау сияқты маңызды жұмыстарды кешенді түрде жүргізуіне мүмкіндік тумақшы. Сондай-ақ, сот билігінің дұрыс жүзеге асырылуының бірден-бір факторы тәжірибелі, саналы қызметкерлер дайындау болғандықтан, осы бағытта да біршама жұмыстар атқарылуда. Сонымен бірге, қазіргі таңда қоғамды осы саладағы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері жайлы дұрыс әрі сапалы ақпараттандыру мәселесі маңызды орынға ие. Осы себепті, бүгінгі күні өзінің оң шешімін табуға тиісті өзекті сұрақтардың бірі – қоғамның санасында «сот билігі», «соттар» сияқты ұғымдардың «әділдік» пен «зандылық» ұғымдарына пара-пар, бір мағыналы болып қалыптасуына қол жеткізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

F.Сапарғалиевтің айтуынша: «мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар кезі Қазақстан халқының еркі табылады. Осы жерде халықтың еркін жүзеге асыратын органдарды қалыптастыру мәселесі туындейды. Конституция халыққа билікті тікелей өзі немесе өкілді органдар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Егер де халықаралық құқық нормаларында үкімет өз еркін білдіреді деп және мемлекеттік билік органдарының демократиялық сайлауы туралы айтылса, онда Қазақстан Республикасының конституциясы халықтың атынан Парламент және Президент сөйлейді деп көрсетеді. Сонымен қатар тек қана атқарушы орган емес, заңшығару органы да халықтың еркін білдіру керек. Екіншіден, заң жобалары немесе мемлекет өмірінің өзге де аса маңызды мәселелері бүкілхалықтық талқылауға немесе референдумға шығарылуы мүмкін. Осыдан кейін халық тек қана мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға қатысып қана қоймай, сонымен қатар, қажет болған жағдайда жоғары заңшығару билігін жүзеге асырады. Бұл ереже халыққа және мемлекетке де үлкен жауапкершілікті жүктейді. Осында жағдайда халықты және мемлекеттің тағдыры шешіледі, оның салдары қаншалықты позитивті және негативті болғанымен тек осы мемлекеттің халқына емес сонымен қатар басқа мемлекеттерге де өсерін тигізуі әбден мүмкін [9, 482]. «Халықтың еркі» неғұрлым ауқымы кең өзінің құрылымы бойынша курделі үфым болып табылады. Бұл үфымды әр түрлі түрғыда түсіндіруге болады. Егер де халықтың еркін социологиялық түрғыдан қарастырсақ, жоғарыда көрсетілгендей – халық ол нақты бір мемлекеттің

турғындары емес, қоғамның прогрессивті дамуына әсер ете алатын адамдар тобын жатқызамыз деп көрсетілген. Ал саясаттану ғылымы халықты демократиялық мемлекеттің саяси билігінің субъектісі ретінде қарастырып, оның еркін азаматтық қоғам мен мемлекеттің байланысын айтады. Ал психология болмыстың психикалық көрінін зерттейтін ғылым ретінде, халықтың еркін ең алдымен таңдау құқығымен байланыстырады. Сонымен ерік білдіруді заңтану түрғысынан аныктайтын болсақ, Құқықтағы еркін дегеніміз үстем етуші топтың жалпы экономикалық және жалпы саяси құбылыстан көрінеді және демократиялық қоғамдағы жалпыхалықтық мүдделер болып табылады. Оның келесідей ерекшеліктері болады:

Біріншіден, ол мемлекеттегі құқықтық идеология негізінде қалыптасады;

Екіншіден, ол сәйкесінше мемлекеттің құқық қолданушы органдарымен қалыптасады;

Үшіншіден, ол нормативті формада объективтендіріледі.

Бүгінгі таңда қоғамымыз жана демократиялық дамуға бет бұру үшін келесі жағдайларды ескерту қажет:

- саяси режимге жан жақты либерализациялауды жүзеге асыру;
- тұлғаның азаматтың құндылықтарын мемлекет алдында қатаң сақтау керек;
- азаматтық қоғамды дамыту;
- қоғамның барлық салаларында азаматтық қоғамды дамыту.
- халықтың еркін білдірге заннамалық деңгейде мүмкіндік жасалынуы тиіс.

Осылайша, халықтың еркін демократияның мәні болғандықтан, ол тек еркін сайлау және референдум нәтижесінде ғана орын алатынын ескеруіміз керек [10].

Ресей Федерациясының 10 қазан 1995 жылғы «Ресей Федерациясының референдумы туралы» заңында жоғарғы тікелей халық билігін жүзеге асыру арқылы референдумға: «заң жобалары, қолданыстағы зандар және өзге де мемлекет ісінің маңызды мәселелері бойынша Ресей Федерациясының азаматтарының бүкілхалықтық дауыс беруі» - деп анықтама беріледі [11, 154 б.].

Кейбір жағдайларда сайлаушылардың дауыс беруін сонымен қатар плебисцит (латын тілінен «*plebiscitum*» - халықтың бекітуі, шешім деп аударылады.) деп те атайды. Зәң түрғыдан алғанда референдум мен плебисциттің ешқандай айырмашылығы жоқ, тек референдум «плебисциттің» синонимі болып табылады. Сайлаушылар референдум арқылы мемлекеттік шешім қабылдайды, ол шешімнің жоғары зәң күші болады. Плебисциттің референдумнан айырмашылығы плебисцит мемлекеттің тағдырын шешетін ерекше мәселелер бойынша өткізуі мүмкін, оған мемлекеттердің территориясын анықтау, мемлекеттің басшыға сенім білдіру, басқару формасын өзгерту, билік режимінің ары қарай өмір сүруі т.б. мәселелер жатқызылады. Халықаралық құқықтық әдебиеттерде плебисцит ең алдымен, мемлекеттердің территориялық өзгерістеріне (мемлекеттің бөлінуі, тәуелсіздікті алу т.б.) қатысты дауыс беруді білдіреді. Плебисцит қоғам өмірінің аса маңызды мәселелері жөнінде өткізілгенімен, оның нәтижесі өмірінің аса маңызды мәселелері жөнінде өткізілгенімен, оның нәтижесі қоғамның ресмилендірілген пікірі ғана болып табылады [12, 79].

Сонымен, айтылғандарды саралай келе, референдум мен плебисциттің айырмашылығы оларды тағайындау және бүкілхалықтық дауыс беруге бастамашылық білдіретін субъектілерінде екенине көзіміз жетеді.

1995 жылы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының **1-бабына сәйкес:** «Республикалық референдум - Қазақстан Республикасы Конституциясының, Конституциялық заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдерінің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру болып табылады». Көріп отырғанымыздай, алдынғы заңнамаға қарағанда бұл үғым неғұрлым кеңейтілген [13].

Сонымен қатар, референдумды халық билігі институуның өзге түрлерінен ажырата білуіміз керек. Олардың ерекшеліктері сайлаушылардың ерік білдіру объектісінде деп зәни құқықтық әдебиеттерде әділетті түрде атап көрсетіледі. Айталық сайлау кезінде сайлаушы азаматтардың ерік білдіруінің объектісі болып депутаттыққа кандидат немесе қандайда бір өкілді органға қызмет болып табылады. Ал референдум кезінде ерік білдірудің объектісі болып, нақты сұрақ, мәселе табылады. Олар - заң, заң жобасы, конституция, ішкі саяси немесе халықаралық сипатқа ие қандай да бір мәселе болуы мүмкін [14, 237 б.]. Сайлау нәтижелері мажоритарлы және пропорционалды жүйе бойынша шығарылады. Бірақ, Қазақстан Республикасы сайлау тек мажоритарлы жүйе бойынша өткізіледі.

Референдуммен қандай да бір органға немесе қандай да бір тұлғаға сенім білдірумен және сайлау өткізу араларында айырмашылықтар бар. Сенім білдіру мәселесі нақты бір субъектіге қатысты қойылады. (мысалы, Президентке, Парламентке) қатысты болуы мүмкін және ол бұл субъектілердің өкілеттігінің міндетті түрде тоқтатылуына әкеп соқпайды, тек сайлаушылардың оларға субъективтік қатынасын (теріс немесе он) айқындайды. Ал сайлау кезінде сайлаушы азаматтар қандай да бір азаматтарға алдын ала сенім білдіреді және оған қандай да бір сенім береді.

Референдум тікелей демократия, яғни халықтың мемлекеттік мәселелерді шешуге тұра қатынасу нысандарының бірі болып табылады. Референдум ол сайлау корпусымен конституциялық заңнама және ішкі және сыртқы саяси мәселелер жөнінде түпкілікті шешім қабылдау. Мұндай шешім бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданады.

Қазақстан Республикасының конституциясы мемлекеттің Негізгі заңы ретінде қоғамды демократияландырудың прогресивті құралы болып табылатынын сөзсіз. Республикалық референдумды конституциямызда тікелей бекіту мемлекетте демократиялық үрдістердің қарқынмен дамып отыратындығының көрінісі болап табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 1Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // Егеменді Қазақстан газеті, 2016ж. 5 қантар.

2 Судьбу решает каждый (О первом референдуме СССР) [Сборник]-:Известия,1991.-500с.

3 Boyer P. The People.s Mandate Referendums and More Demokratic. - Canada, Toronto, 1992 year 169 p.

4 Крутоголов М.А. Президент Французской Республики. Правовое положение .-М., 1980.-430 с.

5 Амбарнов С.Ю. Законодательство о референдумах (Сравнительный анализ) // Государство и право .1992. С.-10-15.

- 6 Зиманов С. Конституция и Парламент Республики Казахстан Алматы (Сборник статей 1990-199. Алматы, 1997 г.) – 352 с.
- 7 Большая Советская энциклопедия Гл.Ред А.М. Прохоров Том 22. М.,1975 -861 с.
- 8 Черняков А.А. Конституционное право Республики Казахстан : Проблемы теории и практики. Теоретические и дидактические материалы. Алматы, 1997. -138 с
- 9 Сапарғалиев Ф.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс. –Алматы: «Жеті Жарғы», 2009 ж. -544 б.
- 10 Қожахметова А.Е. Референдум и воля // Фемида .1999.№3
- 11 1995 жылы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заң күші бар Президент жарлығы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
- 12 Страшун Б.А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран . т. 2 Учебник .Общая часть. – М, «Бек». -1996.-756 с.
- 13 Михалова А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран. Учебное пособие, -М.,1997 -285 с.
- 14 Референдум –основа политической системы// Вестник Европы, 2003 г. 8 апреля.

ЭКОНОМИКА

УДК 336.4

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аға оқытушы, магистр **Аяжанова М.К.**

Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының магистранты **Қажиева А.К.**

I.Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті

Қазақстан экономикасының қазіргі дамуында шетелдік инвестициялардың маңыздылығы сөзсіз. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде құрылудың бастап шетелдік инвестициялардың көлемі екпінді өсуін байқаймыз. Әлемдік шаруашылық дамуының, қазіргі деңгейінде шет инвестициялардың өсуінің күшеюі байқалады, оның қарқыны халықаралық сауда өсуінің қарқынынан асып түседі.

Роль инвестиций в экономике государства огромна, они играют значительную роль в поддержании, функционировании и динамическом развитии экономики страны. Происходящие изменения, в количественном соотношении инвестиций, воздействуют на изменения: объема общественного производства, занятости населения, структурных экономических показателей и динамики развития различных отраслей народного хозяйства.

The role of investment in the economy of the state is huge, they play a significant role in the maintenance, operation and dynamic development of the economy. These changes, in a proportion of investment affect the changes: the volume of social production, employment, structural economic indicators and dynamics of the various sectors of the economy.

Түйінді сөздер: Инвестиция, шетел инвестициясы, демонополизациялау, ішкі капитал, инвестициялық саясат, еркін бәсекелестік, ішкі нарық, экономикалық өсу, мемлекеттік реттеу, ұлттық экономика.

Дамудың қазіргі кезеңінде шетел инвестициясының ұлттық экономиканы тубегейлі жаңғыру мен елдің негізгі салалары мен жекелеген аймақтарында сапалық өзгерістерге қол жеткізуі қамтамасыз ету мүмкін емес. Шетел инвестицияларының құйылысы ішкі нарықты байытуға арналған жаңа тауарлар мен қызмет көрсетулерді ендіруді ұйымдастыруға, экспортты ұлғайтуға және импортты қысқартуға, қосымша жұмыс орындарын құруға, жаңа технологияларды, озық техника мен ноу-хауды игеруге, маркетинг пен менеджменттің озық әдістерін менгеруге септігін тигізеді. Капиталдың құйылуының арқасында экономиканың салалық құрылымы өзгеруде, жаңа өндірістер мен тіпті тұтастай салалар көріне бастады, сонымен қатар мемлекеттік бюджетті толықтыру үшін салық салынатын база кеңеңе түсуде.

Шетел инвестициялары Қазақстан экономикасын демонополизациялау үрдісінде жоғары роль атқарып, еркін бәсекелестікке, өндірісті дамытып, реттеу мен ынталандырудың нарықтық тетіктерінің қалыптасуына әсер етіп және осыған сәйкес жүргілген шаралардың арқасында терең инфляциядан шығуға мүмкіндік берді. Салықтық түсімдер түріндегі экономикалық тиімділік, ұлттық жеткізуілерді ынталандыру мен ішкі нарықты кеңейтуден басқа тікелей шетел инвестициялары менеджмент, маркетинг, логистика және басқа да салалардың дамуына, кадрларды жетілдіруге ықпалын тигізеді.

Шетел фирмаларының тікелей инвестициялары тек ішкі капитал салымдарының қосымша көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа жетілдірілген технологияларға, сыртқы нарықтағы өткізу жүйесіне, қаржыландырудың жаңа көздеріне қол жеткізу тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Шетел инвесторлары жаңа өндірістерді тез құруға көмектеседі. Инвестициялар нәтижесінде мемлекеттік табыстардың артуы мемлекеттің жалпы экономикалық-әлеуметтік өсуіне, тұрғындардың өмір сапасының артуына, жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін құруға жағдай туғызады. Тікелей шетелдік инвестицияларды елімізге тарту бір жағынан еліміздің өндірістік тиімділігін арттыруға және жұмыс орындарын құруға қажет. Екінші жағынан, Қазақстандық нарықтың тікелей шетелдік инвестиацияға өтуі отандық өндірушілердің жұмыстарына кері әсерін тигізеді деген қауіп тудырады.

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және нарық жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге алып келеді. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Сондықтан, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешуге бағытталған объективтік қажет процесс болып табылады [1].

Әрбір елдің экономикалық өсуі жаңа ірі масштабты жобалардың көмегінсіз, инвестиция және инновация, саяси тұрақтылықтан және қаржылық жүйенің тұрақтануынан, инвесторлардың сенімділігі мен үлттық өндірістің тиімді дамуының қалыптасуы мүмкін емес. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап экономикалық жағдайын тұрақтандыру, ішкі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инвестициялар тарту жөніндегі саясаты белсенді түрде жүзеге асырылуда, шетел инвестициясын тарту республиканың инвестиациялық процесінің жедел әрі тиімді дамуының бірден бір жолы болып табылады. Шетелдік инвестицияларды тарту отын-энергетика, мұнай өндіру және өндеу, алтын өндеу өнеркәсіппері, көлік және коммуникация сияқты басты салаларда құрылымдық-инвестициялық саясатты жүргізу, қаржының жетіспеушілігімен, ішкі нарықты тұрақтандырумен байланысты.

Инвестициялық саясат елдің стратегиялық экономикалық мақсаттары мен мәселелерін анықтайтын ең маңызды элемент. Экономикалық реформаларға сәйкес халықаралық капитал мен инвестиция тартудың мемлекеттік саясаты дағдарыс пен инфляцияны тежеуге, жеке инвесторлардың инвестиациялық белсенділігін арттыруға және өндірістік құрылымдық өзгерістерге септігін тигізуде. Шетел инвестиацияларының Кен өндіру өнеркәсіпперіне келіп түсіү Қазақстан экономикасының шикізат секторын дамытуға жағдай жасайды. Республиканың өнеркәсіп құрылымында шикізат кешенінің үлесі 65% құрайды. Мемлекет саясаты осы сектордағы шикізат ресурстарын ұлғайту мақсатында инвестиция тартуды, қосымша ынталандыруды жақсартуға негізделеді.

Шетел капиталын үлттық экономикаға тарту өте пайдалы процесс. Біріншіден, шетелдік инвестициялар елдің өндіріс базасын жедел жетілдіруге және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Екіншіден, шетел фирмалары жаңа өндірістік кәсіпорындар ашумен қатар, капиталдың бәсекелестікте мындаған еңбек пен өндірісті үйымдастыру тәжірибесін ала келеді. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, капиталдың халықаралық миграциясы,

шаруашылық өмірі барлық ұлттардың қарым-қатынасының тиімділігінің тереңдеуіне алыш келді. Бұл жағдай капиталдың өзара қозғалысының дамуы нәтижесінде әсіресе өндірісі дамыған елдер арасындағы қатынастарда анық байқалады. Сонымен қатар әртүрлі елдердің арасындағы ірі трансулттық компаниялардың қалыптасуы халықаралық мамандандыру мен елдердің экономикалық өзара байланысуының тереңдеуіне әкелуде. Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдік экономикалық жүйеден бөлектенген болашағы жоқ, сондықтан, дүниежүзілік капитал қозғалысына енуі үлкен жетістіктерге жеткізіп отыр деуге болады.

Саясаткерлер мен экономистердің пікірінше, шетелдік курделі қаржының қатыстырылуымен республикада төмендегі проблемаларды шешуге мүмкіндік туды:

- сыртқа шығару мүмкіндігінің тиімділігін арттыру, оны шикізаттық сипатынан арылту;
- елдің сыртқа шығару қызыметтерін күшейту және сыртқы нарықтағы өз орнын табу;
- сырттан әкелінетін өнімдерді ауыстыратын өндірісті дамыту;
- өндірісітің ғылыми-техникалық деңгейі, жаңа техника мен технология, басқару әдісін өнім өткізу арқылы көтеру;
- дайын өнімді шығарудың технологиялық бөлігінің қалыптасуын бітіру;
- артта қалған және тоқырап ыдыраған аудандардың дамуына көмектесу;
- ұлттық экономикада жаңа жұмыс орнын жасау;
- қазіргі заманғы өндірістік және басқару тәжірибелеріне мамандарды оқыту, дайындау;
- қазақстанның экономикалық өз дербестігін қамтамасыз ету.

Шетелдік инвесторлар көмегімен, біздің ойымызша, мынадай міндеттерді орындауға болады:

- аймақтың жоғары бағаланған, жаңадан табылған салаларының дамуын ынталандаруын қолдау;
- өндірістің бірқатар тұбықталған жүйесін құру, мүмкіндігінше дайын өнім шығару;
- белгілі салалардағы ұлттық және шетелдік кәсіпорындарға өзара тиімді бәсекеге түсуді қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- жұмыспен толық қамтамасыз ету;
- жоғары деңгейдегі капитал қайтарымына жету, сонымен қатар басқа да өте маңызды экономикалық қатынастарды шешуге осы міндеттерді орындаі отырып жетуге болады.

Тікелей шетелдік инвестициялар экономикалық реформаға әсер етуде экономиканың басқа нысандарымен салыстырғанда маңыздырақ, үстемдігі жоғары, яғни тауар өндіру мен қызыметтер атқаруға курделі қаржы тауып салудың қайнар көзі, жаңа технологияны пайдалануға, ноу-хау, басқарудың адынғы қатардағы әдістері мен маркетингті дамытуға қолайлы, сонымен бірге қарызды өтеуге, қаржы жинақтауға өте қажет. Өндіріс пен ғылыми техникалық коопeraçãoның тығыз байланысып қалыптасуының негізінде тікелей шетелдік инвестициялар ұлттық экономика мен дүниежүзілік шаруашылықтың өтие тиімді үйлесіп байланысуын қамтамасыз етеді.

Шетелдік инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты экономиканың басым секторларында тауарлар өндіруді, жұмыс атқару мен

қызмет көрсетуді жеделдете дамытуды қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау болып табылады.

Жалпы мақсатқа жету процесінде Қазақстан республикасы мынадай міндеттерді шешеді:

- жаңа технологияларды, озық техника мен «ноу-хауды» енгізу;
- ішкі рынокты жоғары сапалы тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен толықтыру;
- отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру;
- экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту;
- Қазақстан республикасының шикізат ресурстарын ұтымды да кешенді пайдалану;
- менеджмент пен маркетингтің осы заманғы өндірістерін енгізу;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- жергілікті кадрларды оқытып-үйретудің үздіксіз жүйесін енгізу,
- олардың біліктілік деңгейін арттыру;
- өндірістің қарқындылығын қамтамасыз ету;
- қоршаған табиғи ортаны жақсарту.

Біздің салауатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді [2].

Әрбір ел шетел инвестициясын тарту арқылы өз экономикасын тәуелсіз түрде дамытуға тырысады. Капиталды тарту экономиканың ашық екендігін жария ету емес, бірақ сыртқы экономикалық саясатқа жол беру болып табылады. Қазақстанның шетел инвестиациясын пайдалануы келесі стратегиялық мәселелерді шешумен байланысты:

- ұлттық экономиканың жандандыру;
- аумақтардың әлеуметтік және экономикалық диспропорцияларын жою;
- импортты ауыстыратын өндірістерді дамыту;
- бәсекелестік ортаны дамытуға ықпал ететін экономикалық жеке және аралас секторларын қалыптастыру;
- нарықтық инфрақұрылымдарды құру;
- алдыңғы шетел технологияларын, ноу-хау және басқарушылық тәжірибелі тарту.

Шетел инвестицияларының ағымын кәсіпорын акцияларын сатып алу, шетел банктерінің несиelerі деп бөліп қарастырсақ, Қазақстандағы инвестициялардың ұйымдастырушылық формасының қалаулы түрі – мемлекеттік кәсіпорындармен біріккен кәсіпорындар құру болып отыр. Сонымен қатар, инвесторлар өзін Қазақстан нарығында таныстырудың маңызды жолы – жаңа еншілес компаниялар құруға, жаңа саудалық байланыстар орнатуға бейім.

Қазақстанның бай табиғи ресурстары мен олардың нарықтық потенциалы мемлекетті инвестициялауға әсер ететін стратегиялық бірден-бір фактор болып отыр. Қазақстанның мұнай және газ кендері шетел инвесторларын қызықтыратын негізгі бағыт болып табылады. Қалған экономика секторларын инвестициялау көлемі біршама аздау болса да, тау-кен, геологиялық сапа және кәсіпқойлық қызмет көрсету мен көлік салаларында инвестициялық белсенділік басымырақ.

Шетел инвестициясын кең көлемде тарту жөніндегі жағдайлар қоғам инфрақұрлымының дамып жатқан салалары (көлік, байналыс, сауда, және т.б.) жеткілікті қалыптасқан өнеркәсіптік, құрылыштық және аграрлық потенциалымен қуаттандырылмаған. Маманданған инженер-техникалық және қызметкерлер кадрларының көзінде экономиканың қын өндірістік және ғылыми-техникалық мәселелерді шеше білу қабілеттілігі және тәжірибесінің арқасында шетел инвестициясын тартудың төзімді негізі құрылды. Республиканың экономикалық өсуінің маңызды факторларына негіз болған республиканың соңғы жылдардағы инвестициялық процестің активтендірілу барысында айқындалған басымды тенденцияны атап өтпеуге болмайды [3].

Инвестицияны қолдануға тартылған қаражаттар рөлінің күшеюі қоғамдық өндіріске инвестиция тартудың диапазонының кеңейтілуін және инвестициялық қызметтің белсенділігін қуәландырады. Аймақтарға терең экономикалық реформаларды қолдануда аймақтық инвестициялық саясатты өзірлеу мен іске асыру үшін қажетті жағдайларды құруды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде өндірістерді, территорияларды немесе салаларды инвестициялауға шетел инвестиациясын тартудың жаңа стратегиясын білдіреді. Ол елімізде орналасқан өндірістердің өзара байланысты жиынтығын, мақсатты және кешендік инвестиациялық жобалар мен бағдарламалардың жүзеге асуын қарастырады. Оларға комплекстер, арнайы экономикалық, экспорттық және басқа да зоналар жатады. Олардың дамуы аймақтық инвестиациялық бағдарламаларының міндеттері мен мақсатқа жетуге бағытталған ұзақ мерзімді инвестиациялық бағдарлама базасының негізінде жүзеге асырылады. Берілген міндеттердің ойдағыдан шешілуі үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- аймақтар мен территорияларда экономиканы құрылымдық қайта құруда шетел капиталының белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- әлемдік экономикалық жүйеге кең көлемде ету мақсаты мен шетел инвестиациясын тарту үшін аймақтарда қолайлы жағдайлар құру;
- аймақтарға әлемдік дәрежедегі технологияны орналастыратын және құрылымдық мәселелерді шешуде көмегін тигізетін инвесторлар қатынасынан «ашық есік» саясатын жүйелі түрде өткізу;
- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған инвестиацияларға жәрдемдесу.

Минералды-шикізат ресурстарына бай аймақтарда капиталды қажет ететін кең өндіру, қайта өндеу кәсіпорындарына базисті ресурстар жинайтын жаңа ережені енгізуде ыңғайлы жағдайлар жасалуда. Осының арқасында ресурстарға шығынның аз жұмсалуы, әсіресе әлемдік бағалардан төмен тауарларға мүмкіндік туып отыр. Ресурс жинайтын технологияны өнеркәсіптік базалық салаларға енгізу ғылымды қажет ететін өнеркәіпті және жоғары технологияны инвестиациялаудың сапалы негізін құрды. Себебі ресурс жинайтын технологияны енгізуудің арқасында капиталды қажет ететін саланың инвестиациясын төмендетіп, алынған нәтижені ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық өндіріске жүмсауға болады.

Жақын және алыс шет мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, инвестициялар нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуының маңызды факторы болып табылады, сонымен қатар өндірістік аппаратты жаңартып қайта құрып жаңа өндіріс пен кәсіпорындардың құылуын қамтамасыз етеді. Сол себепті мемлекеттік экономикалық аймақтарға шетел капиталын ынталандыру мен қолдану қазіргі кезеңнің инвестиациялық үрдісінің заңды басымдылығы болып

табылады. Нәтижесінде шетел инвестициясының мақсатты бағытталған әсері Қазақстанда құрылымдық саяси-экономикалық, энергетикалық және азық-түлік саясатын қамтамсыз етуге, сонымен қатар бай минералды-шикізат ресурстарын пайдаланумен байланысты тау-кен өнеркәсібінің стратегиялық маңызды саласының жылдам дамуына бағытталып отыр. Бай минералды-шикізат ресурстарын пайдаланумен байланысты өнеркәсіптің құрылымы жақсарады.

Шетелдік инвестициялардың қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтерінің ауқымы кең, атап айтсақ:

- мемлекеттің әлуеметтік-экономикалық жағдайына байланысты әртүрлі мөлшерде женилдетілген несиeler беру;
- ынтымақтасу аясында әлуеметтік-экономикалық тығырықтан шығуға жол көрсететін кеңестер беріп, басқа да көмектер көрсету,
- экономикалық құрылымдық өзгерістерін жүзеге асыратын шараларды талдау, жан-жақты қаржыландыру мімкіншілктерін жасау.

Еліміздің жалпы үлттық капиталын өсіруде инвестициялық процестің орны ерекше. Соның ішінде нарықтық экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды тұрақтандырып, олардың құрылымдық жүйесінің өзгеруіне үлкен үлес қосатын шетел инвестицияларының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбосынова Г.Ж., Абдрахманов Б.М. Қазақстан Республикасындағы шетел инвестицияларының рөлі // Қазақстанның ғылыми әлемі. - 2013.- №1. - 223-226 б.
2. Международные инвестиции. Структура международных инвестиций // <http://fin-result.ru/mezhdunarodnye-investiciji.html>
3. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012.-310б.

ӘОЖ 001.83

ЖАҢАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Кантуреев М.Т., Султанова Г.С., Ағымбай А.О., Абжаков А.Т.

I.Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті

Мақалада халықаралық ғылыми-техниналық үнтымақтастық (XFTЫ) сипаты мен міндеттеріне шолу жасалды және оның дамуына ықпал ететін факторларды сипатталды. XFTЫ ең көп тараган түрлері мен нысандарына анықтама берілді.

Статья представляет собой обзор, в котором рассматриваются сущность и цели международного научно-технического сотрудничества (МНТС). Описываются факторы, обуславливающие его развитие. Даётся характеристика наиболее распространенных видов и форм МНТС.

The article is an overview, which examines the nature and purposes of the international scientific and technical cooperation (ISTC). The factors that contribute to its development are described. The most common types and forms of ISTC are characterized.

Кітп қөздер: Халықаралық қатынастар, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, инновациялық экономика.

Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық - сыртқы экономикалық қызметтің неғұрлым серпінді дамып келе жатқан бағыттарының бірі; ғылыми-техникалық проблемаларды бірлесіп талдап шешу, ғылыми нәтижелер мен өндірістік тәжірибелі алмасу, білікті кадрларды бірлесіп даярлау жолындағы ынтымақтастық. Осы ынтымақтастық аясындағы іргелі зерттеулер жер қойнауын, әлемдік мүкітты, ғарышты игерудің практик міндеттерін шешуге дейінгі кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Үнтымақтастықтың алуан түрлі нысандары (өзара ақыл-кенестер, ғыл. болжамдар әзірлеу, ғыл.-зерттеулер жүргізу кезіндегі бірлесулер, ғыл.-тех. ақпарат, патент ісі, өнертабыс, стандарттау саласындағы ынтымақтастық, т.б.) қатысушы елдердің өздерінің үлттық мұдделері мен экон. даму ерекшеліктеріне неғұрлым сай келетіндерін таңдап алуына мүмкіндік береді.

Әлемдік практиканы зерттеу үлттық экономиканың бәсекеге ықпалына әсер еттін экономикалық факторларды реттеудің өзектілігін көрсетті. Мысал ретінде, өндіруші үшін қолайлы жағдай жасау, бәсекелестікті реттеу және компанияларды мемлекеттік қолдау саласындағы ЕО саясаты қызмет ете алады.

ЕО негізгі құжаттарының арасынан бәсекелестікті реттеу саласындағы Рим шартын, Бірыңғай европалық актіні, Маастрих шартын атап өтуге болады.

Бәсекелестікті реттеу және ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы ЕО саласының ауқымдылығын кәсіпорындарға мемлекеттік көмек туралы 1000 іске дейін және бәсекелестіктің бұзылуы туралы осыншалықты істі ЕО шегінде кәсіпорындарды қосу және алу туралы 150-ге жуық ақпаратты қараша деректері көрсетіп отыр. Қаралған істер арасында «Boeing» және «Дуглас» компанияларының рұқсатты қосылуын мойындау, «Люфтганза» неміс компаниясы мен «Бомбардье» дат авиакомпаниясын, «Тиссен» және «Крупп» неміс металлургиялық компаниялары мен «Томпсон» (Франция) және «Сименс» (Германия) электр техникалық компанияларын құруды атап өтуге болады.

Соңғы жылдары Еуропалық Одақтың бәсекелестікті реттеу саясаты және оның ішінде ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қоғамдық пайдалану қызметтерінің бірыңғай нарығын – қаржылық, көліктік, пошта және телекоммуникация, сондай-ақ бірыңғай энергия нарығын құру саласын қамти бастады. Бұл жағдайда, ЕО қатысушы елдерінде дау мен жанжал сөзсіз, өйткені ырықтандыру мен мемлекетсіздендіру үдерісі оларда әртүрлі нысандар мен әртүрлі қарқындарда дамиды. Солай болса да, барлығы ЕО бәсекелестік саясаты маңызды бағыттарының бірі аталған нарықтардағы қалыпты және тиімді реттеуді қамтамасыз ету екендігін мойындайды. Осы мақсатқа жету үшін ЕО мемлекет пен кәсіпорындардың, оның мемлекеттік кәсіпорындардың арасындағы қаржылық қатынастардың жариялышының қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

Экономикалық қызметтің барлық салаларында мемлекеттің бәсекелестік саясаттан тұрақты шегінуіне байланысты қауіпті сезіну осы елдердің үкіметтерін үжымдық іс-әрекеттердің нысандарын іздеуді және тіпті әлемдік реттеуді жүргізуге мәжбүрлейді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде үкіметаралық үйымдардың желісі қалыптасты. Оларды мынадай үш санатқа бөлуге болады:

- мамандандырылған халықаралық үйымдар – әлемдік экономиканың кедергісіз қызметтің қамтамасыз ететін ХВК және бүкіл әлемдік банк;

- экономикалық ынтымақтастық және даму үйымы түрінде 1960 жылы құрылған өнірлік халықаралық институттар. Олардың қызметінің мақсаты – қатысуши елдер арасында бәсекелестік ережелерін үйлестіру жолымен экономикалық өсіуді ынталандыру және «үшінші өлем» елдерімен диалог жүргізу;
- әмбебап халықаралық үйымдар – БҮҮ және онымен байланысты мекемелер.

Интернационалдандыру жағдайына бейімделе отырып, көзіргі нарықтық шаруашылық халықаралық Сауда палатасы сияқты мемлекетаралық бірлестікті – ғаламдық экономиканы басқарудың жаңа нысандарын құрды. Олар соғысқа дейінгі уақыттан жұмыс істейді, алайда сол жылдары өз қызметін айтартықтай кеңейтті.

Бағалы қағаздар нарығындағы халықаралық операторлар қауымдастыры; халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарының комитеті және басқалар.

Бұкіләлемдік Сауда үйымының (БСҮ) реттегіш шарттарына ерекше назар аудару қажет. Мысалы, жоғары технологиялар саласына жататын тауарлар мен қызметтер саудасын реттеу БСҮ-ның - ТСБК, СҚБК және ТРИПС келісімінің үш топтамасына енгізілді.

Технологиялық құрделі және ғылымды қажетсінетін тауарлар тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімге енгізіледі (ТСБК – General Agreement on Tariffs and Trade);

- жаңа технологиялық құрделі қызметтер, әсіресе телекоммуникация саласында сауда қызметтері жөніндегі Бас келісім шегінде реттеледі (СҚБК - General Agreement on Trade in Services);

- әлемдік сауда үдерістерінде интеллектуалдық меншік құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі ЗМҚҚМ - Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights шегіндегі келісімдерге жатады.

Осы топтамалардың әрқайсының шегінде оларға енгізілген тауарлар саудасының реттеу ерекшелігін ескеретін арнағы келісімдер жүйесі жасалады.

Сөйтіп, әртүрлі елдерде инновациялық қызметті жандандыруға бағытталған халықаралық ғылыми-техникалық әріптестіктің болашағы мен маңыздылығы (әсіресе, кенес дәуірінен кейін) айқын. Оның үстіне, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуши мемлекеттердің жалпы әлемдік үдерістен айтартықтай қалып қойғандығы әділ атап өтіледі. Осылайша, егер ғылым мен бизнестің ықпалдастық деңгейін және ғылыми әзірлемелерді енгізу жылдамдығын сипаттайтын «инновациялар индексі» ала отырып, инновациялық белсенділік мәселелері бойынша мемлекеттер жағдайын анықтайтын болсақ, онда әлемдік көшбасшылар АҚШ, Тайвань, Финляндия, Швеция, Жапония, ал ТМД мемлекеттері осы көрсеткіштер бойынша үшінші ондықта болып табылады.

Кесте 1 – ҚР ғылымның жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері

	2011	2012	2013	2014	2015
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	27 300,6	30 347,0	35 275,2	38 033,1	40 761,4
Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар қолданыстағы бағада, млн. теңге	43 351,6	51 253,1	61 672,7	66 347,6	69 302,9

жалпы ішкі өнімге пайызбен	0,16	0,17	0,17	0,17	0,17
Зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған ұйымдар саны	412	345	341	392	390
Зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын персонал саны (жыл соңына), адам	18 003	20 404	23 712	25 793	24 735
соның ішінде:					
зерттеушілер	11 488	13 494	17 195	18 930	18 454
одан:					
ғылым докторлары	-	-	1 688	2 006	1 832
бейіні бойынша докторлары	1 486	719	605	596	566
ғылым кандидаттары	3 286	3 629	4 915	5 254	5 165
Зерттеулер және әзірлемелермен айналысатын ұйымдардың негізгі қаражаттары, млн. тенге	29 527,5	37 950,6	-	-	-
Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың орташа айлық атаулы жалақысы, тенге					
Зерттеулер мен әзірлемелер	121395,0	148530,0	153567,0	174 225,0	186999,0
Жоғары білім	87 498,0	102016,0	110017,0	117 600,0	124711,0
Дереккөз – ҚР Статистика комитетінің материалдары					

Болашағы бар ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін бірнеше елдің күш-жігерін біріктіру қажет. Болашақта экономикалық дамудың қозғаушысы ретінде инновациялар жаңалықтарды жасаушылардың арасындағы бәсекелестік негізінде емес (шексіз жоғары шығын, инновациялардың күрделілігі мен жүйелігі, жекелеген елдердегі ресурстардың шектеулілігі және өзге де факторлардың салдарынан), қайта

олардың ынтымақтастық, білімді, тәжірибелі ресурстарды біріктіру негізінде құрылатын кезеңнің болуы мүмкін.

Бәсекеге қабілеттілік деңгейіне ауқымдастыру үдерісінің ықпалына жауап ретінде қазіргі уақытта әзірленген 2015 жылы дейінгі мерзімдегі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің инновациялық ынтымақтастық мемлекетаралық бағдарламасы тұжырымдамасының жобасы, сондай-ақ Еуразиялық Инновациялық жүйе құру тұжырымдамасы ұсынылды.

Аталған тұжырымдамалар ТМД мен ЕурАЗЭС құрамына кіретін мемлекеттерді экономиканың нақты секторларында технологиялық жаңғыртуды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға, бірлескен зерттеулер мен әзірлемелер жүргізуге, нано және биотехнологияны, ақпараттық және энергия үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған, негізгі алтынши технологиялық укладты құруға және зияткерлік, инновациялық экономикаға

көшүге байланысты жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірісті құру саласындағы инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін ғылыми және инженерлік-технологиялық кадрларды даярлауға бағыттайды.

Кесте 2 - Қазакстан Республикасында инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі және инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %

	2010	2011	2012	2013	2014
Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, %	0,66	0,86	1,25	1,69	1,50*
Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	4,3	5,7	7,6	8,0	8,1

ТМД және ЕурАЗЭС қатысушы мемлекеттерінің экономикалық бірігу негізіне бірынғай мемлекетаралық инновациялық кеңістік құру идеясы жатады. Оның шегінде ғылыми-техникалық өзірлемелер мен жаңалықтарды тиімді пайдалану, жоғары технологияны енгізу және бірлескен бәсекеге қабілетті өндірісті құру үшін құқықтық, ұйымдық, каржылық және өзге мүмкіндіктер пайда болады.

Бұл жағдайда бірынғай мемлекетаралық инновациялық кеңістік ретінде ТМД мен ЕурАЗЭС мүше мемлекеттерінің инновациялық әлеуетін біріктіру негізінде қоғам қызметінің өртүрлі салаларына жоғары ғылымды қажетсінетін технологияларды жасау мен енгізуге бағытталған ғылыми-техникалық, инновациялық, кәсіпкерлік қызмет салаларындағы ғалымдардың, мамандар мен кәсіпкерлердің мемлекетаралық кеңістігі түсініледі.

Еуразиялық инновациялық кеңістікте қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық қоғамдастық ерекше орын алады.

Оның құрамына Ресей, Белоруссия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжік Республикасы, Өзбек Республикасы кіреді. Армения Республикасы мен Украинаның қоғамдастықтағы бақылауышы мәртебесі бар. ЕурАЗЭС 2000 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойыншы құрылды. Атап қоғамдастықтың болашақта толыққанды Еуразиялық одақ болатындығы көзделеді. Оның негізінде бірынғай экономикалық және инновациялық кеңістік, сондай-ақ Еуроодак баламасы бойынша оның құрамына кіретін елдердің заңнамасын үйлестіру мүмкіндігі жатыр.

Қазіргі уақытта ЕурАЗЭС шегінде бірқатар маңызды құжаттар, атап айтқанда бірынғай Кедендейк кодекс қабылданды. 2010 жылғы қантардан бастап ЕурАЗЭС жанынан Кедендейк жұмыс істей бастайды. Оны құру туралы тиісті келісімге Ресей Федерациясы, Белорусь Республикасы мен Қазақстан Республикасы қол қойды.

Еуразиялық инновациялық жүйені құру тұжырымдамасы өзірленді. Жаңа салалық экономиканы дамыту саласындағы Мемлекетаралық Тұжырымдамасына сәйкес (инновациялық саясат) ЕурАЗЭС мүше мемлекеттері қазіргі өлемдік үдерістерге, халықаралық нормалар мен ережелерге бейімделетін болады.

Мемлекетаралық инновациялық саясатты жүзеге асыру үлттық инновациялық жүйелер мен еуразиялық инновациялық жүйені құруға негізделеді. Бұл жүйелер қысқа мерзімде және жоғары тиімділікпен ЕурАЗЭС мүше

мемлекеттерінің зияткерлік, технологиялық және өндірістік әлеуеті өндірісінде пайдаланылатын болады.

Еуразиялық инновациялық жүйенің қоғамдастық елдері экономикасы дамуының жаңа шарттарына бейімделуі ең алдымен, трансұлттық компаниялар дамуы үлгісінен бас тартуға, өндірушілер мен тұтынушылардың желілік кластерлік ықпалдастық қызмет үлгілеріне көшуге, инновациялық қызмет саласында, интеллектуалдық экономика саласында, кәсіпкерлік секторда мемлекеттік – жеке меншіктік әріптестік тегершіктерін дамыту үшін жағдай жасауға негізделген дағдарыс мерзімінде экономиканы дамытудың ұстанымын ауыстыру пайда болады.

Көрсетілген мәселелерді шешу үлттық инновациялар жүйесі ресурстарын біріктіретін және ең бастысы инновациялық дамудың тұрақты жүйелік сипатын беретін үлттық инновациялық жүйелерді біріктіретін бірынғай мемлекетаралық инновациялық қеңістік шегінде еуразиялық инновациялық жүйені дамыту үшін қажетті жағдайлар жолымен ғана ықтимал. Олар ғылыми-техникалық әзірлемелер мен жаңалықтарды олардың жасалған орындарына қарамастан, тиімді пайдаланылуына ықпал ететін болады.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шегінде бірынғай мемлекетаралық инновациялық қеңістікті құру жақын он жылдықта ЕурАЗЭС-ке қатысушы мемлекеттер идеяларын біріктірудін жалпы мойындалуы болуға тиіс.

ЕурАЗЭС-тің Жоғары технологиялар орталығының қатысуымен еуразиялық инновациялық жүйені құрудың ЕурАЗЭС-ке қатысушы мемлекеттердің инновациялық қызмет саласындағы институттарды дамытуға және институционалдық қатынастарды үйлестіруге бағытталатын болады. Бұл еуразиялық достастық елдерінің бірынғай инновациялық қеңістігін қалыптастыру үшін қажетті үйымдық және құқықтық жағдайлар жасауға, кездесетін әкімшілік кедергілердің енсерілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Еуразиялық инновациялық жүйе шегінде ғылым, білім, ғылыми-техникалық ақпаратты, сараптамаларды, техникалық реттеуді, кәсіпкерлікі қаржыландыру мен ынталандыру саласын дамытуды қамтамасыз ететін негізгі институттар мен институционалдық қатынастардың дамуын қамтамасыз ету көзделеді.

ЕурАЗЭС-ке мүше мемлекеттер қоғамдастыры атқарушы билік органдары мен бизнес әкілдерінің қызметін үйлестіру үшін қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Жоғары технологиялар орталығы құрылды. Оның мақсаты – бірлескен ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге қатысу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Интеллектуалды экономика – XXI ғасырдың технологиялық жанғыруы / С.Ю. Глазьев, О.С. Сәбден, А.Е. Арменский, Е.А. Наумов /Редакциясын басқарған О.С. Сәбден. – Алматы: КР БФМ FK Экономика институты, 2010 – 333 б.
2. Мухамеджанов Б., Стратегическая цель науки — инновационное развитие экономики. //Казахстанская правда. - 2002. — 18 ноября. — С.3.
3. Кошанов А. Национальные экономические интересы и отношения собственности. Алматы: Эксклюзив, 2009. – 536 с.
4. Львов Д.С., Глазьев С.Ю. Теоретические и прикладные аспекты управления НТП. / Экономика и математические методы. 2014. № 5.

5. Сабден О. Инновационная экономика. – А: Эксклюзив, 2008. – 422 с

УДК 336.7

СУЩНОСТЬ И ВЗАИМОСВЯЗЬ СОБСТВЕННОГО КАПИТАЛА С НАДЕЖНОСТЬЮ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ

Молдаәкімұлы Р. магистрант

*Жетысуский государственный университет им.И. Жансугурова,
г.Талдыкорган. www.moldaakim@mail.ru*

В статье рассматривается роль собственного капитала в деятельности коммерческих банков. Так как собственный капитал является стартовым капиталом для начала деятельности любой финансовой организации. Также говорится о факторах собственного капитала, зависящих параметры деятельности банков.

Мақалада коммерциялық банктардің қызмет етүінде менишікті капиталдың атқаратын рөлі қарастырылады. Өйткені, менишікті капитал кез келген қаржылық үйімдердің қызмет етүінің бастапқы капиталы болып табылады. Сонымен бірге банктардің тиімді жұмыс істейіне əсер ететін менишікті капиталдың факторлары да сөз етіледі.

The article deals with the role of commercial banks. The equity is the starting capital for the start-up of financial institution. Also it refers to the equity factors depending parameters of banks' activities.

Ключевые слова: собственный капитал, стратегия, капитал, баланс, банк, инвестиция, стоимость, величина капитала, устойчивость банка

Практически любой аспект банковского дела прямо или косвенно связан с наличием капитала и/или его стоимостью. При оценке надежности и безопасности конкретного банка капитал является одним из ключевых факторов. Достаточное количество собственных средств банка способствует его стабильному функционированию и нейтрализации разнообразных рисков, которым он подвергается в процессе этого функционирования. Капитал поглощает возможные потери и тем самым создает основу для поддержания доверия к банку со стороны вкладчиков. Капитал также в конечном счете определяет кредитоспособность банка. Баланс банка не может расти сверх пределов, обозначенных коэффициентом достаточности капитала. Следовательно, наличие капитала определяет максимальный объем активов[1].

Методика расчета собственного капитала и инвестиций банка определяется уполномоченным органом.

В случае, если сумма обязательств банка превышает стоимость его активов, собственный капитал банка является отрицательным.

При установлении в течение трех последовательных календарных месяцев отрицательного размера собственного капитала у банка уполномоченный орган вправе по согласованию с Правительством Республики Казахстан принять решение о принудительном выкупе акций его акционеров и незамедлительно реализовать их новому инвестору по цене приобретения, на

условиях, гарантирующих увеличение капитала банка и его нормальное функционирование с учетом взятых инвестором обязательств.

Принудительный выкуп уполномоченным органом акций банка осуществляется по цене, определяемой исходя из стоимости активов банка за вычетом суммы его обязательств на дату принятия им решения о принудительном выкупе акций (долей акционеров) банка в целях их последующей реализации новому инвестору. Реализация выкупленных акций банка производится уполномоченным органом незамедлительно по цене их приобретения. Права и обязанности владельцев всех принудительно выкупаемых акций банка переходят к новому инвестору [2].

В случае наступления срока исполнения обязательств, по которым могут быть предъявлены требования к банку, но которые не предъявлены до принятия решения о принудительном выкупе акций банка, такие требования считаются погашенными, за исключением требований по депозитам физических и юридических лиц.

Порядок принудительного выкупа акций банка и их обязательной последующей продажи инвесторам устанавливаются уполномоченным органом.

Стоимость и величина капитала влияют на конкурентную позицию банка. Поскольку акционеры ждут прибыли от своих инвестиций, обязанность получить эту прибыль влияет на цены банковских продуктов. С другой стороны, чтобы осуществлять кредитные операции, нужно привлекать депозиты клиентов, а это подразумевает доверие общественности к банку, которое, в свою очередь, наилучшим образом достигается и поддерживается с помощью резервного запаса капитала. Если банк испытывает недостаток капитала или если стоимость его капитала слишком высока, банк рискует уступить свой бизнес конкурентам.

Важнейшая роль капитала состоит в обеспечении стабильности и поглощении потерь и тем самым в функционировании в качестве средства защиты вкладчиков и других кредиторов в случае ликвидации. В этой роли капитал банка должен обладать тремя важными характеристиками:

- он должен быть долгосрочным (постоянным);
- он не должен быть связан с обязательными фиксированными требованиями к прибыли;
- он должен предусматривать субординацию прав вкладчиков и других кредиторов.

Кроме общей суммы капитала важную роль играют и сами владельцы банка, особенно те, кто может непосредственно влиять на стратегическую политику и политику управления рисками банка. Структура владения банком должна обеспечивать целостность капитала банка и при необходимости поступление дополнительных сумм капитала. Она не должна негативно влиять на состояние капитала банка или подвергать его каким-либо дополнительным рискам. Это также справедливо в отношении структуры владения банков, входящих в финансовые конгломераты [3].

Надежность банка одновременно предполагает и его устойчивость, в тоже время надежность и устойчивость не является тождественными понятиями. Под устойчивостью в классическом смысле понимается способность системы возвращаться в состояние равновесия при внешних возмущающих воздействиях. На наш взгляд, надежность банка представляет некоторую статическую(фиксированную) величину в рамках определенного периода времени. В тоже время устойчивость является динамичной величиной, характеризующей

стабильность достигнутого оптимального соотношения между прибыльностью и платежеспособностью. Следовательно, устойчивость является условием надежности банка в динамике(развитии).

Устойчивость банка зависит от воздействия дестабилизирующих экзогенных и эндогенных факторов, которые в экономике отождествляются с рисками. Риск представляет собой вероятность неблагоприятного влияния определенного события или действия. Следует отметить, что положительное влияние событий или действий не трактуется как риск. Можно сделать вывод о том, что устойчивость банка связана с действием именно негативных факторов.

Исходя из классического определения устойчивости и приняв во внимание выделенные характеристики рассматриваемой категории, было сформулировано следующее определение:» Устойчивость банка- это способность к сохранению достигнутого уровня надежности при воздействии внешних и внутренних рисков». По нашему мнению, экономическая устойчивость предполагает не только возврат в предкризисное состояние, но и достижение более высокого уровня надежности. Последнее обстоятельство является существенным признаком устойчивости, характеризующим динамичность банковского бизнеса.

Собственный капитал является основой устойчивости банка, так как только при условии наличия и увеличения собственного капитала банк имеет возможность осуществлять операции и достигнуть баланса между прибыльностью и ликвидностью. Это позволяет сделать вывод о том, что собственный капитал является одним из важнейших показателей устойчивости банка [4].

Анализ теоретических исследований показал, экономическая устойчивость является сложным понятием, включающим несколько структурных составляющих ее общеэкономического содержания. В структуре устойчивости банка наряду с такими блоками как финансовая, коммерческая, функциональная, организационно- структурная устойчивость была выделена капитальная. При этом указано, что капитальная устойчивость определяется величиной собственного капитала банка.

Исследование иерархических взаимосвязей между банковской надежностью и устойчивостью, выявление роли собственного капитала в обеспечении надежности и устойчивости банка позволило уточнить экономическое содержание капитальной устойчивости и сформулировать следующее определение. Итак, капитальная устойчивость банка означает способность банка, обеспеченную собственным капиталом, к сохранению и повышению надежности при воздействии внешних и внутренних рисков. Капитальная устойчивость в нашей трактовке выступает как компонент устойчивости банка в целом.

Собственный капитал, как следует из вышеизложенных положений и сформулированной функции надежности, является параметром капитальной устойчивости. Закономерным является изучение функций собственного капитала, обусловивших данную стратегически важную роль.

Специфика собственного банковского капитала проявляется в небольшой величине относительно пассивов банка, что предопределяет высокий левераж и повышенный риск по сравнению с другими организациями. Эта специфика отражается на характере функций собственного капитала банка.

Первой функцией является защитная, которая отражает специфику банковского собственного капитала банка, предопределяющую необходимость страхования рисков банковской деятельности. Резервная функция отражает

чистый эффект проявления защитной функции собственного капитала банка, так как собственный капитал и представляет резерв, который служит источником покрытия непредвиденных рисков банковской деятельности или возмещения потерь кредиторов и владельцев при банкротстве. Регулирующая функция собственного банковского капитала является опосредсованным эффектом защитной функции, поскольку при установлении формальных показателей надежности банка на базе собственного капитала, а также автономных показателей достаточности капитала преследуются следующие цели: 1) защита вкладчиков и кредиторов банка от потерь; 2) защита государства от потерь в случае банкротства или потери устойчивости банка. Надзорные банковские органы вводят ограничение риска операций банка путем соотнесения пассивных, активных и внебалансовых операций с размером собственного капитала банка. Признание государством данных показателей наиболее важными для оценки надежности банка делает собственный капитал важнейшим информационным ориентиром для клиентов, вкладчиков банка и общества в целом [5].

Собственный капитал, вне зависимости от направлений использования и величины, сохраняет черты капитала, и базовой функцией собственного капитала является производительная. Осуществление производительной функции включает два эффекта: чистый и опосредсованный. Чистый эффект производительной функции проявляется как оперативная функция, то есть через использование собственного капитала в качестве источника финансирования активных операций. Опосредсованный эффект реализуется через создание основы для наращивания активных операций и косвенное регулирование риска.

Можно констатировать тот факт, что собственный капитал представляет собой объект, структура которого непрерывно модифицируется под воздействием общих тенденций развития банковского дела. На современном этапе развития банковского дела можно отметить три ключевых подхода к формированию собственного капитала банка общий («бухгалтерский»), коммерческий и регулирующий. Согласно первому подходу собственный капитал включает элементы, являющиеся собственностью владельцев банка. Коммерческий подход принимает во внимание только производительную сущность собственного капитала, включая в состав капитала-брутто все статьи, которые по стабильности могут быть приравнены к нему. Регулятивный подход основан, прежде всего, на защитной функции собственного капитала, соответственно, регулятивный капитал включает все элементы, которые могут быть использованы для покрытия рисков банковской деятельности [6].

Следовательно, каждый из двух подходов базируется только на одной из функций собственного капитала, отражая специфику субъективных целей, и элементы собственного капитала в отмеченных концепциях также воспроизводят определенную степень субъективизма. Таким образом, капитал-нетто и регулятивный капитал не могут служить эффективными параметрами капитальной устойчивости банка, они могут использоваться как показатели, характеризующие отдельные свойства собственного капитала. Анализ подходов к структурированию собственного капитала позволил сделать вывод о том, что компонентом, наиболее объективно характеризующим капитальную устойчивость, является собственный капитал, включающий уставный капитал, дополнительный капитал, резервы, сформированные из прибыли прошлых лет, нераспределенную прибыль. Выделенные компоненты выполняют в полной мере

функцию защиты кредиторов банка и производительного ресурса, представляя одновременно средства, бесспорно принадлежащие банку.

В основе капитальной устойчивости банка лежит собственный капитал, при этом максимизация его стоимости является условием сохранения устойчивости банка и гарантирует приток капитала в будущем.

Показатели стоимости собственного капитала можно отнести к качественным признакам капитальной устойчивости. Регулятивным показателем капитальной устойчивости, существенным для надзорных органов и контрагентов банка, выступает и достаточность собственного капитала для покрытия банковских рисков. Следовательно, анализ капитальной устойчивости также должен опираться на методы оценки собственного капитала.

Наиболее полную характеристику капитальной устойчивости можно вывести из декомпозиционной модели оценки доходности собственного капитала. Доходность собственного капитала является более корректным показателем эффективности банковской деятельности, так как собственный капитал меньше подвержен «манипуляциям» на дату составления отчетов. Расщепление ключевых показателей на факторы (множители) позволяет определить и дать сравнительную характеристику основных причин, повлиявших на изменение доходности собственного капитала. Для финансового рынка Казахстана, декомпозиционный анализ доходности собственного капитала имеет важное значение в силу следующих обстоятельств: во-первых, данные бухгалтерской отчетности относительно доступны; во-вторых, легкость расчетов, основанных на балансовых данных; в-третьих, отсутствие исторических данных по рыночным котировкам акций, низкий уровень ликвидности биржевого рынка ценных бумаг банков снижают возможности использования и оценки рыночных показателей. Кроме того, недостаточная развитость финансового рынка снижает значимость анализа рисков [7].

Коэффициентный анализ капитальной устойчивости банка должен быть дополнен рыночной оценкой собственного капитала, представляющей собой оценку с учетом времени, рисков и дохода. Основу финансового определения стоимости фирмы составляет концепция экономической стоимости как дохода от будущей деловой активности, кроме того, с точки зрения финансового управления максимизация стоимости капитала достигается путем снижения издержек привлечения капитала и выбора оптимальной структуры капитала. Анализ экономической стоимости собственного капитала, на наш взгляд, должен опираться на использовании метода оценки капитальных активов, так как для имеются необходимые данные для проведения расчетов.

Комплексная оценка собственного капитала включает: 1) анализ количественных показателей, таких как объем и динамика собственного капитала. Они дают представление об общем состоянии капитальной устойчивости банка, его платежеспособности; 2) анализ достаточности собственного капитала по коэффициенту Кука, выявляющий адекватность собственного капитала риску проводимых операций; 3) анализ качественных показателей. В первую очередь, это коэффициентный анализ, опирающийся на формальные критерии эффективности и включающий декомпозиционный анализ. Достоинством метода является системность, позволяющая охватить и связать рыночные тенденции и внутрикорпоративную политику. Во-вторых, анализ стоимости собственного капитала по методу капитальных активов [8].

Каждый метод в отдельности характеризует возможность достижения банком определенной подцели, в комплексе это дает характеристику капитальной устойчивости. Абсолютная величина собственного капитала банков РК напротив имеет ярко выраженный тренд повышения. В структуре собственного капитала банков Казахстана наиболее крупным компонентом является уставный капитал, доля которого в среднем за 2008-2015 годы составляла 74 процента от общей суммы капитала. Дополнительный капитал, включающий счет премий по акциям, занимает в среднем 7,7 процента собственного капитала.

Факторный анализ доходности собственного капитала показал снижение доходности собственного капитала банков Казахстана. В среднем по банковскому сектору изменение показателя доходности активов не оказало значительного влияния на доходность собственного капитала банка, одновременно позитивное воздействие финансового рычага нивелировалось таким негативным фактором как снижение доходной маржи.

Как уже отмечалось, качественным критерием капитальной устойчивости банка является также стоимость собственного капитала, определенная согласно концепции экономического капитала.

Как известно, уровень риска влияет на требуемый уровень доходности вложений, следовательно, более высокий риск должен компенсироваться высокой доходностью инвестиций. Однако на фондовом рынке Казахстана данная жестко детерминированная связь не проявляется, показатели доходности акций не связаны с уровнем риска. К примеру, более низкий риск по НБК в сравнении с ККБ не вызвал снижения стоимости собственного капитала. Можно отметить, что финансовый рычаг повышает доходность капитала, поскольку стоимость собственного капитала с учетом долга превышает стоимость капитала банка без учета долга. В то же время стоимость собственного капитала по ККБ ниже ставки по депозитам, которые можно рассматривать как альтернативное направление инвестирования денежных средств. Это отрицательно характеризует привлекательность акций банков с точки зрения доходности в качестве объектов вложения. Противоречивые результаты оценки стоимости собственного капитала банка по методу САРМ, по нашему мнению, объясняются: 1) неэффективностью фондового рынка Казахстана вследствие узкой инструментальной базы, олигополистического характера рынка; 2) преобладания у инвесторов целей, отличных от минимизации риска. На наш взгляд, к ним относятся фактор контроля над банком и использование акций при проведении скрытых сделок РЕПО. Проведенная оценка показала, что экономическая стоимость собственного капитала банков не отражает в полной мере реальную ценность банков, причиной этого стало искажающее влияние объективных и субъективных факторов, характерных для трансформирующейся экономики. Следовательно, отсутствует адекватная оценка экономической стоимости собственного капитала, рынком, это не позволяет на сегодняшний день определить реальную стоимость банков [9].

Проведенный анализ позволяет сделать вывод о недостаточной степени капитальной устойчивости коммерческих банков Казахстана. Установлено, что менеджеры банков для повышения капитальной устойчивости в основном опираются на экстенсивное наращивание собственного капитала. Такой способ оправдан в стадии роста, в котором находятся коммерческие банки Казахстана. Однако в будущем этот путь повышения капитальной устойчивости банка, безусловно, является тупиковым, так как конкуренция, развитие инструментальной и институциональной структуры финансового рынка приведут

к увеличению стоимости и редкости капитала. Следовательно, оптимизация капитальной устойчивости банка должна строится на интенсивных способах, затрагивающих внутренние резервы роста.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Сейткасимов Г.С. Банковское дело. Алматы: Экономика, - 2006. – 60с.
2. Указ президента РК, имеющий силу закона «О Национальном Банке РК» от 30.03.2001. - 3с.
3. Лаврушин О.И. Банковское дело. Москва: Финансы и статистика, - 2009.- 19с.
4. Миржакыпова С.Т. Бухгалтерский учет в банках. Алматы: Экономика, - 2006. – 448-453
5. Шидловская М.С. Банковский надзор и аудит. Москва: Экономика, - 2006.-С.72-78
6. Указ Президента РК, имеющий силу закона «О банках и банковской деятельности в РК» от 31.08.2001. - 2с.
7. Баканов М.И. Анализ коммерческого банка. Москва: Финансы, - 2005.- С. 73-80
8. Жуков Е.Ф. Деньги Кредит Банки. Москва: Финансы и статистика, - 2005.- С.20-26
9. Официальный сайт Национального банка //Краткий обзор деятельности БВУ, www.nbrk.kz

УДК 338.23

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МЕМЛЕКЕТТИң ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫНЫң БАҒЫТЫ РЕТИНДЕ

Аға оқытушы, магистр **Қылышпаева Б.Х.**

Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының магистранты

Шаймерденов Р.Б.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы

Жұмыспен қамтудың белсенеңде саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қоргаудың негізі, адам ресурстары әлеуметтін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қогамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

В существующих социально-экономических условиях одним из приоритетных направлений реализации государственной молодежной политики является занятость молодежи. На сегодняшний день молодежь Казахстана представляет собой большую социальную группу населения, которая является одним из основных факторов, определяющих перспективы развития казахстанского общества.

In the current socio-economic conditions, one of the priority directions of realization of the state youth policy is youth employment. Today the youth of

Kazakhstan is a large social group of the population, which is one of the main factors determining the prospects of development of Kazakh society.

Түйінді сөздер: Қоғамдағы жастар рөлі, жастардың жұмыспен қамту, әлеуметтік-экономикалық жүйе, еңбекке жарамды халық, еңбек нарығы, еңбек ресурстары, жастардың еңбек ресурстары.

Қазіргі қоғамдағы жастар рөлі, жас буынның әлеуметтік қызметтері, оның саяси позициясы мен көзқарасы, білімі мен кәсіби біліктілігі деңгейі, адамгершілігі мен мәдени қажеттіліктері туралы мәселелерді зерттеудің теориялық және практикалық мәні аса зор. Қоғамдың үрдістегі жастар рөлі, оның қызметінің түрлері, құндылықтары, дүниетанымы, қызығушылығы, қажеттіліктері мен психологиялық қасиеттері әлеуметтік және геосаяси даму сипаты, қоғамдың қатынастар, тарихи жағдайлар сипатымен шарттасылған.

Халықтың осы тобын зерттеудің негізгі мәселелерінің біріне, жастар еңбегінің пайдаланылуын бағалау жататын сиякты. Бұл өз негізінде жастардың еңбек ресурстарын, жастардың еңбек нарығын және оның жұмыспен қамтылуы мен жұмыссыздық, көшіп-қону, табиғи өсу сиякты құрамдас бөліктерін әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, саяси және басқа проблемалар мен факторлар аясында теориялық және практикалық зерттеу қажет екенін көрсетеді.

Жастардың орнын әлеуметтік-экономикалық жүйеде талдау қажеттілігі ең аз дегенде екі маңызды шартпен негізділеді. Біріншіден, жастар шамамен Қазақстанда еңбекке жарамды халықтың 25% құрайды; екіншіден, бұл аса маңызды, олар – елдің болашағы, олардың қызметі оның әрі қарай дамуымен байланысты. Бүгінде жастар көбінесе қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын анықтайды. Сонымен бірге бұл дүние жүзіндегі еңбек нарығында, әсіресе Қазақстанда қатты осал топтардың бірі болып табылады. Аталған мәселелердің маңыздылығына қарамастан, оларға ғылыми зерттеулерде, бұқаралық ақпарат құралдарынды, үкіметтік құжаттарда аз көніл бөлінеді.

18-24 жас аралығындағы жастар, бұл – студенттер немесе кәсіптік дайындықты аяқтаған жастар. Олар еңбек нарығына кіріп жатқан, жеткілікті кәсіптік және әлеуметтік тәжірибесі жоқ, сонымен қоса төмен бәсеклестік мүмкіндігі бар осал топ болып табылады.

25-29 жастағы жастар, негізінен, кәсіптік тандау жасайды, қандай да бір өмірлік және кәсіптік тәжірибесі бар топқа жатады. Олар не қажет ететінін біледі, көбінесе өзінің жануясы бар және ұсынылатын жұмысқа үлкен талаптар қояды.

Еңбек нарығындағы жағдайларда маңызды көрсеткіш болып жұмыссыздықтың деңгей, сыйымдылығы және еңбек нарығының конъюнктурасы болып табылады. Алайда мұндай статистика толығымен еңбек нарығындағы толық жағдайды көрсетпейді. Жастар еңбек биржасында басқа жастағы адамдармен салыстырғанда сирек тіркеледі. Нәтижесінде нарықтық қатынастың ерекшеліктерімен байланысты, жасырын жұмыссыздық, жұмыспен қамтамасыз етудің жана құбылыстарының барлығы есепке алынбайды. Өндірістік емес салада жұмыс күшіне сұраныс жылдам өсу үстінде, әсіресе жылдам коммерциаланғандарда. Егер де қазіргі кездегі білікті мамандарды дайындау және оларға деген сұраныс өзгермесе, жақын аралықта біліксіз мамандар халық арасында жұмыссыздықтың үлғаюын алып келуі мүмкін, ен алдымен жалпы орта мектепті бітірген, әрі қарайғы оқуын жалғастырмаған, мамандығы немесе қажетті біліктілігі жоқ – жастардың арасында. Сондықтан да жалпы білім беруін және жастарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қажет.

Аграрлық секторда жұмыспен жастардың аз бөлігі қамтамасыз етілген, себебі еңбек ақысының тәмен болуы. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үйымдастырған - экономикалық қатынастар жиынтығын көрсетеді деп есептейді, бұл басқару обьектісінің және субъектісінің өлеуметтік және экономикалық жетістіктеріне бағытталған, жұмыспен қамтамасыз ету кепілдігін береді.

Экономикалық жүйедегі жастарды жұмыспен қамтуды басқарудың көп деңгейлі үлгісін ұсынады, бұл кәсіпкерлік құрылымның, мемлекеттік басқару орындарының, білім жүйесінің, қоғамның және жан ұяның өзара өсер етуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әрине байланыстың мұндай жүйесінің мақсаты жастардың жан-жақты дамуы болып табылады, экономикалық жүйенің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Еңбек нарығының қажеттіліктері жастардың өмір құндылықтарына сәйкес келмегені көрсетілген, сонымен қатар бұл сәйкесіздік жастардың белсенді түрде жұмыс іздеуіне кедергі болады, сондықтан да экономикалық жүйедегі жастарды жұмыспен қамту мәселесіне сәйкес келетін жүйені қалыптастыру керек.

Бұл жүйе төмендегідей қалыптасуы кажет:

- кәсіпорында, үйимда және мемлекеттік мекемелерде конкурстық сұрыптау негізінде жастарды жұмыспен қамту және тәжірибелерді үйымдастыру;
- жастар үшін жұмыс орындарын үлестіру мақсатымен аудандық арнайы бюджеттік қорлар жасау;
- білім беру мекемелерінің түлектерін жұмыспен қамтамасыз ететін жұмыс берушілердің ынталандыру жүйесін жетілдіру;
- жастармен мамандыққа бағытталған ескертпелі жұмыс жүргізу;
- жастар жұмыссыздығын алдын-ала ескерту жөнінде іс-шараларда қалыптастыру және жүзеге асыру;
- жастарды баспа және электронды ауқымда ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру, еңбек нарығы және жастарды қолдану шаралары туралы анықтамалық және ақпараттық-әдістемелік әдебиеттерді баспаға шығару;
- жас кәсіпкерлікті және жастар кәсіпкерлігін құру тәжірибесін дамыту, жастардың бизнес-жоспарларын кенеспен және экспертермен қамтамасыз ету.

Жас кезінде адам жеке тұлға ретінде қалыптасады, және дәл осы мерзімде оның өмірінде негізгі оқиғалар болады, оның еңбек жолы және ЖІӨ-те қосқан үлесі әрі қарай көбінесе соларға байланысты болады. Оған білім алу, некеге тұру, балаларының дүниеге келуі және т.б. жатады. Осылардың барлығы көп адамның дәл осы жастық шағында болады.

Адам өміріндегі кезеңдерінің тізбекті ауысуы барысында оның дамуының кері айналмайтын кезеңдері жүзеге асады: балалық шақ, жасөспірім жас, кемел жас және қарттық. Уақыт өте олар бір-бірін алмастырады. Бір қарағанда адам жасы адам ағзасының өмірлік шектерін анықтаушы биологиялық индикатор ғана болып табылады. Бірақ та ол мүлдем бұрыс пікір. Адам ағзасындағы антропометриялық, физиологиялық және психологиялық өзгерістер біркелкі жүрмейді. Осылан байланысты адамды және оның іс-әрекетін зерттеу мәселелерімен айналысатын физиология, социология, статистика, экономика және демография сияқты ғылыми бағыттарда адамның жас шектерін анықтау кезінде сан алуан тәсілдемелер қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі» заңына сәйкес жастар - бұл 16 жастан бастап 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, шет мемлекеттердің азаматтары және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты өмір сүріп жатқан

азаматтығы жок тұлғалар [1].

Заңнамада анықталған еңбек ресурстарының төменгі шекарасы болып 16 жас есептегендегін, сондай-ақ осы жасқа қарай жас адамда бұлшық ет пен сүйек жүйесі қалыптасатындығын және оның белгіленген жұмысты орындағы алатындығын назарға ала отырып, осы жас жұмыс істеу кезеңінің заңды негізделген бастапқы сатысы болып табылады.

Қазіргі таңда, физиологтар былай деп тұжырымдайды, яғни отыз жастан асқан жас адамның денесінің өсуі, бұлшық еттерінің үлғауы, басы мен бас миының көлемінің өсуі өз жалғасын табады және осы процесс ер адамдарда әйел адамдарға қарағанда ұзағырақ созылады. Жоғарыдағы барлық айтылғандарды жалпылай отырып, Қазақстан Республикасында жастардың еңбек ресурстарының жоғарғы шектері әйелдер үшін 16-32 жасты, ал ерлерде 16-34 жасты құрауы тиіс. Бұған сәйкес, заңнамада және тәжірибелік қызметте жастардың еңбек ресурстарының жас шектерінің үлғауы статистикалық материалдарды өте объективті түрде өндеге және осы санаттағылар санын талдауға ғана ықпал етіп қоймай, сонымен бірге зор ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігіне, жастар өмірінің жағдайлары мен өмір сапасын жақсартуға, оның кәсіби және шығармашылық өлеуетін дамытуға, сондай-ақ ұсынылатын жас аралығында өте өнімді қызметті жүзеге асыруға ықпал етеді.

Бұл айтқанды қорта келе, жастар еңбек ресурстарының жастық есептік кезеңін алтын кесік әдісін қолдана отырып дәлелдеуге болады. Леонардо да Винчи 8 және 13 сандарының қатынасын алтын бөлік, ал заңның өзін – «алтын кесік заңы» деп атаған. «Алтын кесік» заңына сәйкес жастардың еңбек ресурстарын зерттеу 8 бөліктен тұрады (немесе 38,1% 8:13 қатынасында), бұл орайда 13 бөлік (61,9%) – бұл қалған еңбек ресурстары. Соған сәйкес, барлық еңбек ресурстары 21 бөлікті, яғни 100%-ды құрайды [2].

Жастардың еңбек ресурстарының төменгі жас шегі 16 жасты қабылдай және «алтын кесік» әдістемесін қолдана, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ерлер үшін еңбек белсенділік кезеңі 47 жасты құрайтындығын, яғни 63-16 жас аралығын ескере отырып, келесідей әрекетті орындаимыз: $47 : 21 \cdot 8 = 17,9$ жас, бұл жастардың ерлер еңбек ресурстары үшін «алтын кесік» екенін анықтаймыз.

Осылайша, еңбек ресурстарының төменгі шекарасы 16 жасты құрайды, яғни, соған сәйкес, жас ерлердің еңбек ресурстары үшін жоғарғы шекара — 33,9 жас ($16 + 17,9$) немесе 34 жас болады.

Бұл жағдайда жастар арасындағы әйел еңбек ресурстарының жоғарғы шекарасы, біздің есептеулерімізге сәйкес, ерлермен салыстырғанда басқаша болады, яғни Қазақстан Республикасындағы әйел адамдардың еңбек ету белсенділік кезеңі ерлерден өзгеше болады және 42 жасты құрайды, яғни 58-16. Осындағы есептеулерді жүргізгеннен соң, біз 32 жасқа тең жоғары шекараны анықтаймыз ($42 : 21 \cdot 8 + 16$). Осы есептеулер және қорытындылар жастардың еңбек ресурстарының жас шекараларының негізdemесі болып табылады, біздің анықтауымыз бойынша әйелдер үшін 16 жастан 32 жасқа дейінгі және ерлер үшін 16 жастан 34 жасқа дейінгі аралықта болады.

Дегенмен, еңбек ресурстарының жас тобы (16-34 жас) сан жағынан да, сапа жағынан да өмір сұру сипатына, білім деңгейіне, өмірлік қажеттіліктеріне байланысты әркелкі болып келеді. Сондықтан да, біздің пікірімізше, оларды екі жастар тобына бөлу керек: 16-25 жас және 26-34 жас аралығындағы, яғни әр түрлі бірдей кезеңдерге.

26 жас және одан асқан кезде жастар 16-25 жас аралығындағы жастармен

салыстырғанда, көсіби тәжірибе алады және олардың басым бөлігі экономика саласында жұмыспен қамтылады. 26-34 жастағы жастар 16-25 жастағы жастармен салыстырғанда, ересек тұрғындарға жақынырақ болады, өйткені олардың қатарына еңбек қатынастарына түскен жұмысбастылықтың белгіленген мәртебесі бар еңбек жасындағы тұлғалар жатады. Оларда өздері орындайтын жұмыс жөніндегі көзқарас қалыптасқан және белгілі бір көсіби және өмірлік тәжірибе жинақталған. Осы жасқа қарай, көптеген жігіттер мен қыздарда еңбек және көсіби жетілу, сондай-ақ өндіріс пен көсіби қызметке бейімделу үдерісі аяқталады.

Жоғарыда аталғандарды қорыта отырып, мынадай қорытынды жасауға болады, яғни жастардың еңбек ресурстары құрамына экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес жастар жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «жастардың еңбек ресурстары» түсінігіне келесі анықтама ұсынылады.

Қазақстан Республикасындағы жастардың еңбек ресурстары – бұл белгіленген қызметті жүзеге асыру үшін дене күші, білімі мен тәжірибесінің жеткілікті деңгейі бар 16-32 жастағы (жастар арасындағы әйел жынысты еңбек ресурстары) және 16-34 жастағы (жастар арасындағы ерек жынысты еңбек ресурстары) еңбек ресурстары.

Еңбек нарығындағы жастардың жұмысбастылығы мен жұмыссыздығын зерттеу кезінде белгілі бір жастар тобының ерекшеліктерін ескеру керек, өйткені олар әр алуан болып келеді.

Еңбек нарығы қазіргі заманғы экономиканы дамытудың негізгі және стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Ондағы бар бос орындарды ескере отырып жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы балансқа жетумен тұжырымдалатын оның басты міндетін шешу еңбек нарығын қалыптастыру факторларын айқындауды талап етеді.

Нарықтық қатынастар мен еңбек нарығының қалыптасу үрдісі жұмыскердің өндіріс құралдарынан бөлініп, осымен оған занды еркіндік беру сәтінен басталады. Егер адам еңбегі затқа айналған, өзі жасаған тауарды сата алмаса, онда өзінің өмір сүруіне қаражат табу үшін өзінің жұмыс күшін сатуы тиіс. Сондықтан еңбек нарығын қалыптастырудың негізгі алғышарттарының бірі, бір жағынан, жұмыс орындарын ұсынатын көптеген жұмыс берушілердің болуы болып табылса, ал екінші жағынан, тауар ретінде жұмысшы күшін ұсынатын жалдамалы жұмысшылардың болуы болып табылады. Бұл жағдайда аталған көпшілік мемлекет, көсіпорындарда жұмыс беруші ретінде болатын жоспарлы экономикадағыдей, формальді түрде болмауы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біз қазіргі заманғы еңбек нарығының қалыптасуына әсер ететін факторлар ретінде жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты белгілеуге болады деп есептейміз.

Жұмыс күшіне деген сұраныстың көсіби-біліктілік күріліміна әсер ететін факторлар туралы айта келіп, осы зерттеушілер шығарылған өнімдер мен қызметтерге сұраныстың өзгеруі, экономикалық-географиялық жағдайы, қаржынесие жүйесінің жай-күйі және т.б. жататын макроэкономикалық және микроэкономикалық деп бөледі, бұл - көсіпорын жұмыс істейтін кезеңде еңбекті үйимдастыру формасы мен басқарудың үйимдық күрілімі, еңбек құны және т.б.

Жұмыс күшін ұсынудың кәсіби-біліктілік құрылымына өсер ететін факторларды қарастыра отырып, осы зерттеушілер экономикалық, демографиялық және әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтады.

Аймақтық еңбек нарығының қалыптасуына алуан түрлі факторлар топтары өсер етеді, оларға географиялық орналасуы, табиғи-климаттық жағдайлары, экономиканың негізгі салаларының дамуы және олардың мамандандырылуы, инвестициялық саясат, өнір экономикасының салалық құрылымын сипаттайтын әртараптандыру деңгейі, демографиялық жағдай және басқалар жатады.

Заманауи еңбек нарығының қалыптасуына ықпал ететін факторлар қандай да бір өзіне тән ерекшеліктермен немесе белгілермен жүйеленбеген және топтастырылмаған. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген факторлармен қатар жастардың еңбек нарығының қалыптасуына басқа факторлар да өсер ететін сияқты. Сондықтан аталған мәселе жеке зерттеу жүргізуді қажетсінеді деп есептейміз.

Бүгінде оның қалыптасуы мен даму үдерісіне тікелей өсер ететін институционалдық, әлеуметтік-психологиялық, ұйымдық, демографиялық, экономикалық және саяси факторларды кешенді зерттеу арқылы жастардың заманауи еңбек нарығын зерттеу қажеттігі пісіп-жетілді.

Мемлекет жұмыспен қамту саясатын жүргізе отырып, жұмыскерлер мен жұмысберушілер арасында құқықтық нормалар мен қатынастардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады. Осыған байланысты мұнда еңбек нарығының нормативтік-құқықтық базасының жұмыс істеу тиімділігіне байланысты институционалдық факторлар ерекшеленеді. Институционалдық факторлар олар үшін, бір жағынан, мемлекет немесе аймақ деңгейінде арнайы мақсатты бағдарламалар жасалатын, екінші жағынан, түрлі жәрдемақылар, стипендиялар, гранттар және т.б. төлеумен байланысты осы бағдарламалар мен түрлі заңнамалық актілер шеңберінде жұмыспен қамту корлары құрылатын жастардың еңбек ресурстарымен тығыз байланысты.

Жастардың заманауи еңбек нарығының қалыптасуына ықпал ететін факторлардың келесі тобына әлеуметтік-психологиялық фактор жатады. Олардың ішінен кәсіптік бағдар беру, кәсіптік оқыту, бейімделу, мамандықтың беделділігі, еңбек сипатының мазмұны, еңбек қызметінің сипатын ауыстыруға дайын болу, оку мен жұмысты қатар алып жүру мүмкіндігі, сондай-ақ кәсіби өсу келешегі.

Жастардың кәсіптік бағдарлану үдерісі жалпы білім беретін мектепте етеді, олардың көпшілігі оны бітіргеннен кейін кәсіптік окудан, одан соң кәсіпорында енбекке бейімделуден өтеді.

Мамандықтың беделдігі де, біздің ойымызша, жастар үшін ЖОО-ны тандауда елеулі фактор болып табылады. Егер 60-70 жылдары КСРО-ның ұлы держава ретіндегі мәртебесін және жаппай қарулануда өз позициясын бейнелейтін мамандықтар (физик-ядроши, ғарышкер және т.б.) беделді деп есептелсе, қазіргі жастар нарықтық экономика жағдайында ерекше мәнге ие мамандықтар анағұрлым беделді деп есептейді (кәсіпкерлер, жоспарлау, есеп жүйесі мен қаржы саласының қызметкерлері, зангерлер, акпараттық қызмет көрсету саласының мамандары және т.б.) [3].

Егер еңбек қызықты және мазмұнды болмаса, онда жастар қызмет сипатын өзгертерді. Жастардың еңбек нарығын қалыптастырудың аталған әлеуметтік-психологиялық факторы едәуір дәрежеде оны жалпы еңбек нарығын

қалыптастыру факторларынан ерекшелейді. Өз қызметін ауыстыру туралы шешім қабылдауда жастар шапшаңырақ, өйткені оның көпшілігі аға бүйнә қарағанда түрлі мәселелермен тауқымет тартып отырған жоқ.

Жастардың еңбек нарығының қалыптасу факторларының басқа тобын жұмыспен қамту қызметімен байланысты үйымдастырушылық фактор құрайды. Еліміздің инновациялық жаңаған ресурстарын дәл осы жастар құрайтынын ескеріп, осы демографиялық топты мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының ең сапалы бағыттарының ретінде қарau қажет. Сондықтан нарықтық экономика жағдайларына бейім әрі заманауи технологияларды менгерген, біліктілігі жоғары кадрлар даярлау мемлекеттің маңызды міндеп болып табылады әрі ел экономикасының даму қарқыны мен бәсекеге қабілеттілігі осы міндептерді шешуге де тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заны. 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/doc>
2. Халықты жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы // <http://egov.kz/wps>
3. К.Б.Куангалиев. Еңбек нарығының қалыптасуының теориялық-әдістемелік негіздері // Поиск-Ізденис.- 2013,- №2, - 66-70 б.

ГУМАНИТАРНЫЙ

ӘӨЖ 541.124

**АБАЙДЫҢ «ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР» ӨЛЕҢІНДЕГІ
КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫ-КОГНИТИВТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Алпысбаева А.Е.

*I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ
aygul.alpysbaeva.91@mail.ru*

Бұл мақалада Абай ақынның «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңінде қолданған соны, тың, әсерлі көркемдік-бейнелеу құралдарының ағылышын және неміс тілдеріндегі аудармаларына салыстырмалы талдау жасалды. Басқа тілге аударылғанда өзінің функциясы мен танымдық ерекшелігін өзгертуken көркемдік-бейнелеу құралдары анықталды.

В этой статье были рассмотрены средства художественной изобразительности использованные поэтом в стихотворении «Құлақтан кіріп бойды алар» и их перевод на английский и немецкий языки. В ходе компаративного анализа были выявлены средства художественной изобразительности, которые при переводе изменили функциональные и когнитивные особенности.

This article has discussed means of artistic depiction used by the poet in the poem «Құлақтан кіріп бойды алар» and their translation into English and German. In the comparative analysis of means of artistic depiction revealed that the translation changed the functional and cognitive features.

Кітт сөздер: көркем аударма, әдеби компаративистика, көркемдік-бейнелеу құралдары, этикет, теңеу, таным.

Тәржіме тәжірибесіне талдау жасаған тұста аудармашы жұмысының бүкіл үдерісі шартты түрде төрт кезеңге бөлінген. Әуелгі бетте түпнұсқаның мазмұнын, оның семантикалық және стилистикалық құралдарын жан-жақты зерделеу, өлеңнің ырғактық, фонетикалық, синтаксистік құрылымдарын, пішінінің негізгі элементтерін айқындастырып белгілерді бөліп алу жұмысы жүрмек, онан кейін аударма тілінде түпнұсқаның маңызды қырларын қайта қалпына келтіруге тенденс құралдарды іздестіру басталады. Мұнан соң түпнұсқада о баста бөле көрсетілген белгілерді жаңа көркемдік тұтастыққа жинақтау жүреді. Соңғы кезеңде біткен аударма түпнұсқамен салыстырылып, түпкілікті түзетулер енгізіледі. Абайдың «Құлақтан кіріп бойды алар» атты өлеңіндегі көркемдік тұтастықты аудармашылар ағылшын тілінде қалай жеткізгенін байқап көрелік.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көнілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсөң, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытыш,
Көнілім әнді үғады,
Жүрегім бойды жылытыш [1, 198].

Ән мен күйдің күдіреті мен қасиетін айтып жеткізу үшін Абай ақын осы өлең жолдарын эпитетпен өрнектейді: «әсем ән, тәтті күй». Әсем ән – әдемі, көркем ән дегенді мензесе, тәтті күй – балдай дәмімен баурап алатындей. Бұл эпитетті тіркестердің үйлесімділігі мен шынайылығы сондай, халықтың санасына әбден жатталып қалған. Әрі ән-күй жайына келгенде ойға бірінші келетін орамды сөз өрнектерінің ағылшын тілінде қалай оқылып, естілетіні әрбір оқырманға қызық болары сөзсіз.

Осы өлең жолдарын ағылшын тіліне Ричард МакКейн мен Дориан Роттенберг тәржімалаған.

P.МакКейн тәржімасы төмендегідей:
Intruding on the ear, the wonderful song
and the sweet melody captured the soul [2, 58].

Жолма-жол аудармасы:

Құлақтан кіріп, жүргегімді жаулап алды
Ғажайып (тамаша) ән мен тәтті күй.

Демек, аудармашы «әсем әнді – ғажайып (тамаша) ән» деп, «тәтті күйді» дәл сол қалпында жеткізеді. Әрине, ғажайып ән деп те, тамаша ән деп айту ойға қоныымды. Аудармашы қолданған «wonderful» сын есімін ғажайып, тамаша деп те аударуға болады. Дегенмен, «ful» жүрнағының көмегімен жасалып тұрған туынды сын есімнің түбіре: “wonder” – “ғажап” деген сөзден бастау алады.

Ал, Д.Роттенберг бұл өлең жолдарын төмендегідей сөйлетеңді:

A mellow tune and a gentle song
Stir the soul and caress the ear [3, 153].

Жолма-жол аудармасы:

Жұмсақ өуен мен нәзік ән,
Жүргегімді қозғалтып, құлагыма жағады.

Яғни, аудармашы «әсем әнді – нәзік ән» деп, «тәтті күйді – жұмсақ өуен» деп тәржімалап, эпитетті тіркестердің пішінін сақтап қалғанмен, мағыналық үйлесімді бұзып жібергендей. Жұмсақ өуен бар шығар, бірақ ол ақын айтқан тәтті күй емес, ал «gentle song» (нәзік ән) деп ағылшын тілінде айтуға болар, бірақ қазаққа жат.

Сондай-ақ ақын осы өлеңде ойын нақты әрі әсерлі жеткізу үшін бір айқындауышты бірнеше рет қолданатын тұстары да бар: «ескі өмір, ескі сыйыр, ескі ой»:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыйырды.
Ескі ойға көнілім толады,
Тірлітіп өткен құрғырды.

Ақынның осы айқындауышты қайта-қайта қолдануы, сөзге екпін түсіріп, ерекше назар аудартқысы келуінен екені белгілі. Жалпы «ескі» сөзі қазақ тілінде материалды заттарға қолданатын анықтауыш: ескі үй, ескі үстел, ескі киім болуы мүмкін. Абай ақын ескі сөзін абстрактілі сөздермен тіркестіре отырып, ерекше айшақтау түрін келтіреді. Оның мағынасы қандай болмақ? «Ескі» сөзіне Абай тілінің сөздігінде төмендегідей түсініктеме береді: 1. *Көне, ескірғен*. Қараңғы үй

терезесі – тұтқын орны, Көгерген көктің жузі ескі формы. Азат құстар аспанда ойнап үшса, Ұялып қарай алмас мендей сорлы [4, 98]. 2. *Үйренишікті, дагдылы.* Хүп білемін, сізге жақпас Ескі жара білтелеу. Ақ жүргегін енді үнатпай, Мезгілі жоқ қай медеу? [4, 82]. 3. *Көптен белгілі, мәлім.* Есіткендей болады Құлағым **ескі сыбырды.** **Ескі ойға** көңілім толады, Тірлітіп өткен құрғырды. 4. *Бұрынғы, бағызы, ежелгі.* Қор қылуға құдреттен Жүргіме түсті өрт. Тайды аяғым ескі серттен, Түсті емсіз қатты дерт [39, 82].

Демек, сөздік бойынша, ақын ескі ой, ескі сыбыр деп *көптен белгілі, мәлім ой мен сыбырды* айтып отыр.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.

Осы екі тармақ өлеңнің ағылшын тіліндегі тәржімаларына назар аударып көрелік:

Кесте 1

P. МакКейн тәржімасы	Д.Роттенберг тәржімасы
He who forces love and trembling raises the veil of the past. [2, 58]	A song revives in the memory The woes and joys of the distant past. [3, 153]
Жолма-жол аудармасы: Ол махаббат пен күйзелісті оятып, Өткеннің пердесін ашуға мәжбүр етеді.	Жолма-жол аудармасы: Бұрынғы өткен қуаныш пен қайғыны Ән есімде қайта жаңғыртады.

Кестеден көріп отырғанымыздай, Р.МакКейн ескі өмірді – өткеннің пердесі десе, екінші аудармашы өткен қуаныш пен қайғы деп тәржімалап, эпитет болудан қалады.

Келесі шумақтың аудармасына келсек:

Есіткендей болады
Құлағым **ескі сыбырды.**
Ескі ойға көңілім толады,
Тірлітіп өткен құрғырды.

Кесте 2

P. МакКейн тәржімасы	Д.Роттенберг тәржімасы
It's as though a whisper I had forgotten about comes to the ear The soul fills with thoughts of long ago, Resurrecting the cursed past. [2, 58]	It seems to me that I hear the sound Of another's life long since gone by The dreams and memories of the past Come to life before my eye. [3, 153]
Жолма-жол аудармасы: Бұл мен ұмытқан сыйбырдың Құлағым аудармасы. Жүргім өткеннің ойларына толып, Қарғыс атқан өткенді қайта жаңғыртады.	Жолма-жол аудармасы: Бұрын өткен басқа өмірдің дыбысын Естігендей боламын. Өткен күннің армандары мен елестері Көз алдыма келеді.

Кестеден шығатын қорытынды, «ескі сыйбырды» бірінші аудармашылардың бірі – «мен ұмытқан сыйбыр» деп, екіншісі «бұрын өткен басқа өмірдің дыбысы» деп тәржімалайды. Ал, «ескі өмір» бірде «өткеннің ойлары» деп, екіншісінде «өткен күннің армандары мен елестері» деп тәржімаланғаны. Демек, екі нұсқада да әпитет өзінің пішінін, әрі мағынасын да жоғалтып, суретті, көркем, ықшам сөз емес, жай сөз тіркесіне айналған.

Ақынның шығармашылығынан «у» деген сөзді көп кездестіруге болады. Осы өлеңде де ақын «уды» жай метафора ретінде екі рет қайталап қолданады. «Ескі» айқындауышының қайталана қолданылуы сияқты бұл сөз өрнегіне де мән бермеуге болмайды. Абай тілінің сөздігінде ақын шығармашылығындағы «у» сөзінің қолданысына тәмендегідей сипаттама беріледі:

1. *Зардабы қүшті, денеге зиянды химиялық зат.* Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмгөн кім? (II, 193). 2. *Ауыспалы маг. Қайғы-қасірет, мұң-шер.* Тағы сене бастаймын Күнде алдағыш қуларға, Есім шығып қашпаймын, Мен ішпеген у бар ма? (I, 219). 3. *Ақын бұл жерде қайғының келтіретін зиянын айтып отыр.* Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек, Ашуың – ашыған у, ойың кермек (I, 126) [4, 541].

Демек, ақынның бұл өлеңінде «у» сөзі ауыспалы мағынада қолданылып, «қайғы-қасірет, мұң-шер» дегенді білдірмек:

Ішіп терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.

Кесте 3

P. МакКейн тәржімасы	Д.Роттенберг тәржімасы
I go down to the bottom, and thirstily drink The venomous poison of days I lived through. [2, 58]	All that I went through comes back again, Half-forgotten trouble and care revives [3, 153]
Жолма-жол аудармасы: Мен тереңге бойлап, аямастан ішемін Мен сүрген өмірдің ашы уын.	Жолма-жол аудармасы: Мен көргеннің бәрі қайтадан қайтып келеді, Жартылай ұмыт болған келеңсіздіктер мен уайым қайта жаңғырады.

Яғни, Р.МакКейн өз аудармасында «уды» - «аңы у» деп метафораның алдына сипаттама сөз қозса, Д.Роттенберг «уды» - «жартылай ұмыт болған келеңсіздіктер мен уайым» деп тәржімалап, метафоралық қасиетін жойып жібереді. Аудармадағы ағаттықтардың, қателіктердің, кемшіліктердің әр кезеңдегі сипаты әр түрлі. Семантикалық деңгейдегі қателіктер өзгеру, ауысулардың, яғни трансформацияның дәл ұғынылмауынан орын алады. Өлең аудармасының өнері дегеніміз бір тұста ұтып, бір тұста ұтылып журіп барып шығармашылық жеңіске жету. Әр жол сайын дәп табамын, әр жол сайын дәл түсемін деген адам дәл сол жолдарда тауып кеткендей болып көрінгенімен, шығарманы тұтастай алып қарағанда өлеңдік өзегінен айырылып қалып жатады

Бірақ автордың дара стилін танытатын басты белгілердің бірі – метафора. Метафорасы дәл жеткізілген түпнұсқаның қай-қайсысының да бағы бар. Көркем шығарма құрылымындағы эмоциялық, эстетикалық жүктің көбін көтеретін метафора жоғалған жағдайда аударма ажары ашылмақ емес.

Енді «у» сөзінің келесі шумақтағы қолданысына назар аударып көрелік:

Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

Кесте 4

P. МакКейн тәржімасы	Д.Роттенберг тәржімасы
I don't run away at breakneck speed. Is there any poison that I have not drunk? [2, 58]	Although there is hardly a poison on earth That I did not chance to taste. [3, 153]
Жолма-жол аудармасы: Басайналдырлық жылдамдықпен қашпаймын. Мен ішпеген у бар ма?	Жолма-жол аудармасы: Мен татып көрмеген у, Жер бетінде жоқ шығар.

Екі аудармашы да «үдың» мағыналық әрі пішіндік қасиетін сактап тәржималаған. Тек түпнұсқадағы «мен ішпеген у бар ма?» деген сұраулы ойды Р. МакКейннің аудармасынан ғана көруімізге болады. Ал, Д. Роттенберг «мен татып көрмеген у жер бетінде жоқ шығар» деп біраз өсірелеп жібереді.

Өлеңнің басты өлшемі – оқырманға өсері. Аударма өлнеге де қойылар басты талап – түпнұсқаның өсерін жасау. Өлең – өлшемге байлаулы өнер. Ақ өлеңнің де өзінің ішкі ырғағы бар. Ақын қай шумакты құрағанда да ырғакқа, үйқасқа, буынға, бунаққа қарамай тұрмайды. Соған орай оның өз ойын, өз образын, өз бояуын дәйім дәл өзінің көздегеніндей етіп жеткізе алмауы әбден мүмкін. Мұның өзі ең мінсіз деген шығармалардан да табылуы мүмкін. Сол ойдың, сол образдың, сол бояудың өзге тілдегі өзге ырғаққа, өзге үйқасқа, өзге буынға, өзге бунаққа түпнұсқадағыдан гөрі өуездірек, әрлірек болып түсүі де мүмкін.

Сан алуан сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын қай тілде болсын айтып жеткізуге болғанымен, ол сөздердің өзіндік құрылыш-бітімін, айтылу қалпын түгел сактау қыын, мүмкін де емес. Бірақ бұдан (мысалы, өлендерді аударғанда) поэзия тілінің ұлттық сипат-белгілерін, өзгеше суреттілік ажар-көркін негұрлым толық жеткізу міндеттін қоюдан бас тарту керек деген қорытынды шықпайды. Бұл арада тек аударма алдындағы міндеттің қаншалықты қыын да күрделі екендігін айрықша атап өтуді орынды.

Бірақ “Аудармашылар – өз уақытының және өз халқының өкілдері, түпнұсқаны өзінше пайымдауға олардың толық құқы бар. Түпнұсқаны ой елегінен өткізу, өзінше пайымдау жоқ жерде көркем аударма да жоқ...”, деген болатын Иван Кашкин [5, 439-440]. Осыған орай Наум Гребневтің шешен-ингуш өнін аударып отырып, негізгі образды қалай ауыстырганы әдебиеттану еңбектерінде жиі мысалға алынады” [6, 337]. Аудармашылар да туындыға өз интерпретациясын жасай алады деген пайымдауды да есте сактаған жөн болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы [Текст]:
Өлеңдермен поэмалар.- Алматы "Көркем әдебиет", 1957.- 368 б.www.abai-inst.kz
2. ABAI. Book of words. Абай халықаралық клубы. Семей 2005.-776.
3. KUNANBAYEV ABAI - Selected Poems. Progress Publishers Moscow. 1970, 1st Edition.
4. Ахметова Ш., Ә.Болғанбаев., Т.Жанузақов. Абай тілі сөздігі. Алматы:
Өнер баспасы. 2011.-6146.
5. Ларин Б. Теория и критика перевода. Л., 1962.
6. Любимов Н. Перевод – искусство. Перевод – средство взаимного
сближения народов. М., 1987.
7. Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б., Кузнецов А.Ю. Теория и практика
художественного перевода. – М., 2005.
8. Дәдебаев Ж. «Әдеби компаративистика және көркем аударма», 2011.-
183 б

ӘОЖ 801.2

**МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘТИНДІ АУДАРУДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Тогысбаева Б.Ш., аға оқытушы

I.Жансұгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., ms.togysbaeva@mail.ru

Сейдикенова А.С., ф.ф.к., доцент

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., almaw_75@mail.ru

*Мақалада медициналық терминдерінің аудару қызындықтары мәселесі
көтерілген. Сонымен қатар аудару барысындағы жіберетін қателіктерді жою
жолдары көрсетілген.*

*В статье затрагивается вопрос о специфике перевода медицинских
терминов. Анализируются погрешности допущенные при переводе и
рассматриваются пути их исправления.*

*The article is devoted to peculiarities of translation of medicine terms. The
problems that can be faced translator and the ways of solution of them..*

*Кітп сөздер: жасуша, азга, ота, фиброз, көктамыр, тін, эндоген,
эндогенді заттар, целлюлит, флегмона, бактерия, патоген, мононуклеоз,
цитомегал, гемолиз, пернициоз.*

Аударма қызметі – аса қын, жауапты қызмет. Ол аудармашыдан ең алдымен шынайы болуды, ғылыми үстанымдарға бойысынуды талап етеді. Соған сәйкес,

1) аудармашы болған адам ең алдымен аударатын өзге тілді жетік білуі қажет. Сонымен қатар өзінің ана тілін толық білуі, лексикалық қорының бай, бейнелеу қуаты күшті болуы керек. Түпнұсқаны толық түсіну оны дәл бейнелеу аударманың сапасына кепілдік етудегі негізгі шарт болып табылады. Аударатын өзге тілді толық білмеген жағдайда, бұл мақсатқа жетуі мүмкін емес. Ал егер өз ана тілінді жақсы білмесен, түпнұсқаның мазмұнын дәл бейнелеп, түсінікті, жатық етіп жеткізе алу да қын. Бұл екі шарттың қайсысы кем болса да аударма

сапасы ақсан қалады;

2) аудармашы әр ғылымнан хабары бар, бұрынғыны да бүгінгін де жақсы білетін, мол білімді адам болуы керек. Тар өрісті, таяз адамдар екінің бірінде қателікке бой алдырып, үткә қалып жатады;

3) аудармашы үшін өзге тілді жақсы менгеру өзінің ана тілін толық білудің алғышарты екені шындық. Бірақ оның сыртында аудармашы болған адам екі тілдің бейнелеу жағындағы ерекшеліктерін де жан-жақты игеруден тыс, аударма теориясы мен оның шеберлік тәсілдеріне де атусті қарауына әсте болмайды;

4) аудармашы идеялық және саяси жағынан саналы, теориялық білім жағынан сауатты болу керек. Аударма жұмысы қашанды тарихтағы және қазіргі кездегі алуан түрлі саясатпен қатысты болмай қоймайды. Әсіреле саяси теориялық шығармаларды аударғанда аудармашының бұл жақтағы білімі таяз болса, қателік көп кездеседі. Сондықтан, аудармашы әрбір тарихи дәуірдің саяси жағдайына қанық болуы шарт. Сол дәуірдегі қоғамдық тәртіпті, саясат пен экономиканы, алуан түрлі ағымдар мен діндерді толық түсінуі, соларға қатысты атап терминдерді айқын білуі қажет. Олай жасамаса қындыққа душар болады [1, 5].

Аударма – бұл әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы байланыс мүмкіншіліктерін қамтамасыз етудің бір жолы. Сол себептен аударма теориясы үшін тілдік байланыс процесінің қасиеттері тұра және ауыспалы тілдік актілері, мәтін мен байланыс жағдайының көмегімен мәтінді түсінуі, адамның басқа құбылыстары негізгі өсер етеді.

Медицина терминдерін аудару жазбаша аударманың ең киын түрі. Өйткені нақты дәлдікті, медицина саласына сәйкес дұрыс терминологияны қолдануды қажет етеді. Медициналық мәтіндерді аудару қажеттілігі шетелдік дәрі өндіруші компаниялармен тығыз байланыстың артуына байланысты пайда болды. Сапалы медициналық аударма мақсатқа жетудегі қажетті шарт.

Медициналық мәтіндерге: медициналық анықтамалар, медициналық құралдар, ауру тарихы, дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, ауру белгілерін сипаттау жатады. Медициналық терминология әртүрлі мамандық дәрігерлерінің қарым-қатынас жасайтын тілі. Медициналық терминологияда мамандардың көпшілігі қабылдаған бәріне түсінікті құбылыстың мәнін түсіндіретін анықтамаларды қабылдауға болады [2, 25].

Медициналық аудармашының екі жүгі бар: ол тек тілді білу, медицинадан танымы болуы ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғалық қасиеттері болуы тиіс. Ол еңбекқор, мұқият және жауапкершілігі жоғары болуы керек. Мұндай мамандарды кездестіру өте сирек. Мықты аудармашы шет тілінде де және ана тіліндеге еркін түсіндіре алады. Ол түпнұсқаның нақты мазмұнын айқын бере алады. Рецепте жіберілген қате науқастың өміріне қауіп әкелуі мүмкін. Егер жас аудармашы сөздіктің көмегімен ғана аударатын болса, нәтижесінде қауіпті және қате аударма шығады. Медицина терминдерінің тілі өте күрделі және жаргонға үқсайды. Оны тек маман ғана түсіне алады. Сондықтан сөздіктен дәрігерлердің қолданатын терминдерінің бәрін табу мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды аударма жасағанда дәрігер сарапшылардың кеңесіне жүгінген жөн.

Аудармашының медициналық білімі болмаған жағдайда, басқа дәрігерлермен қатынаста болуы қажет. Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы өте күрделі үдеріс екені белгілі. Оның күрделілігі мынадай жайттармен байланысты деп ойлаймыз. Біріншіден, медицина ғылымының өзі тірі ағзаның қызметінің бұзылуын қалпына келтіру деп аталатын күрделі мәселені

зерттейді. Осыған сай оның мазмұнын анықтайтын метатілі де оңай бола алмайды. Екіншіден, медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тіліндегі лексикадан түрратын болса, оны қазақ тілінің заңдылықтарына ыңғайлау және оны дәл беретін атау сөз табу оңай емес, себебі медицина мамандарын дайындауда оқу, оқу-әдістемелік құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде. Үшіншіден, медицина тілінде тірі ағзадағы түрлі жасушадағы химиялық, биологиялық өзгерістер сол салада арнайы білімі бар тұлғаларға ғана түсінікті болғандықтан, қазақша таңдалған термин сөзді көпшіліктің бірден қабылдауы қыын.

Ағылшын тілі аналитикалық тілге жатады. Синтетикалық тілдерде көп жағдайда сөздің қай сөз табына жататынына қарап анықтауға болады. Мысалы орыс тіліндегі испытание- сынама, зат есім, испытательный - сынақ, сын есім, испытывать - сынау, етістік сөйлемнің қай жерінде тұрсада өзгермейді. Ағылшын тілінде осы үш сөзге тек бір “Test” деген сөз сәйкес келеді. Бірақ бұл сөздің мағынасы оның сөйлемдегі орнына байланысты.

The test was successful-
They test the new preparation-
We obtained new test equipment-

Сынақ сәтті өтті.
Олар жаңа препаратты сынап жатыр
Біз жаңа сынақ аппаратын алдық.

Бірінші жағдайда, test - зат есім болып, бастауыштың қызметін атқарып тұр, екіншіде test- етістік баяндауыш, үшіншіде - сын есім арқылы берілген анықтауыш.

- *The surgeon operated this patient* - Оташы бұл науқасқа ота жасады. Бұл науқасқа оташы ота жасады. Ағылшын тілінде бастауыш пен анықтауыштың орнын ауыстырса мағынасы өзгеріп кетеді. Сондықтан ағылшын тілінде ереже бойынша, сөйлем мүшелеімен өз еркіне сай ауыстыруға болмайды. Орыс тілінде же жеке сөздер арасындағы байланыс флексиямен берілсе, ағылшын тілінде бұл қатынастар сөйлемдегі сөз тәртібімен, көмекші етістіктермен, предлогтармен беріледі.

The vein is surrounded by fibrous tissue - Көктамыр фиброзды тінмен қоршалған.
The fibrous tissue surrounds the vein - Фиброзды тін көктамырды қоршайды. Бұл сөйлемдерде vein және tissue сөздері зат есімнің рөлін атқарып еш өзгеріссіз қалды.

Ағылшын тіліндегі септіктер предлогдардың көмегімен беріледі. Мысалы : The nurse- медбике, of the nurse - медбикенің, to the nurse - медбикеге, the nurse - медбикені, by the nurse - медбикемен, about the nurse - медбике туралы. Қазіргі ағылшын тілі грамматикалық журнакқа кедей. Олар бесеу ғана. -s, -es, -d, -ed, -ing, -er, -est. Алдыңғы ушеуі көп қызмет атқарады.

-er, -est жүрнектары сын есімдердің салыстырмалы шырайларын және үстеуді жасауға қызмет етеді. High - higher, highest.

Ағылшын тілінде жокқа шығарудың бірнеше түрі бар.
1. Етістікті баяндауыштың өзгеретін бөлігінен кейін not жокқа шығарудың көмегімен.
This procedure was not repeated. Бұл процедура қайталанған жоқ.
2. Зат есім алдында not жокқа шығарудың көмегімен.
This method has no advantages. Бұл әдістің ешқандай артықшылығы жоқ.

3. Жоққа шығарушы үстене немесе есімдіктердің көмегімен nobody, no one, nothing, nowhere.- Nobody of the group was operated upon for biliary tract disease - Топтан ешкімге өт жолына байланысты ота жасалған жоқ.
4. Do, does, did көмекші етістіктерінің көмегімен+ not. This tissue did not oxidize endogenous substances. Бұл тін эндогенді заттарды тотықтырған жоқ [3, 35-38].

Қабылдаушының ағылшын тіліндегі медициналық аббревиатураларды қабылдауы өзекті болып отыр. Ағылшын тілінің компрессияға бейімдігі, тілдік құралдарды үнемдеуі, грамматикалық құрылымдарды қысқартуы қазіргі кезде грамматикалық құрылымдардың қысқаруына әкелді одан аббревиацияның дамыған жүйесін және одан әрі даму перспективасын көреміз. Бір жағынан, барлық жаңа аббревиатураларды жасауға шексіз мүмкіндіктер, олардың ағылшын тілі жүйесіне тез бейімделуі, екінші, осы жүйедегі қайшылықтармен байланысты белгілі қындықтар. Ең алдымен, аббревиатураларды аудару мәселелері. Аббревиатураның дәлдігі мен бір мағыналылығы ғылымның кез келген саласында маңызды, бірақ медицинада аталған мәселе өмірлік маңызды, өкінішке орай медициналық аббревиатураны дұрыс түсіндірмеу, науқасқа зиян келтіру көп кездесті.

Қазақ тілі қысқарған сөздердің аздығымен қалыс қалып отыр. Орыс тілінде термин саналатын сөздер ағылшын тілінде қысқарған сөзге айналады:

LK “left kidney” “сол жақ бүйрек” ;
RK “right kidney” “оң жақ бүйрек” ;
LN “liquid nitrogen” “сұйық азот” .

Орыс тіліндегі қысқарған сөздердің баюу темпінің артықшылығы бар: медициналық ақпаратты қабылдауда аз қыншылықтар кездеседі, ал аудармада қабылдаушыға ақпаратты дұрыс жеткізу мүмкіндігі туады.

Бөрімізге белгілі болғандай, қысқарту типологиясының көп түрі бар. Аббревиатураларды белгілі дәрежедегі түрлерге бөлу, көпқырлы және бірмағыналы емес құбылыс.

Аббревиатураларды үш үлкен топқа бөлу қарастырылған: графикалық, лексикалық және синтаксистік.

Графикалық аббревиатураларды стандартты және кең көлемде танымал, бірақ жартылай реєсми медициналық құжаттардың функционалды рамкалармен шектелген түрде көруге болады. Мысалы: T.S.T.H. “too sick to send home” ‘стационардан үйге қайтаруға толық жазылмаған’;

H.B.D. “has been drinking” – “ішімдік ішүмен ауырады”;
G.O.N. “God only knows” “тек Аллаһқа аян” [4, 2].

Аудармаға қойылатын негізгі талап – тұтастық және дәлдік. Автордың барлық ойы қалмауы немесе бүрмаланбауы керек. Оған қалай қол жеткізу қажет? Бұл жерде біз жолдастарымызда, өзімізде кездескен аударманың бірнеше қателіктерін жинап, топтастырық. Барлық мысалдар шынайы аудармалардан алынған және бір бөлігі жарияланған. Дұрыс емес аудармалар жүлдyzшамен белгіленген.

Аудармашының жалған досы – орыс тілімен бірдей дыбысталатын шетелдік сөздер, бірақ басқа нәрсени білдіреді. Оларды табуға үйрену керек. Міне бірнеше мысалдар:

cellulitis - «целлюлит» емес, флегмона;
potent pathogen (бактерия туралы) - «әлеуетті», а күшті патоген, яғни жай патоген (шарттыға қарама қарсы);

күштілік туралы: third power - «үшінші күш», ал куб (үшінші дәреже). Symptomatic тек симптоматикалықты білдірмейді, бірақ клиникалық көріністермен, мысалы: symptomatic hypertension – артериялық гипертония клиникалық көрінілерімен, ол «симптоматикалық артериялық гипертония» емес, бірақ symptomatic therapy - симптоматикалық емес. [5, 39]

Бірнеше мысалдарды қарастырамыз.

This [spondylolisthesis] is believed to result from fracture of the neural arch shortly after birth, although it rarely becomes symptomatic until later in life; the average age of patients seeking treatment is 35 years

Бұл жерде қателік жасау қын нәрсе: дұрыс аударма контекстен белгілі. Басқа жағдайда мәні анық емес.

Acute symptomatic hypocalcemia with significant symptoms such as seizures or cardiac arrhythmia-

Transfusions may be necessary in acute settings or in chronic hemolytic states marked by severe symptomatic anemia

Тағы мысал : Foods high in purines (sweetbreads, anchovies, sardines, liver, and kidney) should be avoided қалай аударуға болады? Сөздікпен тексеріп anchovies – анчоус шын мәнінде анчоус,: пуринге бай өнімдер қарсы көрсетілген (ұннан жасалған тәттілер, анчоустер, сардиналар, бауыр және бүйрек). Бірақ нан тағамдарында қалайша пуриндер sweetbreads – ол «тәтті ет» (асқазан асты).

Медициналық терминдердің арасында аудармашының жалған достары көп. Қарапайым мысал - *cystic fibrosis*. Ол «етті фиброз», емес муковисцидоз. Классикалық жалған достан айырмашылығы, ол белгілі бірнәрсені еске түсіреді жалпы қандайда бір термин.

The most common cause of vitamin B 12 deficiency is pernicious anemia.

Мұндағы пернициозды анемия - дегеніміз B 12 - қаназдық жетіспеушілік. Шын мәнінде ағылшын тілінде *pernicious anemia* - атоиммунды (ол атрофикалық) гастрит. Дұрыс аудармасы: B 12 дәруменінің жетіспеушілік себебі – атрофикалық гастрит.

In many the CMV infection remains subclinical; in others it may result in fever, infectious mononucleosis or pneumonitis.

Жүқпалық мононуклеоз (қоздырушы - Эпштейна-Барр жүқпасы) цитомегал жүқпалық жүқпасының көрінісі секілді? Шын мәнінде *infectious mononucleosis* –тек ауру ғана емес, белгі– қандайда а типті мононуклеарлардың пайда болуы.

Спондилолиз, ерте перинаталдық кезеңде доғаның сыну салдарынан пайда болады, бірақ ол әдетте клиникалық 35 жаста көрінеді

Жедел гипокальциемия айқын белгілерімен (эпилептикалық жүрек соғысының бұзылуы)

Қан қую жедел массивті гемолизде қан қую және созылмалы гемолизде ауыр қаназдық

* В 12 дәруменінің ең жиі жетіспеу себебі – пернициозды қан аздық

- Цитомегалды жүқпасы жиі белгісіз өтеді; сандырақтау болуы мүмкін, жүқпалық мононуклеоз және цитомегалды жүқпалық жедел өкпе қабынуы

Total-body pool of vitamin C varies from 1.5 to 3 g.

Қалыпты жағдайда С дәруменінің ағзадағы күрамы 1,5–3,0 г ды құрайды

The respiratory pattern is helpful in localizing and, in certain instances, determining the nature of the process.

Тыныс алу түріне қарай патологиялық үдерістің шоғырлануы кейде сипаты туралы айтуға болады

Endoscopy documents esophageal and/or tracheobronchial candidiasis.

Second episodes of varicella have been documented but are rare.

Эндоскопия ақсазан кандидозын, трахея және бронхтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Желшешектің қайталану жағдайы кездеседі, бірақ сирек. [6, 72]

Байқағанымыздай аудармашыларға латын тілінен енген қыскарған сөздер аудармада қындық тудырады. Ол әсресе европалық тілдер үшін өзекті жекеше айтқанда ағылшын тілі үшін яғни алфавиті бөлек қазақ тілне аударғанда өзгеріске үшірайды.

Медициналық аудармамен жұмыс жасайтын аудармашылар әр елдің зертханалық медицинасында қолданылатын өлшеу біріктерінен хабардар болуы қажет. Медициналық аударманың негізгі талабы тапсырыс беруші мен автордың арасында байланысты мағыналардың дәлдігін беру үшін ұстау қажет. Тек тікелей байланыс қана түсініксіз терминдерді, сөздерді анықтауға, тузытуге мүмкіндік береді.

Сапалы, сауатты, дәл аударманы тек аз мамандар қамтамасыз ете алады:

- Біліктілігі жоғары (негізгі табиғи дайындығы бар, бірнеше жылдық тәжірибесі бар, қызметінде ғылыми іс тәжірибелі қолданатындар) ;
- Сирек терминдерді іздеу алгорitmін менгерген ;
- Медициналық тақырыптан хабары бар ;
- тілді сауатты менгерген және үнемі өзін дамытумен, жақсартумен айналысадын маман.
- Медициналық аударманың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін барлық қосымша құралдарды менгеру және екі тірі тілді таза білу қажет. Оған қоса әр берілген тапсырысқа баса назар аударып, келенсіздіктер тудырмау керек.

Осы саладағы нағыз майталмандар аталған таланттарға сай болса, медициналық мәтіндердің жоғары сапалы, дәл аудармасын оқырмандарға түсінікті тілде жеткізіп, ұсына алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зубова Л.Ю. Английские медицинские аббревиатуры как часть профессиональной языковой картины мира (на фоне их русских и французских аналогов) – дисс. ... канд. филол. наук, Воронеж: 2009. - 244с.
2. Кириллова Т.С. Пути формирования и лексические особенности английской терминологии подъязыка медицины (дерматология, венерология) – автореф. дисс. ... канд. филол. наук, Пятигорск: 1990. - 17с.
3. Кутузова Н.В. Лексико-грамматические трудности перевода оригинальной медицинской литературы на английский язык: для студентов, аспирантов и врачей, сборник в 2 ч. – Спб: СПбГМУ, 2003.
4. Лахтионова Л.Ф. Практический русско-английский медицинский разговорник – Киев: Вища школа, 1980. - 95с.
5. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структуры – М.: ЛКИ, 2007. - 256с.
6. Лукинская О.Н. Воспаление бодра, или особенности перевода медицинских текстов с испанского и английского языков // Мосты. – 2006. - № 3. - с.33-36.

ӘОБ 94(574)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Маликова В.Қ.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісү мемлекеттік университетінің 1-курс
магистранты, Талдықорған қ.
vera.malikova.87@mail.ru*

В статье раскрывается цель и задачи поставленные перед Ассамблеей народов Казахстана на современного этапе. Кроме того, рассматриваются направления его деятельности, а также результаты достигнутые за двадцать один год ее существования.

The article reveals the purpose and tasks assigned to the Assembly of Peoples of Kazakhstan at the present stage. In addition, it demonstrates directions of its activities and the results achieved over twenty-one years of its existence.

«Ассамблея – бұқіл азаматтардың бұқілхалықтық өкілдері мұдделерінің инновациялық моделі және біздің жас демократияның табысты құралы».

Н.Ә.Назарбаев

Tірек сөз. Толеранттылық, ұлтаралық, этномәдени, этноқұрылымдар.

Бүтінгі таңда қазақ елі қабырғасы қатайған, ұлттық саясаты орныққан, сөзіне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналып отырғаны баршамызға аян. Еркіндікті аңсаған ата-бабамыздың мақсат-мұрраттары жүзеге асып, Алаштың ең асыл мұраты - тәуелсіздікке қол жетті. Қазіргі таңдағы Ұлы дала елінің атқан егемендік таңы ең алдымен, алып та дархан даланың төсін қасық қанымен қорғаған, терісі сөгіле қызмет еткен ата-бабаларымыздың қасиетті күресінің заңды да нақты женісінің көрінісі.

Еліміз бүтінгі күні, еңсөлі ел болудың данғыл жолына түсті, әлеуеті артып, дәүлеті еселеніп отырғаны әркімге де аян. Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы - Қазақстан халқының ортақ тарихы. Фасырлар бойы тағдыр талайына ұшыраған халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптереген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айналған құтты мекен. Соның дәлелі ырысы мен ынтымағы жарасқан, бірлігі мен тірлігі жарасқан ел тарихының бөлшегіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеяның құрылу мақсатының түп тамыры да осында жатыр.

Қазақстан Халқы Ассамблеясын құру идеясы алғаш рет еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевпен 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған, Қазақстан халқының Бірінші Форумында айтылды [1].

Есімізді болса, тарих қойнауына енген 2015 жылдың басты оқиғаларының бірі де бірегейі Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық тарихы. Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа арналған Жолдауында «Ассамблеяның құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш-куатын арттырамыз және толеранттылығын еселейміз» деген еді.

Еліміз егемендік алғалы бір шаңырақтың астында 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұрақтылық пен бірлікті сақтап, тату-тәтті өмір сүріп келеді.

2015жыл Қазақстан халқы Ассамблея жылы! Яғни, татулық, бірлік, бейбітшілік, келісім - ең асыл істер қазақ елі үшін. Қазақстан азаттығы мен тәуелсіздігін жарияладап, іргесін берік қалағаннан бері осы ұранды ту етіп, өзін басқа

әлем елдеріне мойындағы келеді. Ассамблея дербес қоғамдық институт болып құрылғанына да биыл 21 жыл толмак. «Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеяның мақсат-міндеттері қандай болды?»- деген сұраққа зерттеуші Ж.Х. Джунусова Ассамблеяның міндеттері қойылған мақсаттардан туындағы және келесідей анықталды деп санайды:

- Қазақстан ұлыстарының рухани жаңаруы мен дамуына жәрдемдесу;
- этникааралық сипаттағы мүмкін болатын шиеленістер туралы ескерту және бірлесіп шешімін табу;
- этникааралық сан алуандықты ескере отырып, қоғамдық-саяси өмірді зерттеу және талдау;
- ұлттық саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау;
- этникааралық қатынастар тақырыбында Президентке нақты, тәжірибелі ұсыныстар беру[2].

Ал, бұл сұраққа саясаттанушы Т. Исмагамбетовтың пікірінше, Ассамблеяның қызметі келесі міндеттерді шешу үшін бағытталған:

- республикада ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, қоғамдағы тұрақтылықты сактау үшін жәрдемдесуге;
- Қазақстанның аумағында тұратын ұлт өкілдерінің арасындағы ынтымактастық қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік туғызатын, олардың рухани-мәдени жаңғыруына және теңдік қағидасын сактау негізінде дамуына жәрдемдесу үшін, мемлекеттік саясатты өткізу бойынша ұсыныстар дайындау;
- өркениетті және демократиялық қағидаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениеттерін қалыптастыру;
- мемлекетпен жүргізілетін ұлттық саясатта әр алуан ұлттық мұдделерді есепке алуды қамтамасыз ету;
- қоғамда пайда болатын әлеуметтік қайшылықтарды шешу үшін, ымыраларды іздеу [3].

Қазақстан халқы Ассамблеясы бірінші құрылған күннен бастап-ақ елдегі ұлтаралық

қатынастардың мәселелерін тікелей талқылап, мемлекеттің бірінші тұлғасына жеткізу мақсатында, сұхбаттасу алаңы болуы үшін жасалды.

Яғни, бүгінгі танда Қазақстан халқы Ассамблеяның негізгі мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бөсекеге қабілетті ұлттық қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады және бұл іс, ез кесегінде жүзеге асырылып жатқаны баршамызға аян.

Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз етіп отырып, өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мұддесіне деген құрметке негізделген ұларалық қатнасмәдениетін қалыптастыру болатындығы дәлелденді. Осы мақсатта барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылып, олардың сессияға 260 делегат сайланды. Бірінші сессия отыры „Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін“ 1995жылы 24 наурыз айында Алматы қаласында өтті және оның құрамына 40 ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері кірді. Сессия отырысында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев баяндама жасап, Ассамблеяның ұйымдастырушылық құрылымдары мен мақсат-міндеттері белгіленді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрағасының орынбасары, профессор, философия ғылымдарының докторы Ж.А.Алиевтің баяндамасында, мемлекеттік саясаттың таяудағы болашаққа арналған

ең басты міндеттерінің бірі, елде ұлтаралық шиеленістерді болдырмау, стратегиялық болашағында – ел азаматтарының азаматтық, саяси және мәдени сәйкестендірілуінің жиынтығы ретінде «саяси ұлт» түсінігін беретін, ашық азаматтық қоғам идеалдарына сай келетін – этникалық, әлеуметтік және саяси ортақтық «мемлекет-ұлттарын» қалыптастыру керек деп айрықша атап өтілді [4, с.125].

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты мен міндеттері оның ұлтаралық қатынастар саласында таяу перспективаға арналған қызметінің базалық және басшы бағдарларының жүйеленген жиынтығы болып табылады. Олар мынандай принциптерде түзілген халықтың не мемлекеттің мұдделерінің басымдығы, заңның үстемдігі және тіліне, ұлтына, дініне, қандай да бір әлеуметтік топқа жататынына қарамастан, адам өмірінің құқықтары мен бостандығының тенденциі, ұлттық мәселені әділ шешудің негізі ретінде қоғамның тұрақтылығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыпты жұмыс істеуіне өзіндік бөгет болатын іс-әрекеттеріне қатысты сөз айтуда мен пікірлерді алдын алу және бодырмау болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеяның негізгі міндеттері болып табылады:

1) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-кимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлыша жағдайлар жасау;

2) халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3) қоғамдағы экстремизмнің және радикалізмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4) азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5) Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6) Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін еркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Қойылған мақсат пен міндеттеріміздің жүзеге асырылуында біраз жұмыстар жүргізіліп, жетістіктерін көрсетуде.

Қазақтардың мәдени – этникалық дәстүрлерінен мұра болған рухани саладағы төзімділік пен шыдамдылық, татулық пен бірлік қазіргі таңда да, келешекте де азаматтық әлемді сақтаудың темір қазығы болып табылады. Бүгінгі күнде елімізде 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілдері, сандай-ақ 130 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және өзара түсіністікті ту етіп, бейбіт өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы әрбір ұлттың өзінің этнокүрьылымдары бар, 22 республикалық және аумақтық ұлттық-мәдениет орталықтары құрылып, жұмыс істеуде. Олар: әзіrbайжан, грек, ингуш, неміс, шешен, поляк, т.б. халықтарының ұлттық мәдени орталықтары жаңында жексенбілік мектептер де жұмыс істеуде.

Республикамызда:

- Өзбек, тәжік, украин тілдерін оқытуда 88 мектеп;
- 108 мектепте этникалық топтардың 22 тілде сабактар оқытылады;
- 30 этникалық тілдерді зерттеу үшін 195 тіл орталықтары жұмыс жасайды;
- ТВ шоу 7 тілде жүргізіледі;
- 35-тен астам этникалық газет-журналдар шығарылады.

Сонымен, жоғарыда аталған мақсат-міндеттеріміз үла дала елін қоныстаған әрбір ұлттар мен ұлтөкілдерінің ауызбіршілі мен бейбітшілігін, қарым-қатынасы мен

әрекеттерін қамтамасыз ете отырып, ел бірлігі мен тыныштығын сақтап отырғаны белгілі. Ендеше, Қазақстан халық Ассамблеясы халықтық, саясатустілік өкілдіктің ерекше тетігі ретінде транспарентті мемлекеттің қоғамдық бақылау жүйесінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Ассамблея алдында бұрынғысынша этносаралық қатынастар саласын саясаттандыруға жол бермеу міндеті тұр. Біз қай тараптан шыққанына қарамастан, үлттық радикализмнің кез келген пішінінің жолын қатаң кесетін боламыз. Біздің қоғамда қазірдің өзінде қандай да бір радикалды үндеулер мен арандатушылыққа қарсы белгілі бір иммунитет қалыптасып үлгерді. Бірақ Қазақстан халқы Ассамблеясы қолын қашанда қоғамның тамыр соғысында ұстап, тиісті мемлекеттік органдармен бірге алдын алу шараларын қабылдауы керек. ҚХА үшін оның мемлекеттің ішкі саясатын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ететін, барлық этностарды жалпы мемлекеттік міндеттер кешенін шешуге жұмылдыратын арнайы бағдарлама жасалатын болуы тиіс. Бізге Ассамблея туы астында «Үлкен ел–үлкен отбасы» жалпы үлттық акциясын үйімдастыру керек, деді Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде.

Ендеше, алға қойған мақсаттар мен міндеттеріміздің орындалып, елміздің әлем көгінде еш кедергісіз қалықтаң қанат қағуына, ел бірлігі мен тыныштығын қорғайтын, үлтаралық татулықты бекем бекітетін батыл да батыр жас үрпакқа артар сеніміміз мол

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Калашникова Н.П., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан халық Ассамблеясы: жынырма жылдық тарих. «ҚАЗАқпарат», 2015.
2. Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. – Алматы: Жетіжарғы, 1996. – 118 с
3. Исмагамбетов И. Ассамблея народа Казахстана: статус и возможности // <http://www.assambleja.kz>.
4. Арын Р.С., Иренов Г.Н. Этнополитология. Учебное пособие. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 285 с.

ӘОЖ 82-1.

ЖАМБЫЛ - ХАЛЫҚ АҚЫНЫ

Мұлік Д., Давлетпакова М.Ж.

I.Жансүгіров атындағы Жетісү мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
d.madina96.96@mail.ru

Бұл гылыми мақалада XX ғасырда жыр алыбы атапнган Жамбыл жырларының кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік жылдарындағы гылыми зерттеулерді салыстырмалы түрде қарастыра отырып, ақын шығармашылығына баға берілген.

Статья посвящена актуальной проблеме изучения творчества Жамбыла Жабаева в трудах советских литературоведов и исследованиях эпохи независимости. Сопоставляя различные точки зрения, автор предлагает свой взгляд на специфику произведений поэта.

The article considers valuable works of great poet Zhambyl Zhabayev comparing scientific researches of his written poems during Soviet Union and Independent Kazakhstan.

Тірек сөздер: ақын, жырау, жыр, дастан, зерттеу.

«Халық поэзиясының алaby», «фольклордың білгірі», «айтыс ақыны», «абыз жырау», «жауынгер жыршы», «жыр күмбезі», «халық ақындарының ақсақалы» атанған, өзінің ғасырға жуық уақытын таланттына жендеріп, қолына домбырасын алыш, ел мұддесін, халық батырларын жырлаған, қазақ халқының қанында бар қасиеттерін бойына жинаған үлкен талант иесі, өмірге екінші мәрте келіп, қайта жаңарған жыр алaby – Жамбыл Жабаев «XX ғасырдың Гомері» деген баламаға әбден лайық. Гомер Еуропа еліне қандай жаңашылдық алыш келсе, Жамбыл атамыз да өз елінің ауызша әдебиетін биікке шығарды. Қанат қакқан қырандай сүйк күнде сыйналған, қақаған күнге шыдаған дарын иесі не көрсө де халқымен бірге көрді. Уақыттың ағымына бағыныш, қын кездерде өлең-жырларымен, бай рухани қажырлығымен, қайтпас қайсарлығымен, еліне демеу берді. Екі уақыттың елшісі іспеттес, заман ағымын жырлаған халық ақыны келер үрпаққа құнды еңбектерін, мол мұраларын қалдырды.

Қазақ халқының ұлы ақыны жайлы жазбаша деректер XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап зерттеле бастады. Атап айтқанда, алғаш 1925 жылы жарық көрген Ш.Х.Сарыбаевтың «Халық әдебиеті және жинау жолдары» деген мақаласында Жамбыл туралы қысқаша ғана мәліметтер келтірілген. 1931 жылы С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» деген кітабында Жамбыл мен Құлманбет айтысның қысқаша нұсқасы берілген. М.Әуезов Жамбыл туралы «Ардақты Жәке!», «Айтыс өлеңдері» деген мақалалар мен «Жамбылдың айтыстыры өнері» деген тақырыпта баяндама жазған. С.Мұқановтың да Жамбыл туралы екі тілде он бестен астам ғылыми мақалалары жарыққа шыққан. Жыр дүлдүлі жөнінде бұдан да басқа С.Садырбаевтың «Фольклор және Жамбыл», Н.Төреқұловтың «Жұз жасаған бәйтерек», Е.Ысмайловтың «Жамбыл және халық ақындары», С.Бегалиннің «Жамбыл» (өміrbаяндық хикаят), М.Жолдасбековтың «Жұз жыл жырлаған жүрек» т.б. көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жарық көріп жатты.

Осы еңбектерге негіз болған мәліметтердің, ақын мұраларының негізгі қайнар көзі әлбетте тамыры терен, түбі тұнғының зерттеуде жатыр. Дегенмен, жырауды көзімен көрген, жаңында жүріп, өлеңін естіген дос-жарандары, өзінің арнайы хатшылары да Жамбылтанудың негізгі қорлары болғаны шындық. Жұз жасаған жүрек Жамбыл жайында жарыққа шыққан еңбектер қаншалықты көп болса, ақынның қайталанбас ерекшелігі, шығармаларының құндылығы да соншалықты көп болғаны. Қазіргі таңда, әдебиеттану ғылымында Жамбылдың шығармашылығына байланысты екі үдайы пікір қалыптасқан. Оның бірі - Жамбыл толғау дәстүрін кеңес заманы кезінде жалғастырған абыз-жырау десе, екіншісі-тоталитарлық биліктің қолдауын көрген, сталинизмді жақтаушы ақын деген көзқарас. Бұл пікірлердің қаншалықты ойып алардай орны бар екенін, шындыққа жақын не алыс екенін анықтау үшін ақынның өз шығармаларын, Жамбылды зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарағанымыз жөн болар.

Есмағамбет Ысмайлов: «Қазақтың көне әдебиет нұсқаларында жырау қазакта ақындықтың ең көне түрі болғанға үқсайды. – Қазақтың әдебиет, фольклор дүниесінде ақын бір ғана жырлаушы (певец), әңгімелі (сказитель) мағынасында жүрмейді, шығарып айтушы (поэт) мағынасында да қолданылады. Сондықтан бір ақын деген сөздің аумағына әрі поэт, әрі певец, әрі сказитель, әрі сұрыпсалмалы (импровизатор) үғымдар түгел сиятын сияқты. Осы кең мағынадағы ақындық қасиет, белгілер Жамбыл сияқты ақындарда толық болады» [1], - делинген. Жамбыл өлеңдерінің көбісі ауызша тарағаны белгілі. Ақын мұраларының ішінде өлеңнен басқа батырлық дастандар, күйлер, айтыстар және толғаулар бар («Замана ағымы», «Тұған елім», «Менің өмірім»). Толғау да жырауға тән қасиет екені белгілі.

Жыраулар өз замандарының елеулі оқиғаларын, көзбен көрген тарихи кезеңдерін жырға қосатын болған.

М.Жолдасбековтың еңбегінде: «Фасырдан ғасырға жалғасып, атадан үрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің екі үлкен айшықты мектебі бар тәрізді. ...Екіншісі – өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы талмаған дария-данғыл жыраулар мектебі. Мұның өзірге біз білетін аты мәлім түпкі атасы - Сыпыра жырау. Оған ілекtes Шалқиіз, Бұқар, Шөже, Майкет жыраулар аталады. Соңдай жыраулардың ең соңғы үзігі – Жамбыл» [2], - деп баға берген болатын. Жамбылтанудың негізін қалаған ғалымдардың пікірлеріне құдікпен қараудың өзі үлкен қателік. Сол себептен «Жамбыл – кеңес заманында жыраулық дәстүрді дамытушы» деген пікірмен келісетініміз анық.

1936 жылы социалистік реализм, таптық сана, коммунистік идеология қазықтай қағылып, қалам еркіндігіне тұсау салынған кезде ақын – жазушыларға кеңестік заманың жетістіктерін, коммунистік партияның тұлғаларын жаздырту тапсырылған.

Осыған орай КР Президенттік архивінде (бұрынғы Партия тарихы архивы) сақталған 15 пункттен тұратын құжатқа көз жүгірткенде сол кездегі идеологиялық саясаттың соншалықты солақай екеніне таңқаласын.

Тезисы

Письмо в стихах казахских писателей на имя товарища Сталина.

1. Армия казахских советских писателей во главе с великим казахской советской поэзии столетним Джамбулом шлет Вам, товарищ Сталин пламенный привет.
2. б) ... Эту свободу казахскому народу дала партия большевиков во главе С Лениным и Вами, дорогой товарищ Сталин. Поэтому столетни Джамбул и другие представители казахской советской литературы Вас товарищ Сталин, воспевают как богатаря всех богатырей.

Текст тезисов составлен С. Мукановым, одобрен на заседании Правления ССПК от 7.V-39 г. [3].

Жан дүниесі өлеңмен көмкерілген, сөздері жүректен төңкерілген ақындардың атасы жазбаша хат танымағаны, кирилицадан хабары жоқ болғаны белгілі. Көмекші хатшыларының арқасында Жамбыл шығармаларының көбісі қағаз бетіне түсті. Сол уақыттағы солақай саясаттың кемшилігінен берілген тапсырманы, зілді бүйректы орында масқа ешкімнің шарасы жоқ еді. Сол себептен хатшылары Жамбылға кеңестік, партиялық тақырыптардағы өлеңдерді айтқызыған.

Рафат Өбдіғұлов өзінің берген бір жауабында: «Ғылыми кітапхананың колжазба корында Жамбылдың Сарбаспен айтысының мәшенкеге басылған, қазіргі кітаптарға шығып жүргені, одан кейін атапған нұсқадан үш есе үлкен араб жазуындағы нұсқасы тұр. Мәшенкеге басылған нұсқада қаламсаппен өзгерілген жерлері бар. Мәселен, «орыс» сөзінің үстін сызып «крестиян» деп қойған. Арабша колжазба бір бағанаға жазылған, бір жерлерінде параллельный жолдар бар, араб жазуымен жазылған, бірақ сиясы мен қолтанбағы басқа. Қарап отырсаңыз, тағы да Жамбылды советтік идеологиялық талаптарға жақыннатуға, интернационалист, атеис қылуға тырысқандары байқалады» [4], - деген. Бұл да бір қолдан өзгерілген іс екенін анықтайды.

Жамбыл Жабаевтың 1940 жылы жарыққа шықкан жинағында «Өтеген батыр» жырында мынандай жолдар кездеседі:

« Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,
Бір жерге бекер қарап түрмайды тек.
Келеді осы күнде жерді қаптап,
Өзінің қайрат-күші, айласы көп.
Сол келіп шұрайлы жерінді алар,

Қаратыш тегісімен елінді алар.
Көнбесен сөйлеп түрған сөзінді алар.
Жайылған өрістегі малыңды алар.
Басың байлап, аяғына тусау салар.
Егер де оныменен қарсы келсен,
Бір шыбынданай тәніндегі жаныңды алар!»

Осындағ өлең жолдары ақынның сез бостандығы өз еркінде екенін дәлелдегендей. Ал, Сталинизмді жақтаушы, тоталитарлық жүйені мақтаушы дегенге келетін болсақ, ол сол кездегі кеңес заманының талабы, бодандықтың бұғауынан туған еркісіз жырлар дер едім. КР Мемлекеттік архивінің қорында «Подстрочники стихов Джамбула Джабаева» деген қалың папка бар. Ішінде ақын өлеңдерінің жолма-жол аудармаларымен қатар, ақынның бірқатар өлең-толғаулары, «Мениң өмірім» атты өміrbаяндық шығармасы, «Өтеген батыр» жырының екі нұсқасы бар. Соның ішінде «Мен етмеймін, өрлеймін» толғауының (жұз жиырма жол), «Ақын», «Заманым», т.б. бірнеше өлеңдерінің еш жерде жарияланбағанын байқадық. Бұл да кеңестік идеологияның салдары.

1937 жылы «Литературная газетада» жарияланған Жамбылдың өміrbаянында ақын жаңа, социалистік заманды былай деп сипаттайды: «Жетпіс жасқа келгенімде жаңа, жарық түрмисты көрдім. Мен батыр, алып тұлғалы Лениннің атын естідім. Қызыл армияның енбек жорығын көрдім. Айналамда жаңа өмір жайнап жатты. Өзіме жаңа күш кіргенін сезініп, қолыма домбыраны қайта ұстадым. Жас дәуренім қайта келді – ән салдым, жаңа өмірді жырлау үшін қайта түрдым», - дейді. Жамбыл ғасырға жуық өмірінде ел басынан өткерген талай қынышылықтарды, қарға тұмсығының батқаның, сауысқанның сатқаның көрген жыр иесі. Заманына көнілі толса, ол да ақынның шабыттануына әсер ететіні сезсіз. «Жәкеннің екінші рет дүниеге келгені – 1934 жыл», - деп жазады F.Мұсіропов.

Т. Сыдықов Жамбыл жайында: «Революцияға дейін сый – құрметке от тілді, орақ ауыздылығына орай «бөленсе», кеңес өкіметінің тұсында шығармашылық қызметіне қатысты ел ықыласына бөленіп, нағыз тыңдаушысын тапқанына, өнері өлмейтініне көзі жетіп, қайырыла бастаған қанаты қайта жазылады» [5], - деп өз пікірін білдіреді. Жоғарыда келтірілген құжаттарды алға тартып, Жамбылға қатысты екінші пікірге де жауап қайтардық. Жамбылды жан – жақты зерттеп, жауқазындаған жазған жырларын, ақындық өнерін, қайталанбас қүйлерін, жыр – дастандарын үлгілі үрпаққа үлгі етуіміз парыз. Халқымыздың бір туар тұлғаларын қадірлеуге, еңбектерін бағалауға, айтылған әрбір пікірді саралауға тиіспіз. Тәуелсіздігімізді алып, бас бостандығымыз, қалам - тіл бостандығымыз шексіз болған уақытта еліміздің елдігін, батырлардың ерлігін жырлаған ақын – жырауларымыздың, жыршыларымыздың еңбектерін оқырман қауымға дәлелді дәлдікпен, жаңаша көзқараспен жеткізейік. Жамбылдай халық ақындарын мақтанышпен дәріптейік және өз биғінен түсірмейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ісмайилов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы. Санат . 1996.-
2. Жолдасбеков М. Жұз жыл жырлаған жүрек: Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1992.
3. Архив құжаттарынан.
4. Қазақ әдебиеті газеті. №12. 25.02.2016жыл.
5. Сыдықов Т. Өнінде тұлпар мінгендер. – Алматы: Арыс, 2004.

ӘОЖ 94 (574)

МАСУД ИБН ОСМАН КУХИСТАНИДЫҢ “ТАРИХ-И ӘБІЛХАЙЫР-ХАНИ”
ЕҢБЕГІНДЕГІ КӨШПЕЛІ ӨЗБЕКТЕР МЕМЛЕКЕТИНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ

ҚҰРЫЛЫМЫ

Құрбан Б.

*I. Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университетінің 1-курс
магистранты, Талдықорған қ.
baurkaba@mail.ru*

Мақалада Көшпелі өзбектер мемлекеттің этникалық тарихы мәселесі ортағасырлық тарихи Осман Кухистанидың «Тарих-и Әбілхайыр-хани» еңбегі негізінде талданады. Мемлекеттің құрамындағы аталған ру-тайпалар кейіннен Қазақ хандығының құрамына кіріп, қазақ халқының негізін қалыптастырды.

Статья рассмотрена на основе труда средневекового историка Османа Кухистани «Тарихи и Әбілхайыр-хани» об этнической истории кочевого узбекского государства. Племена, входившие в состав государства в дальнейшем вошли в состав Казахского ханства и стали основой для образования казахской народности.

The article dealt with on the basis of the work of medieval historian Osman Kuhistani «Tarikh-i and Abilhair-hani» on ethical histories of nomadic Uzbek State. Tribes and stafes belonging to the republic later included in Kazakh khanate and make the basis of the Kazakh people.

Тірек сөз. Шайбан, Ақ Орда, Мауереннахр, Дешті Қыпшақ, ру, тайпа

Шайбанилық шығармалар арасында Масуд ибн Осман Кухистанидың “Тарих-и Абулхайр-хани” еңбегі, Әбілхайыр ханның немересі, Самарқандта 1540-1551 жж. билік еткен Абд ал-Латиф ханның тапсыруымен ортаазиялық парсы (тәжіктің әдеби тілі) тілінде жазылған.

Шығарманың қай жылы жазылғандығы туралы әр түрлі пікірлер айтылады. Мәселен В.П. Юдин 1540-1551 жылдар аралығында деп топшыласа [1, 136 б.], В.В.Бартольдтың пікірінше хижра бойынша 950 жыл немесе григорян күнтізбесінде 1543-1544 жылдардың накты көрсетеді [2].

“Көшпелі өзбектер” тарихынан негізгі әрі ең басты мәлімет беретін оның енбегі, өсіресе, 32 парактан тұратын соңғы бөлімі түпнұсқалық һәм сонылығы жағынан сөз жоқ құнды болып табылады. Онда көшпелі өзбектердің саяси тарихы және Әбілхайыр хан билігі тұсындағы олардың мемлекеттіндегі оқиғалар жан-жақты баяндады. Ал еңбегінің көп бөлігі (лл.16-214а) компилиятті болып, өзіне дейін жарық көрген Жувейнидің, Жузжанидің, Бенакетидің, Шараф ад-Дин Али Йаздидің шығармаларын көнінен пайдаланған. Аталған мақалада нақ осы ортағасырлық тарихи шығарма негізінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы көшпелі тайпалардың этникалық құрамына талдау жасау мақсат етілді.

Әбілхайыр хандығының өмір сүрген уақытын (1428-1468 жж.) “Тарих-и Абулхайр-хани” шығармасы бойынша негізгі төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады: біріктіру, қүшено, ыдырау және күйреу.

1. 1428-1445 жж. аралығы. Әбілхайырдың билікке келуінен бастап, қол астындағы ру-тайпаларды һәм мемлекетті бір орталыққа біріктіру процесі жүргізілген және бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа өз билігін орнықтыру үшін күрес жүргізген кезеңі.

2. 1446 жылдан 1456/57 жылдарға дейінгі аралық, хандықтың қүшеноюінің ең шарықтау шегіне жеткен және Әбілхайыр ханның белсенді сыртқы саясат жүргізу кезеңі.

3. 1457-1468 жж. аралығы. Мемлекеттегі ыдырау процесінің басталуы - “1457 ж. Сығанақ қаласы түбінде Әбілхайыр ханның Үз-Темір тайшы бастаған қалмақтардан ойсырай женілуімен” [1, 146-170 бб.] байланысты болды.

4. 1468/69 жылдары Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар. Бірақ оның мұрагері Шайх-Хайдардың 1471 ж. өлтірілуі туралы Күхистанидың еңбегінде айтылмайды. Дегенмен басқа жазба дерек мәліметтерін, мәселен “Шайбани-намені” [1, 98-100 бб.], “Тарих-и Рашиди” [1, 198-199, 221-222 бб.], “Бахр ал-асрапарды ...” [1, 352-353, 360-363 бб.] саралау нәтижесінде, осы кезеңді Әбілхайыр хандығының “күйреу кезеңі” деп пайымдауға болады.

Негізгі мәселеге оралатын болсақ, автор өз шығармасында Әбілхайырды билікке әкелген және кейінгі кезеңдерде де қолдау көрсеткен басты-басты қолдаушы әмірлер, бектер, билердің тізімін көптең келтіріп һәм қайта-қайта қайталап санамалаудан жалықпаған. Олардың қай рудан, қай тайпадан шыққандығы қосарлана айтылуы, Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің этникалық құрамын анықтауда үлкен маңызға ие. Осыған байланысты В.П. Юдин мынадай құнды пікір айтады: “Тізімдерді (ру-тайпалардың атаулары –К.Б.) салыстырып оқып-үйрену Шығыс Дешті Қыпшақ өзбектерінің ру-тайпалық құрамын белгілі бір деңгейде анықтауға ғана емес, сонымен қатар сол бір тайпаны атауда пайдаланылатын әртүрлі этонимді айқындауға мүмкіндік береді. Өйткені, кейде сол бір автордың өзінде бір тайпаның атауы әр түрлі болып белгіленуі мүмкін” [1, 137 б.]. Әрине, бұл пікірдің ақиқаттылығына күмән жоқ.

Мысал келтіретін болсақ, ортағасырлық жазба деректерді айтпағанның өзінде, кейінгі зерттеуші-ғалымдар Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің этникалық құрамын анықтауда авторы белгісіз “Таварих-и гузид-айи нусрат-наме” еңбегін, Шадидің, Бинаидың, Күхистанидың шығармаларын салыстыра отырып қарастырғанның өзінде бір ру атауын әр түрлі айтқандарына көз жеткіземіз. Мәселен, А.А. Семенов – тұман және минг деген атауды екі бөлек руладарға телісе [3, 24 б.], Б.А. Ахмедов – тұман-минг бір ру [4,46 б.], ал Т.И. Сұлтанов – тұман руын жеке және тұман-минг атауымен тағы бір руды атап [5,16 б.] көрсетеді. Ортағасырлық жазба деректердегі ру-тайпа атаулары, әрбір шығарманы айтпағанда, бір автордың өзінде өзгеріске ұшырап отыруы Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің этникалық құрамын анықтауда қындық тудыратындығы рас.

Масуд ибн Осман Күхистанидың “Тарих-Абулхайр-хани” еңбегін тарихнамалық түрғыда талдау барысында, “көшпелі өзбектердің” этникалық құрамын анықтауда баға жетпес құнды мәліметтерге толы. Әр түрлі саяси оқиғалармен байланысты қосарлана аталатын мынадай ру-тайпа аттары кездеседі: “Манғыт, бүркіт, нұкүс [1,141 б.], құсшы, қыйат, шынбай, идjan, қаанбайлы, табғұт (танғұт-Б.К.), дұрман, отаршы, найман, өкіреш-найман, тубай, таймас, чат, хытай, барак, үйғыр, қарлұқ, кенегес, үйсін, қоңырат, күрлеуіт, ички, туман-минг, масит” [1, 143-144 бб.]. Б.А. Ахмедов “Государство кочевых узбеков” атты монографиясында Әбілхайыр ханды қолдаған жоғарыдағы ру-тайпалардың тізімін бере отырып [4,16,46 бб.], қаанбайлы, барак, кенегес, масит руладарын зерттеу объектісінен сырт қалдырған. Және, Махмұд ибн Уәлиге сілтеме жасай отырып “Оны (Әбілхайырды - Б.К.) сол кезеңде 200-ге жуық тайпа және руладардың көсемдері қолдау көрсетті” [4, 46 б.], - деген мәлімет береді.

Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселеін зерттеп журген Б.Б. Кәрібаев ру-тайпалардың аттарын түстеп айтпаса да Әбілхайыр ханды қолдаған көшпелі ру-тайпалар санын 71-ге жеткізеді [6]. Деректемелерде берілген бұл ру-тайпалардың бәрі Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтарына (қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпак және т.б.) ортақ, 92 көшпелі “өзбек” тайпаларының немесе 92 баулы қыпшақтардың ең кейінгі тізімі бойынша белгілі [5,7-51 бб.] тұғын. XIII-XIV ғасырлардағы буырқанған оқиғалар оларды Орта Азия мен Қазақстан аймағының кең-байтақ аумағына шашыратып, араластырып жіберген түркі және түркіленген тайпалар мен руладар еді.

Шайбанилық деректердің үшінші тобына жататын, XVII ғасырдың бірінші жартысында жазылған Хафиз Таныштың “Шараф-наме-йи шахи” (“Книга шахской славы”) еңбегінде 40-тан аса ру-тайпалардың атаулары беріледі. Бірақ көп жағдайда, жоғарыда талданған шайбанилық шығармалардың мәліметтерін қайталаумен шектелген [1, 237-312 бб.]. Ал аштарханилықтар өuletі тұсында жазылған Махмұд ибн Уәли мәліметі бойынша, олардың саны 50-ден асyp, “Шараф-наме-йи шахи” шығармасында келтірілген ру-тайпаларға қоса, онда айтылмаған мынадай ру аттары беріледі: бұйрак, қырық, құрама, дұғдак, юз, келечи, құлан аяилы, кука араб, күш аяқ, ойрат, булғач, мекрит, фулавшы, шабаят, месит (Ескеरту: бұл атауларды орысша аудармада қалай берілсе, өзгертпей солай беруге тырыстық -Б.К.) [1, 320-368 бб.]. Нақ осы ру-тайпалар Б.А. Ахмедовтың зерттеуінде де аталып өтіледі. Алайда, осы аталған белгілі ру-тайпалардың қазіргі қазақ халқының арасында кездесетіні жоқ болуы мүмкін.

Қазақ халқының Орта және Кіші жүз қазақтарының қалыптасуына айрықша ықпал еткен, Қөшпелі өзбектер мемлекетіндегі халықтардың этникалық құрамы баяндалған шайбанилық деректерде біршама мәліметтер барлығына көз жеткіздік. Аталмыш деректер кейінгі тарихшы-ғалымдардың, XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ қөшпелілерінің ру-тайпалық құрамын анықтауда негізгі түпнұсқа болғаны шындық. Осы тұрғыдан қарасақ та, немесе тарихнамалық тұрғыдан алсақ та XVI ғасырдың бірінші жартысында және одан кейінгі кезенде жазылған шайбанилық немесе басқа да өulet тарихшыларының шығармалары, қазақ этногенезі мәселелерін һәм аталмыш халықтың қалыптасуының соңғы этапын дұрыс түсіндірудегі бірден-бір нақты, дұрыс жол дегіміз келеді.

Біз талдап өткен XIV-XVII ғасырлар шығармаларында өткен-кеткен тайпалардың атаулары ғана келтірілмей, сонымен катар олардың қоныстанған территориялары, нақ сол мемлекеттердің (Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы) қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орындары мен рөлін айқындалап берді. Аталған шығармалардағы этникалық мәліметтерді бір-бірімен салыстыра отырып талдау, бұл сәл кейінрек дәуірде толығымен қалыптасқан қазақ, өзбек, ногай халықтарының этногенезі мәселесін шешуде баға жетпес жәдігерлер деп айтуда болады. Яғни, осы мәліметтер базасында заттай және халық ауыз әдебиетін ұштастыра отырып кешенді түрде зерттеу, бүгінгі отандық тарихнамадағы бірден бір дұрыс методологиялық принциптердің бірі.

XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген қөшпелілердің этникалық құрамы, олардың жинақтауыш ортақ этно-саяси термин - “өзбек” атауымен аталуы һәм бұл атаудың оларға қай уақыттан бастап таңылғандығы туралы мәселелерге А.А. Семеновтың[3, 3-37 бб.], Б.А.Ахмедовтың[4] және Т.И.Сұлтановтың зерттеулерінде жан-жақты қамтылған [5].

Шығыс Дешті Қыпшақ халықтарына ортақ этно-саяси термин “өзбек” атауының Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның (1312-1342 жж.) атына байланысты таңылды ма, әлде басқа бір себептерден пайда болды ма деген мәселе тарих ғылымында әлі де шешімін тапқан жоқ. Соңдықтан жоғарыдағы зерттүшілердің “өзбек” термині кімнің атына байланысты және ол неге сүйеніп қойылды деген пікірлерін қарастырмай, аталмыш терминнің тек қашан пайда болғандығы туралы тұжырымдарына тоқталуды жөн санадық.

А.А. Семенов “өзбек” терминінің қай уақытта пайда болғандығының нақты уақытын көрсетпесе де, шығыстанушы, профессор В.В. Григорьевтің: “Өзбек хан билік құрған Алтын Ордада ешқашан, ешқандай өзбектер болмаған, тек Өзбек ханның билігі жойылмаған Көк Ордада өзбектер пайда болды. Олардың (өзбектердің-Б.К.) пайда болуы, оның (Өзбек хан-Б.К.) өлімінен кейін жүз жылдан

кейін ғана болды, -деген пікірін келтіріп, - әлбетте, өзбек халқы деп (Мұхаммед Шайбани ханның Мауереннахды түпкілікті жаулап, өзбек халқының қалыптасқан кезі XVI ғасырдың басын айтып отыр-Б.К.) атанып, дүниеге келген хронологиялық шегін енді едәуір артқа шегеруге тұра келеді” [3, 5 б.], -деген пікір айтады. Автор бұл пікірін XIV-XV ғасырларда жазылған араб тарихшылары мен жағыраптарының (әл-Омари, Ибн Батута, Ибн Дукмак, Ибн Халдун, әл-Кашканди, әл-Макризи, Хамдулах Казвини және т.б.) мәліметтеріне, парсы жазба деректеріне (Рашид ад-дин, Шараф ад-дин Али Йазди, Абд ар-Раззак Самарқанди) талдау жасай отырып дәлелдеуге тырысады. Яғни, “өзбек” термині XV ғасырдың басында пайда болған деген тұжырым жасайды.

Көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихын зерттеген Б.А. Ахмедов “өзбек” термині “Өзбек ханға дейін сөл ертерек белгілі болды, - дей келе, ал Дешті Қыпшақты қоныстанған түрік-монғол тайпаларын жинақтауыш этно-саяси термин “өзбек” ретінде қолданылуы, - XIV ғасырдың 60-жылдары болуы кәдік” [4, 14-15 бб.], - деген пікір айтады. Зерттеуші “өзбек” термині мен Өзбек хан арасында ешбір байланыс жоқтығын айтады. Өйткені Өзбек хан Алтын Ордада билік жүргізсе, ал оның билігі жүрмеген, Жошы ұлысының сол қанаты Ақ Ордадағы бүкіл көшпелі түрік-монғол тайпалары “өзбек” аталды һәм бұл атау нақ осы Ақ Орда мемлекетінің аумағында пайда болды деп дәлелдейді.

Б.А. Ахмедов мәселеге байланысты айтқан пікірі көп ретте А.А. Семенов пікірімен ұндастырылады. Оны өзі де былай деп мойындаған туғын: “Біздіңше, бұл мәселеде А.А. Семенов дұрыс” [4, 12 б.].

Т.И. Сұлтановтың “Кочевые племена Приаралья” еңбегінің хронологиялық шеңбері XV ғасырдың басы мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегін қамтығандықтан, автор “өзбек” термині қашан пайда болды деген мәселені анықтауды алдына мақсат етіп қоймаған. Десек те, Әбліхайыр билікке келмеген, яғни XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан территориясындағы Ақ Орда, Ноғай Ордаларын ортақ “Өзбек Ұлысы” деген атаумен атағандығын зерттеуші былай деп келтіреді: “Ол кезде Өзбек ұлысы деген атпен белгілі болған, XV ғасырдың басындағы қазіргі Қазақстан территориясының едәуір бөлігінде Жошы хан ұлдарының үрпактарының бірнеше тәуелсіз иеліктері бар болды” [5, 3 б.]. Бұдан, XV ғасырдың басында-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында “өзбек” атауының берік орнағандығын анық көреміз.

Монғол шапқыншылығынан кейін құрылған Жошы ұлысы бірнеше иеліктерге бөлініп, оның шығысындағы немесе Жошы ұлысының сол қанатындағы Орда-Ежен және оның үрпактары билігінде болған аумак – Ақ Орданың мұрагері Әбліхайыр мемлекеті тұсында автохтонды түрік тайпалары монғол тайпаларын сініріп, халықтың қалыптасуы бүрінғы арнасына түсіп, казак, өзбек, қырғыз, ноғай халықтарының пайда болуына әкеліп соқты. Көшпелі өзбектер мемлекетінің этникалық компоненттерін айқындауға арналған жазба деректердің ішінде Масуд ибн Осман Кухистанидың “Тарих-и Абулхайр-хани” еңбегінің маңызы аса зор екендігіне көз жеткіздік.

Сонымен, Көшпелі өзбектер мемлекеттері кезінде Қазақстан аумағындағы тайпалардың этникалық құрылымының тұрақтануы, көптеген жергілікті және қоныс аударып келген түрік, монғол тайпалары арасындағы айырмашылықтар жойылып, олардың барлығына ортақ этникалық белгілер қалыптасты. Атап көрсетілген этносаяси құрылым – Көшпелі өзбектер мемлекеті Орта және Кіші жуз қазақтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 650 б.
2. Бартольд В.В. Абулхайр // Сочинение. – М.: Наука, 1964. – Т. 2, ч. 2. – 490 б.
3. Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Материалы по истории таджиков и узбеков Ср. Азии. Труды АН Тадж. ССР. – Сталинабад, 1954. – Т. 12. – 36 б.
4. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М.: Наука, 1965. – 195 б.
5. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья (Вопросы этнической и социальной истории). – М.: Наука, 1982. – 132 б.
6. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты кейбір ақаулар және оларды дұрыс түсіндіру мәселелері // ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының Хабаршысы. – 1998. – №1. – 71 б.

ӘОЖ 94 (574)

МАУЕРЕННАХРДА ШАЙБАНИЛЕР МЕМЛЕКЕТИНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Смағұлова М.Қ.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 2-курс

магистранты, Талдықорған қ.

maral.smagulova@mail.ru

Мақалада XY ғ. аяғы мен XYI ғ. басында Шығыс Дешті Қыпшақ, кейіннен Сыр өтірі үшін қазақ хандарының негізгі қарсыласы болған Әбліхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани ханның З.М. Бабырдан билікті және оның иелігіндегі Мауереннахр аймасын атып, өз мемлекетін құру тарихы қарастырылады.

В статье рассматривается процесс образования Шайбанидами своего государства в Маверренахре в конце XV-в начале XVI вв. Показана роль Мухаммеда Шайбания, внука Абулхаир хана, стоявшего у истоков данного процесса. Раскрывается его борьба с казахскими ханами за власть в Дешти-Кипчаке и за присырдарынский регион, позже Бабуром за Маверренахр.

The article considers the process of formation of the Shaybanids of their state in Maverennahr in the late XV-early XVI centuries. Shows the role of Muhammad Shaibani, the grandson of Abulkhair Khan, who has spearheaded this process. Reveals his struggles with the Kazakh khans for power in Dashti-Kipchak and near Syrdarya region, later Babur for Maveranahr.

